

**Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 8 желтоқсанда № 9938 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 133 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 23.12.2025 № 133 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 151-бабының 14 және 16-тармақтарына, 152-бабының 6-тармағына, 153-бабының 5 және 21-тармақтарына, 154-бабының 13-тармағына, 157-бабының 10 және 11-тармақтарына, 159-бабының 3 және 4-тармақтарына, 187-бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті (Н. А. Аязбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оны мерзімдік басылымдар мен "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қағидалардың 53-тармақтың бірінші бөлігінің төртінші абзацы, 114-тармақтың оңыншы бөлігі, 115-тармақтың тоғызыншы бөлігі, 138-тармақтың тоғызыншы бөлігі 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663 бұйрығымен.**

Министр

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2014 жылғы 5 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2014 жылғы 5 желтоқсанда  
№ 129 бұйрығымен бекітілген

**Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидалары**

**Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамалар жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 151-бабының 14 және 16-тармақтарына, 152-бабының 6-тармағына, 153-бабының 5 және 21-тармақтарына, 154-бабының 13-тармағына, 157-бабының 10 және 11-тармақтарына, 159-бабының 3 және 4-тармақтарына, 187-бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдардың бюджеттік инвестицияларын жоспарлау және іске асыру тәртібін, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба шеңберінде бюджеттік инвестицияларын жоспарлау және іске асыру тәртібін қоспағанда, мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамалар жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Арнаулы мемлекеттік қор – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық жобаларын, сондай-ақ уәкілетті органның активтерді қайтару жөніндегі шығыстарын қаржыландыру мақсатында түсімдерді есепке жатқызу және ақшаны жұмсау үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

2) бағалау (экономикалық сараптама жүргізу барысында) – бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінде не бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесінде ұсынылған ақпаратты сипаттайтын тұжырымдар;

3) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі (бұдан әрі – ББӘ) – бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты мемлекеттік орган;

4) бюджеттік инвестициялар – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін жедел шаралар қабылдауға бағытталған активтерді қоспағанда, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен мемлекет

активтерін құруға және (немесе) дамытуға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға бағытталған республикалық немесе жергілікті бюджеттен қаржыландыру;

5) бюджеттік инвестициялар бойынша қаржыландыру көздері – бюджеттік инвестицияларды іске асыруға бағытталған республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде қарыз қаражаты, сондай-ақ Арнаулы мемлекеттік қордың қаражаты;

6) бюджеттік инвестицияларды іске асырудан болатын экономикалық тиімділік – бюджеттік инвестицияларды іске асырудан күтілетін, экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептемесінде көрсетілген тікелей және жанама экономикалық тиімділік көрсеткіштері;

7) бюджеттік инвестициялардың нәтижелілігі – заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестициялардың экономикалық және қаржылық тиімділігінің, сондай-ақ нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу мүмкіндігінің есептемелерімен расталған дәлелдемелердің, тиімділік пен сапа көрсеткіштерінің болуы.

Қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын және негізгі кіріс көзі республикалық және (немесе) жергілікті бюджет болып табылатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдар, мемлекеттік кәсіпорындар нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асырылуы жоспарланатын бюджеттік инвестициялар бойынша экономикалық және қаржылық тиімділік дәлелдемелерінің болуы талап етілмейді ;

8) бюджеттік инвестициялардың орындылығы – заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асырудың және бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың экономикалық орындылығының, олардың ел экономикасына ықпалының негіздемесі және жобаның Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының ережелеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларына және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына сәйкес келуі;

9) бюджеттік инвестициялық жоба (бұдан әрі – БИЖ) – Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді іске асыруға арналған ақпараттандыру объектілерін, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін қоспағанда, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тікелей бюджет қаражаты есебінен іске асыратын және аяқталған сипатқа ие, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекция белгілі бір уақыт кезеңі ішінде тікелей бюджет қаражаты есебінен іске асыратын және

аяқталған сипатқа ие жаңа объектілерді құруға (салуға) не қолда бар объектілерді реконструкциялауға, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

10) бюджеттік инвестициялық жоба бойынша экономикалық қорытынды – бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне экономикалық сараптаманың қорытындысы негізінде дайындалған мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның бюджеттік инвестициялық жобаны іске асырудың экономикалық орындылығы, оның ел экономикасына әсері және Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі тұрғысынан қорытындысы;

11) бюджеттік инвестициялық жобаларды мониторингтеу – бюджет қаражаты бөлінген кезден бастап пайдалануға берілген кезге дейін жаңа объектілер құру (салу), бұрыннан бар объектілерді реконструкциялау, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту барысы туралы тұрақты және жүйелі түрде ақпарат жинау мен талдау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

12) бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалау – объектіні пайдалануға берген кезден бастап жобаның мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін және нақты алынған нәтижелердің жоспарланған нәтижелерге сәйкестігін айқындау жөніндегі шаралар жиынтығы;

13) бюджеттік инвестициялық жобаны әзірлеуге немесе түзетуге арналған техникалық тапсырма – бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптарды, оның әлеуетті әзірлеушісіне қойылатын біліктілік талаптарын айқындайтын, сондай-ақ бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету жөніндегі жұмыстардың мерзімдері мен көлемін регламенттейтін құжат;

14) бюджеттік инвестициялық жобаның жүзеге асырыла алатындығы – жоба нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізу;

15) бюджеттік инвестициялық жобаның ресурстық және инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі – жобаның ресурстық және инфрақұрылымдық қамтамасыз етілу қажеттілігінің жоспарланған және қол жеткізілген деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер;

16) бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің экономикалық сараптамасы – салалық сараптама қорытындысының және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа да сараптамалардың қорытындылары негізінде жүргізілетін жобаның жүзеге асырыла алатындығы мен тиімділігін айқындау тұрғысынан техникалық-экономикалық негіздемеде берілген ақпаратты кешенді бағалау;

17) бюджеттік инвестициялық жобаның тиімділігі – бюджет қаражатының сұралатын көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының ең аз көлемін пайдалана отырып, жобаның мақсаттарына қол жеткізу немесе жобаны іске асырудан оң экономикалық нәтиже алу;

18) бюджеттік кредиттеу – бюджеттік кредитті беру, пайдалану, оған қызмет көрсету және оны өтеу туралы шешім қабылдау рәсімдерін қамтитын процесс;

19) бюджеттік кредит есебінен іске асырылатын іс-шаралардың өзін-өзі ақтауы – бюджеттік кредиттің қайтарымдылығы мен жобаның қаржылық тиімділігінің есептемелерімен расталған дәлелдемелердің болуы;

20) кешенді ведомстводан тыс сараптама – Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама бойынша "бір терезе" қағидатымен жүргізілетін объектілер құрылысы жобаларының сараптамасы (салалық және ведомстволық сараптамаларды қамтитын);

21) іс-шараларды бюджеттік кредиттеу арқылы іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі – бюджеттік кредиттеу арқылы іске асырылуы жоспарланатын жобадан әлеуметтік және экономикалық пайданың болуының есептемелермен расталған дәлелдемелерінің болуы;

22) Гант диаграммасы – уақыт шегінде жобаның жоспары мен жұмыс графигінің дәйектілігі мен ұзақтығын графикалық көрсетуді бейнелеу үшін пайдаланылатын диаграмма;

23) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды мониторингтеу – көрсетілген іс-шаралар түпкілікті іске асырылған кезге дейін заңды тұлғалардың бастапқы жарғылық капиталын қалыптастыру, акциялар пакетін (қатысу үлестерін) сатып алу арқылы республикалық немесе жергілікті бюджеттен тартылған заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына тұрақты және жүйелі түрде ақпарат жинау, есепке алу мен талдау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

24) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды бағалау – іс-шаралар түпкілікті іске асырылған кезден бастап мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі мен іс жүзінде алынған нәтижелердің жоспарланған нәтижелерге сәйкестігін айқындау жөніндегі шаралар жиынтығы;

25) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесінің экономикалық сараптамасы – салалық сараптама қорытындысының және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа да сараптамалардың қорытындылары негізінде жүргізілетін, іс-шаралардың негізділік пен нәтижелілік өлшемшарттарына сәйкес келуі тұрғысынан қаржылық-экономикалық негіздемеде берілген ақпаратты кешенді бағалау;

26) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар бойынша экономикалық қорытынды – заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесіне экономикалық сараптаманың қорытындысы негізінде дайындалған мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның бюджеттік инвестицияларды жүзеге асырудың экономикалық орындылығы, олардың ел экономикасына әсері және Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі тұрғысынан қорытындысы;

27) заңды тұлғалардың қызметін жоспарлау құжаттары – ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компаниялардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың 10 жылға арналған даму стратегиялары мен 5 жылға арналған даму жоспарларын әзірлеу және бекіту жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компаниялардың 10 жылға арналған даму стратегиялары мен 5 жылға арналған даму жоспарлары, сондай-ақ мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарлары;

28) заңды тұлғаның даму мақсаттары – шаруашылық қызметтің ағымдағы шығындарын жабуды және ағымдағы шығыстарды қаржыландыруды көздемейтін, саланы дамытуға, саладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталған іс-шараларды іске асыру;

29) заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестициялар (бұдан әрі – Инвестициялар) – заңды тұлғаның жарғылық капиталын республикалық немесе жергілікті бюджеттен қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы оны дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыру;

30) заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестицияларды алушы (бұдан әрі – Алушы) –

жарғылық капиталды ұлғайту немесе қалыптастыру үшін қаражаттың түпкілікті алушысы болып табылатын, іс-шараларды бюджеттік инвестициялар есебінен іске асыратын заңды тұлға;

31) заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестициялардың негізділігі – іс-шараларды іске асыруға арналған қаржыландыру көлемінің, сондай-ақ іс-шараларды меншікті және қарыз қаражаты есебінен қаржыландырудың мүмкін болмауының құжаттармен және есептемелермен расталған дәлелдемелерінің болуы;

32) инвестициялық ұсыныс – Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын іске асыру шеңберінде мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың орындылығын негіздейтін, тиісті іс-шаралар жиынтығын қоса алғанда, инвестициялау мақсатын, оған қол жеткізу жолдары мен ықтимал қаржыландыру тәсілдерін көрсететін, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері әзірлейтін тұжырымдамалық ұсыныс;

33) мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің институционалдық жобасы – мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік компаниясына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асырылуы жоспарланып отырған жоба;

34) инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы – мемлекеттік инвестициялық жоба бойынша негізгі ақпаратты қамтитын, оны іске асырудың орындылығын ашып көрсететін құжат;

35) инвестициялық ұсыныстың экономикалық қорытындысы – салалық сараптама қорытындысының және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа да сараптамалар қорытындыларының негізінде жүргізілетін, пайдалар мен шығындардың талдауын пайдалана отырып, инвестициялық ұсыныста берілген ақпаратты кешенді бағалау;

36) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;

37) концессиялық жоба – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипатқа ие концессияны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жиынтығы;

38) кредитор – Қазақстан Республикасының бюджет және азаматтық заңнамасына сәйкес бюджеттік кредит беретін кредит шартының тарапы;

39) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлға – "Концессия мәселелері жөнінде мамандандырылған ұйым құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 693 қаулысына сәйкес "Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы" АҚ немесе жергілікті атқарушы органның шешімімен айқындалатын заңды тұлға;

40) қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуын бюджеттік кредиттеудің қаржылық-экономикалық негіздемесіне Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаның экономикалық сараптамасы – іс-шаралардың "іс-шараларды бюджеттік кредиттеу арқылы іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі" және "бюджеттік кредит есебінен іске асырылатын іс-шаралардың өзін-өзі ақтауы" өлшемшарттарына сәйкестігі тұрғысынан қаржылық-экономикалық негіздемеде ұсынылған ақпаратты кешенді бағалау;

41) қаржылық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі – ҚЭН) – заңды тұлғалардың жарғылық капиталына бюджет қаражатын салудың орындылығы, негізділігі жөніндегі мәліметтерді және оның нәтижесін бағалауды қамтитын құжат;

42) қаржы агенттігі – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілеттік берілген және осы мақсаттарда Қазақстан Республикасының қаржы нарығында және (немесе) халықаралық қаржы нарығында қарыз алуды жүзеге асыратын ұлттық басқарушы холдинг және акцияларының жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ банк немесе мемлекет жүз пайыз қатысатын, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

43) қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуын бюджеттік кредиттеудің қаржылық-экономикалық негіздемесі (бұдан әрі – бюджеттік кредиттің ҚЭН-і) – маркетингтік, әлеуметтік-экономикалық талдаудың, сондай-ақ іс-шараларды бюджеттік кредиттеу арқылы іске асырудың өзін-өзі ақтауы мен экономикалық және әлеуметтік тиімділігін негіздейтін қаржылық есептемелердің нәтижелерін қамтитын құжаттама;

44) қаржылық схемаға қатысушылар – квазимемлекеттік сектордың субъектілері болып табылмайтын түпкілікті қарыз алушыларды қоспағанда, бюджеттік кредитті алуға және бөлуге қатысатын ұйымдар;

45) қаржылық-экономикалық негіздемені түзету – іс-шараларды, техникалық-технологиялық шешімдерді толықтыруға және (немесе) өзгертуге, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстарды ұлғайтуға алып келетін, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың белгіленген қаржылық-экономикалық параметрлерінің өзгеруі;

46) қарыз алушы – негізгі борышты өтеу және сыйақы, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттеме жүктелген, бюджеттік кредитті алатын кредиттік шарттың тарапы;

47) қатысушылар (бұдан әрі – Қатысушылар) – заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту арқылы бюджеттік инвестицияларды алуға және бөлуге қатысатын ұйымдар;

48) құрамдауыш – іс-шараның аяқталған сипатқа ие құрамдас бөлігі;

49) маркетингтік орта – нысаналы клиенттермен табысты ынтымақтастық қатынас орнату және қолдау мүмкіндіктеріне ықпал ететін белсенді субъектілер мен іс-шараларды бюджеттік инвестициялар есебінен іске асыратын, жарғылық капиталды ұлғайту немесе қалыптастыру үшін қаражаттың түпкілікті алушысы болып табылатын заңды тұлғаның қызметі жүзеге асырылатын жағдайлар жиынтығы;

50) мемлекеттік инвестициялық жоба (бұдан әрі – МИЖ) – бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру және МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды іске асыру жолымен мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар кешені;

51) мультипликативтік әсер – тиісті салаға бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру кезінде экономиканың дамуына ықпал ету;

52) нәтижелер көрсеткіштері – мемлекеттік органның даму жоспарын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын және (немесе) бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша мемлекеттік органның қызметін сипаттайтын нысаналы индикаторлардың, тікелей және түпкілікті нәтижелердің жиынтығы;

53) өнім – материалдық-заттай (материалдық өнім) немесе материалдық емес (зияткерлік өнім) нысанда не жұмыстар және (немесе) көрсетілетін қызметтер, оның ішінде қаржылық көрсетілетін қызметтер түрінде берілген шаруашылық қызметтің нәтижесі;

54) пилоттық жоба – Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген Астана қаласында, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарында

денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй құрылысы салаларындағы объектілерді салу бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы шеңберінде іске асыру жоспарланып отырған инвестициялық жоба;

55) салалық сараптаманың қорытындысы – мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын немесе бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін немесе бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесін саланы дамыту басымдықтарына сәйкестігі тұрғысынан бағалау;

56) құрылыстың сметалық құны (бұдан әрі – сметалық құн) – сомасы жобалық материалдардың және сметалық-нормативтік базаның негізінде айқындалатын объект құрылысын жүзеге асыруға қажетті ақша;

57) техникалық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі – ТЭН) – негізгі техникалық, технологиялық және өзге шешімдер туралы мәліметтерді, сондай-ақ негізгі техникалық-экономикалық параметрлерді айқындай отырып, пайдалар мен шығындарды экономикалық талдаудың негізінде жүргізілетін, бюджеттік инвестициялық жобаның жүзеге асырыла алатындығын және тиімділігін зерделеу нәтижелерін қамтитын құжат;

58) техникалық-экономикалық негіздемені түзету – техникалық шешімдердің өзгеруіне және қосымша шығыстарға алып келетін бюджеттік инвестициялық жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлерінің өзгеруі;

59) техникалық-экономикалық параметрлер – ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ-дің техникалық-экономикалық негіздемесінде не инвестициялық ұсынысында көзделген негізгі көрсеткіштер;

60) түпкілікті қарыз алушы – кредитор немесе қаржы агенттігі айқындаған шарттарда оған мамандандырылған ұйым немесе жергілікті атқарушы орган атынан қарыз алушы беретін бюджеттік кредиттің түпкілікті алушысы;

61) түпкілікті нәтиже – мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген, мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші;

62) тікелей нәтиже – қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымның қызметіне толықтай тәуелді болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктер мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы;

63) іс-шара – бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру шеңберінде орындалатын міндеттерді орындауға бағытталған өзара байланысты құрамдауыш (тар) кешені.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тарау. Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамаларды жүргізу тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-параграф. Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету тәртібі**

3. МИЖ инвестициялық ұсыныстарын әзірлеу, түзету және қарау процесі мынадай негізгі кезеңдерді:

1) ББӨ-нің мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орталық немесе жергілікті органға инвестициялық ұсыныстарды ұсынуын;

2) инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытындыны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орталық немесе жергілікті органның қарауын және әзірлеуін қамтитын іс-шаралар кешенін білдіреді.

4. МИЖ инвестициялық ұсыныстарын әзірлеуді ББӨ жүзеге асырады.

Біртекті (біртипті) МИЖ бойынша ББӨ-ге бір инвестициялық ұсынысты әзірлеуге рұқсат етіледі.

Егер "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін БИЖ-дің инвестициялық ұсынысына, БИЖ-дің ТЭН-іне, Инвестициялардың ҚЭН-іне, концессиялық жобалардың концессиялық ұсынысына экономикалық сараптама қорытындысы, сараптама қорытындысы немесе экономикалық қорытынды берілген болса, сондай-ақ МИЖ тиісті бюджетте көзделсе (қаржыландыру түрі мен әдісі айқындалған болса), онда ББӨ-ге МИЖ-дің инвестициялық ұсынысын әзірлеу талап етілмейді, бұдан басқа мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган БИЖ-дің инвестициялық ұсынысына, БИЖ-дің ТЭН-іне, Инвестициялардың ҚЭН-іне, концессиялық жобалардың концессиялық ұсынысына бұрын берілген экономикалық қорытындыға қосымша экономикалық қорытынды бере алады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Пилоттық жоба бойынша инвестициялық ұсыныс әзірлеу талап етілмейді

Ескерту. Қағидалар 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. МИЖ мынадай түрлерге бөлінеді:

1) мыналарға:

техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей, техникалық жағынан жеңіл және (немесе) үлгілік болуы мүмкін объектілерді құруға (салуға) және реконструкциялауға, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту арқылы саланың (салалардың) институционалдық дамуына бағытталуы мүмкін бюджеттік инвестициялар;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі - МЖӘ) жобалары, оның ішінде концессиялық жобалар.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.07.2019 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. МИЖ-дің инвестициялық ұсыныстары мынадай құжаттарды қамтиды:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы;

2) инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысы;

3) МИЖ қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдері бойынша есептеулер (бюджеттік инвестициялық жоба, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы, оның ішінде концессиялық жоба, бюджеттік кредит, жеке инвестициялар);

4) құрылыс нормативтеріне не "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 23) тармақшасына сәйкес бекітілетін есептеу әдістемесіне және мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін құруға , дамытуға және сүйемелдеуге арналған шығындар нормативтеріне сәйкес (бұдан әрі – Әдістеме) МИЖ құнының есептемелері мен негіздемелері;

5) егер инвестициялық жоба ТЭН әзірлеуді талап етпеген жағдайда, инвестициялық ұсынысқа жобалауға арналған техникалық тапсырма не " электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырма қосымша ұсынылады;

6) БИЖ ТЭН-і, Инвестициялар ҚЭН-і, бюджеттік кредиттеудің ТЭН-і не ҚЭН-і түзетілген жағдайда:

БИЖ ТЭН не Инвестициялардың ҚЭН бойынша техникалық шешімдердің және (немесе) қосымша шығыстардың болжамды өзгерістері көрсетілген салыстырма кесте, сондай-ақ бекітілген БИЖ ТЭН не Инвестициялардың ҚЭН ( жаңа объектілерді құруға (салуға) не бұрыннан бар объектілерді реконструкциялауға бағытталған Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде бекітілген Инвестициялар ҚЭН-інің құрамында бекітілген ТЭН (осы Қағидаларға сәйкес әзірленген) немесе бекітілген жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі - ЖСҚ);

құрамдауыштар және оларды әзірлеу мерзімдері бөлінісінде БИЖ ТЭН-ін не Инвестициялар ҚЭН-ін, бюджеттік кредиттеудің ТЭН-ін не ҚЭН-ін түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу құнының есеп-негіздемесі;

егер МИЖ шет мемлекеттердің аумағында іске асырылатын болса, аумағында осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген МИЖ-дің бастапқы және түзетуге ұсынылатын құнын растайтын тиісті құжаттар көрсетілген заңнаманың мәтіні қоса беріле отырып және қазақ және (немесе) орыс тілдеріне аудармасы қамтамасыз етіліп ұсынылады;

бюджеттік инвестициялардың бұрын бекітілген ТЭН-нің және (немесе) ЖСҚ-ның жобалық шешімдеріне енгізілетін болжамды өзгерістердің орындылығы туралы ведомстводан тыс кешенді сараптаманың хаты;

бекітілген БИЖ-дің ТЭН-інде не Инвестициялардың ҚЭН-інде көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізу не қол жеткізбеу туралы ақпаратты қамтитын, оның ішінде бөлінген бюджет қаражатын толық игерген кезде қол жеткізбеу себептері көрсетілген түсіндірме жазба;

7) квазимемлекеттік сектор субъектілері заңды тұлғалардың активтерін, атап айтқанда жарғылық капиталының үлестерін сатып алған жағдайда:

егер активтердің құны ағымдағы бағамен 1300000 (бір миллион үш жүз мың) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса, тәуелсіз бағалау компаниялары;

егер активтердің құны ағымдағы бағамен 1300000 (бір миллион үш жүз мың) айлық есептік көрсеткіштен асатын болса, халықаралық кәсіптік бағалаушылар ұйымдары дайындаған осы активтердің құнын бағалаудың қорытындысын ұсыну қажет;

8) егер ББӨ МИЖ-ді заңды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайту арқылы іске асыруды ұсынған жағдайда, сондай-ақ осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық жеткізгіште ұсынылатын бес жылдық кезеңге арналған іске асырылған, іске асырылып жатқан және іске асырылуы жоспарланған инвестициялық жобалар бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің инвестициялық картасы қосымша ұсынылады;

9) акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) 50%-нан астамы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастырған жағдайда, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына сәйкес монополияға қарсы органның шешімі қосымша ұсынылады;

10) заңды тұлға жоспарланатын кезең алдындағы кезеңдерде шығынды болған жағдайда заңды тұлғаның атқарушы органы бекіткен заңды тұлғаны қаржылық-экономикалық сауықтыру жоспары ұсынылады;

11) аяқталмаған құрылыс объектісін аяқтауға бағытталған бюджеттік инвестицияларды іске асырған жағдайда техникалық зерттеп-қараумен және техникалық қадағалау қорытындысымен расталған аяқталмаған құрылыстың жай-күйі туралы мәліметтер қосымша ұсынылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.07.2019 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағында Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында, Қазақстан Республикасы Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларында белгіленген экономика саласының (аясының) даму басымдықтары бойынша ақпаратты, инвестициялық жобалар (жоба) және олардың (оның) негізгі көрсеткіштерін қоса алғанда, іс-шаралар бойынша жалпы ақпаратты қамтиды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы мыналарды қамтиды:

- 1) ББӨ туралы және іске асыруға болжанған МИЖ бойынша деректер;
- 2) ретроспектива (МИЖ бойынша бұрын бөлінген және игерілген қаражат туралы, оның ішінде ағымдағы бағдарламалар бойынша ақпарат);
- 3) саланың маркетингтік талдауы;
- 4) іске асыруға болжанған МИЖ-дің жалпы сипаты;
- 5) МИЖ институционалдық басқару схемасы;
- 6) әлеуметтік-экологиялық әсер.
- 7) МИЖ-ді іске асырудың мүмкін түрлері мен тәсілдерінің балама нұсқалары.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а .15.08.2016 № 371 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысы:

1) саланың одан әрі дамуына ықпал ететін оның ағымдағы жай-күйінің проблемаларын, сондай-ақ қолданыстағы көрсетілетін және ұсынылатын қызметтерді салыстырмалы талдауды;

2) МИЖ-ді іске асырудан экономиканың сабақтас салаларына (аяларына) болжамды мультипликативтік әсерін, оның ішінде бюджеттің кіріс бөлігін толықтыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға ықпалын;

3) проблеманы шешу нұсқасын таңдау кезінде қаралған, шетелдік тәжірибені ескере отырып, оны шешудің оңтайлы жолы ретінде МИЖ-ді таңдаудың негіздемесі бар балама нұсқаларды;

4) МИЖ басқарудың болжанатын институционалдық схемасының негізділігін (негізгі қатысушылар, олардың өзара іс-қимылының схемасы, баланс ұстаушылардың пайдалары мен шығындарын бөлу, инвестициялық және инвестициялаудан кейінгі кезеңдерде БИЖ-ді басқару схемасы);

5) жоба бойынша болжанатын тәуекелдерді (қаржылық, операциялық, техникалық, кредиттік, нормативтік-құқықтық, технологиялық, маркетингтік, нарықтық, коммерциялық, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер) және оларды азайту жөніндегі іс-шараларды;

6) МИЖ-дің Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларына және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына сәйкестігін;

7) МИЖ көлемінің негізділігін бағалауды қамтиды.

ББӘ ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік салаларында қорытындылар алу үшін уәкілетті органға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға енгізеді.

Инвестициялық ұсыныстарды ақпараттандыру саласындағы сараптама "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 1-тармағына сәйкес бекітілетін инвестициялық ұсыныстарды, бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемелерін ақпараттандыру саласында сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жоба шығыстары есеп-қисабының негізділігі, жүзеге асырылуын және тиімділігін айқындау тұрғысынан бағалауды ақпараттандыру саласындағы

уәкілетті орган "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырады және ол ақпараттандыру саласындағы қорытындыда көрсетіледі.

8) мемлекеттік инвестициялардың қажеттілігіне байланысты МИЖ-ді іске асыру тетігін басымдықпен таңдау негізділігін бағалауды қамтиды.

МИЖ инвестициялық ұсынысына салалық қорытындыны ББӘ осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды квазимемлекеттік сектор субъектілері енгізген сәттен бастап 30 жұмыс күні ішінде ұсынады.

Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді талап етпейтін, ақпараттық жүйелерді дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша ақпараттандыру саласындағы орталық уәкілетті органның салалық қорытындысы ақпараттық жүйелерді дамытуға арналған шығындардың нормативтеріне сәйкес келетін есептемелер мен негіздемелерді қамтиды.

Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді талап етпейтін ақпараттық жүйелерді дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жобалардың құны ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның салалық қорытындысының құрамында ұсынылған есептемелер мен негіздемелер негізінде расталады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.07.2019 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.05.2020 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

10. Егер МИЖ-ді республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру ұсынылса, инвестициялық ұсыныстың салалық сараптама қорытындысын тиісті саланың орталық уәкілетті органы ұсынады, МИЖ-ді қандай да бір белгілі салаға жатқызу мүмкін болмаса, салалық қорытындыны ББӘ өзі ұсынады.

Егер республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру болжанатын МИЖ бірнеше салалық орталық мемлекеттік органның жауапкершілік аясын қозғаса, көрсетілген салалық орталық мемлекеттік органдар МИЖ-дің тиісті салалық сараптамаларының қорытындыларын қосымша ұсынады.

Бұл ретте салалық сараптамалардың қосымша қорытындыларын тиісті салалық орталық мемлекеттік органдар бірінші басшының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір МИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолын қойғызып, МИЖ-дің іске асырылуының жетекшілік ететін салаға ықпалын бағалау және саланың басымдықтарына сәйкестігі бөлігінде ғана ұсынады.

Егер МИЖ-ді Арнаулы мемлекеттік қор қаражаты есебінен іске асыру ұсынылса, инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 165 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33441 болып тіркелген) бекітілген Әлеуметтік және экономикалық жобаларды іріктеу және өлшемшарттарын айқындау қағидаларында белгіленген әлеуметтік және экономикалық жобалардың өлшемшарттарына сәйкестігін бағалауды қамтиды.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Егер МИЖ-ді жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асыру ұсынылған жағдайда, инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын салалық жергілікті атқарушы орган ұсынады, ББӘ қандай да бір салаға жатпаса, ББӘ салалық қорытындыны өздері ұсынады.

Егер жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асыру болжанатын МИЖ басқа бірнеше салалық жергілікті органдардың жауапкершілік аясын қозғаса, көрсетілген салалық мемлекеттік жергілікті органдар қосымша МИЖ салалық сараптамаларын ұсынады.

12. Қаржылық-экономикалық модельдің базалық параметрлері мен жобаны іске асырудан экономикалық әсер көрсеткіштерінің есептемесін қамтитын МИЖ қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдерінің есептемелері, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша ұсынылады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.05.2020 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Ақпараттандыру саласындағы МИЖ құнының есептемелері мен негіздемелері Әдістемеге сәйкес келеді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.07.2019 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. МИЖ инвестициялық ұсынысы, оның ішінде осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттар Ресми құжаттар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. ББЭ осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды қамтитын МИЖ-дің инвестициялық ұсыныстарын қалыптастырады және оны мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі – МЖАЖ) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға экономикалық қорытынды дайындау үшін МИЖ-дің инвестициялық ұсынысын жіберген кезде ұсынылатын құжаттардың толықтығын тексеру автоматты түрде МЖАЖ арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Бюджеттік инвестицияларды түзетуге арналған инвестициялық ұсыныс:

- 1) БИЖ ТЭН-і түзетілген;
- 2) Инвестициялар ҚЭН-і түзетілген;
- 3) бюджеттік кредиттеу ТЭН-ні не ҚЭН-ні түзетілген;

4) егер БИЖ ТЭН, Инвестициялар ҚЭН-ін, бюджеттік кредиттің ТЭН-ін не ҚЭН-ін қарау қорытындылары бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның қорытындысында МИЖ іске асырудың басқа түрлері мен тәсілдері ұсынылған жағдайларда ғана әзірленеді.

Ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ бойынша инвестициялық ұсынысты түзету техникалық шешімдердің өзгеруіне және қосымша шығыстарға әкеп соғатын белгіленген техникалық-экономикалық параметрлер өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

Бюджеттік инвестицияларды түзетуге арналған инвестициялық ұсыныс бұрын енгізілген оң экономикалық қорытындысы бар біртекті (біртипті) МИЖ бойынша инвестициялық ұсыныстан техникалық-экономикалық параметрлерін өзгерту болжанатын жоба бойынша ұсынылады.

Техникалық-экономикалық параметрлерін өзгерту болжанбайтын жобалар бойынша осы Қағидаларда көзделген сараптамаларды жүргізу үшін түзетілген инвестициялық ұсыныс енгізу талап етілмейді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.07.2019 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-параграф. Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысының қажетті сараптамаларын жүргізу тәртібі**

18. МИЖ инвестициялық ұсынысының қажетті сараптамаларын жүргізу осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды қарауды және ББӘ-нің инвестициялық ұсыныстарына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытынды дайындауын білдіреді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган ББӘ-нің инвестициялық ұсыныстарын экономикалық орындылығы, жоба мақсаттарының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларында белгіленген экономика саласын (аясын) дамыту басымдықтарына сәйкестігі тұрғысынан 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды және олар бойынша экономикалық қорытындыны ББӘ-ге жібереді.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Инвестициялық ұсынысқа сараптама пайдалар мен шығындар талдауын қолдана отырып жүргізіледі және осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес МИЖ-ді іріктеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Пайдалар мен шығындар талдауы мынадай көрсеткіштерді бағалаумен сипатталады:

1) бюджеттік тиімділік – алынған бюджет нәтижесінің шығындарға қатынасы ретінде айқындалатын инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде бюджет үшін тиімділіктің салыстырмалы көрсеткіші;

2) МИЖ-дің өзін-өзі ақтауы – МИЖ-дің инвестициялық ұсыныстарында көзделген ақша ағындарын генерациялау мүмкіндігі;

3) МИЖ басымдылығы – әлеуметтік, стратегиялық, саяси, экологиялық және басқа да факторлармен негізделген МИЖ іске асырудың мүмкіндігі.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысының нәтижесі МИЖ-ді бюджеттен қаржыландырудың ықтимал түрі мен тәсілдерін айқындау болып табылады.

**21. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. МИЖ бойынша инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытындыны осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган дайындайды және оны МЖАЖ арқылы ББӨ-ге жібереді.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22-1. ББӨ МИЖ бойынша инвестициялық ұсынысқа оң экономикалық қорытынды алғаннан кейін 90 (тоқсан) жұмыс күнінен кешіктірмей, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға әзірленген ҚЭН енгізеді.

Егер экономикалық сараптаманы қоспағанда, БИЖ ТЭН-ін қаржыландыру және оларға сараптамалар жүргізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жағдайда, ББӨ БИЖ-дің ТЭН әзірленгеннен кейін, сондай-ақ әзірленген БИЖ ТЭН-іне ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, әзірленген БИЖ ТЭН-ін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға енгізеді.

Қаржыландырудың түрі мен тәсілдері айқындалғаннан кейін үш жыл ішінде ТЭН, ЖСҚ, ҚЭН, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамаларын әзірлеу, сондай-ақ ақпараттандыру объектісін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ-ді іске асыру басталмаған (әзірленбеген) МИЖ, оның ішінде түзетілген МИЖ бойынша инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды ескірген болып есептеледі.

**Ескерту. 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.03.2015 № 200; жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

### **3-тарау. Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау және іріктеу тәртібі**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1-параграф. Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау тәртібі

23. БИЖ-ді жоспарлау мынадай үш кезеңде жүзеге асырылады:

1) Пилоттық жобаны қоспағанда, инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу және оларға сараптамалар жүргізу;

2) ТЭН-ді әзірлеуді талап етпейтін жобаларды қоспағанда, БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу;

3) бюджетті әзірлеу сатысында бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеу.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Инвестицияларды жоспарлау мынадай үш кезеңмен жүзеге асырылады:

1) инвестициялық ұсыныстарды немесе МЖӘ жобасының бизнес жоспарын әзірлеу және оларға сараптамалар жүргізу;

2) ҚЭН әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу;

3) бюджетті әзірлеу сатысында Инвестицияларды іріктеу.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2-параграф. Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ оған қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға қаражат бөлу тәртібі

**Ескерту. 2-параграф жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.**

25. ББӨ МИЖ инвестициялық ұсыныстарына оң экономикалық қорытынды негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге,

сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуге оң экономикалық қорытынды алынған ағымдағы жылы не келесі жоспарланатын қаржы жылы бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша қаражат бөлу қажеттігі туралы өтінімді (бұдан әрі – БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді қаржыландыруға арналған өтінім) және техникалық тапсырманы ұсынады.

26. БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге арналған техникалық тапсырма егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі айтылмаса, осы Қағидаларда айқындалатын БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуге қойылатын талаптар негізінде жасалады.

Техникалық тапсырма жобасында:

1) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес БИЖ ТЭН-ін әлеуетті әзірлеушіге қойылатын біліктілік талаптары;

2) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес әзірлеушінің міндеттерін қолдану және шектеу саласы;

3) БИЖ ТЭН-ін әзірлеудің немесе түзетудің, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізудің болжамды мерзімдері де көрсетіледі.

26-1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, экономикалық сараптаманы қоспағанда, БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету шеңберінде тиісті қажетті сараптамалар жүргізуге қаржы бөлінеді.

Қаржыландыру және БИЖ ТЭН-іне сараптамалар жүргізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық қаржы жылы ішінде немесе жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасы қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

Бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражаты қаржы жылы ішінде ТЭН әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығымен немесе жергілікті атқарушы органның актісімен бекітілген БИЖ тізбесінің негізінде әртүрлі ББӨ арасында бөлуге жатады.

Егер жергілікті БИЖ-ді қаржыландыру нысаналы даму трансферттерінің республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке бөлінетін қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болса, ТЭН әзірлеуді қаржыландыру мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасының есебінен жүзеге асырылады.

26-2. Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар қаражаты есебінен БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру процесі мынадай негізгі кезеңдерді:

1) ББӨ-нің БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға өтінімдер беруін;

2) тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар қаражаты есебінен БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландырудың тізбелерін қалыптастыруды және бекітуді;

3) БИЖ ТЭН қажетті сараптамаларын жүргізу, сондай-ақ әзірлеу немесе түзетудің қаржыландыруы.

26-3. ББӨ мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға өтінімдер береді.

26-4. БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға арналған өтінімінде қаражатты игеру мерзімі бір жылдан астам уақытты құрауы мүмкін, бірақ тиісті бюджет комиссиясының ұсынысында айқындалған мерзімнен аспайды және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес ұсынылады.

26-5. БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қаржыландыруға арналған өтінімге БИЖ ТЭН-ін

әзірлеудің немесе түзетудің мәлімделген құнын растайтын есептемелер қоса беріледі ("Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 6-2) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін құрылыстағы баға белгілеу мен сметалық нормалар бойынша нормативтік құжатқа сәйкес).

Ескерту. 26-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.05.2020 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

27. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге берілген оң экономикалық қорытындының, ББӨ қаржыландыру жөніндегі хаттың, техникалық тапсырманың негізінде БИЖ инвестициялық ұсыныстары бойынша қорытындылар қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының (бұдан әрі – РБК) қарауына енгізеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган инвестициялық ұсыныстарды қарау қорытындылары бойынша БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге берілген оң экономикалық қорытындының, ББӨ қаржыландыру жөніндегі хаттың, техникалық тапсырманың негізінде қорытындылар қалыптастырады және оларды бюджет комиссиясының қарауына жібереді.

28. Тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарылатын инвестициялық ұсыныстар бойынша қорытынды мынадай негізгі мәліметтерді қамтиды:

- 1) БИЖ атауы;
- 2) ББӨ қаржыландыруға ұсынатын БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу құны;
- 3) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қаржыландыруға ұсынатын БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу құны;
- 4) БИЖ-дің Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларында айқындалған бағыттарға, мақсаттарға, міндеттерге және ережелерге сәйкестігі;
- 5) міндеттерді орындаудың күтілетін нәтижесі.

Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Бюджет комиссиялары мақұлдаған, БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық ұсыныстардағы БИЖ бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган тізбе қалыптастырады.

Әрбір жоба бойынша атауын және қаржыландыру сомасын қамтитын тізбе, БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығымен немесе жергілікті атқарушы органның актісімен бекітіледі, оларды дайындауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

29-1. Тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар қаражатының қалған сомасына арналған тізбелерге толықтырулар мен өзгерістерді қалыптастыру, тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізу және бекіту осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражаты қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған жағдайларда, ББӘ тиісті бюджетті соңғы нақтылауға дейін бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылмаған бөлігін қайтаруды қамтамасыз етеді.

Бюджет шығыстарының секвестрін жүргізген кездегі бюджеттік бағдарламаларды қысқартуды қоспағанда ББӘ үнемдеу нәтижелері бойынша қалыптасқан бюджет қаражатын қайтару, бюджет комиссиясының тиісті шешімінсіз, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның осы Қағидаларымен бекітілген тәртіппен әзірленген және қабылданған бұйрығының немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығына немесе төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырулардың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына кейіннен өзгерістер енгізе отырып, тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлу туралы жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісіне өзгерістер енгізу туралы жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісі негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бюджеттік бағдарламаларын қалпына келтіру арқылы жүзеге асырылады.

Бюджет шығыстарына секвестрлеу жүргізу кезінде бюджеттік бағдарламалар қаражатын қысқарту бөлінетін бюджеттік бағдарлама есебінен қаражат алған ББӨ бюджеттік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Қалған жағдайларда пайдаланылмаған бюджет қаражатын қайтару, бюджет комиссиясының оң шешімі және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бекітілген тәртіппен әзірленген және қабылданған бұйрығының немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығына немесе төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырулардың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына кейіннен өзгерістер енгізе отырып, тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлу туралы жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісіне өзгерістер енгізу туралы жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісі негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бюджеттік бағдарламаларын қалпына келтіру арқылы жүзеге асырылады.

БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген бюджет қаражаты қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған жағдайларда, ББӨ екінші жартыжылдықта республикалық бюджет нақтыланғаннан кейін тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылмаған бөлігін, оның ішінде үнемдеу нәтижелері бойынша қалыптасқан қаражатты қайтаруына жол берілмейді.

БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген бюджет қаражатын пайдаланбағаны не ішінара пайдаланғаны үшін осы қаражатты алған ББӨ бірінші басшысы жауапты болады.

29-2. ББӨ Тізбелер негізінде БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді қамтамасыз етеді.

29-3. БИЖ ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

29-4. БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуге арналған шарт бойынша өнім берушінің міндеттемелерінде тиісті сараптамалар жүргізудің нәтижесінде ескертулер мен ұсыныстар туындаған, оның ішінде жобаға экономикалық сараптама жүргізу кезінде жоба пысықтауға қайтарылған жағдайда шарттың жалпы құны шегінде өнім берушінің БИЖ ТЭН-ін міндетті пысықтауы туралы талапты қамтуы тиіс.

## 2-1. Параграф Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу тәртібі

Ескерту. 2-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.

30. БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету Қазақстан Республикасының тиісті заңнамаларында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

31. Егер жобаны іске асыру Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларында айқындалған бағыттарда, мақсаттарда, міндеттерде және ережелерде көзделген жағдайда, БИЖ ТЭН-ін әзірлеу жүзеге асырылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Сыртқы үкіметтік қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды қоса қаржыландыру болжанатын БИЖ құнына, қажет болған жағдайда, техникалық көмекке, тауарларға, оқытуға, жоба құрылысын басқару, сүйемелдеу, институционалдық дамыту, қадағалау жөніндегі консультациялық көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар қосылады.

33. Қазақстан Республикасында іске асыруда аналогтары жоқ жобалар бойынша халықаралық тәжірибені ескере отырып деректер қолданылады.

34. БИЖ ТЭН мынадай құрылымға сәйкес келеді:

- 1) БИЖ ТЭН-нің түйіндемесі;
- 2) "Маркетингтік" бөлім;
- 3) "Техникалық-технологиялық" бөлім;
- 4) "Экологиялық бөлім" (қоршаған ортаға әсерді бағалау);
- 5) "Институционалдық" бөлім;
- 6) "Қаржылық-экономикалық" бөлім;
- 7) "Әлеуметтік" бөлім;
- 8) "Тәуекелдерді талдау" бөлімі;
- 9) жалпы тұжырымдар;

10) осы Қағидаларға 4-14-қосымшаларда көрсетілген нысандарға сәйкес БИЖ ТЭН-іне қосымшалар, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес жобаның ерекшелігіне қарай ұсынылатын БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге арналған бастапқы құжаттар.

БИЖ ТЭН-іне жобаның ерекшелігіне байланысты қосымша бөлімдер мен қосымшаларды қосуға жол беріледі.

### 35. БИЖ ТЭН түйіндемесінде:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша БИЖ-дің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі;

2) жобаның қолданыстағы саяси (хаттамалық және өзге де тапсырмаларды, нормативтік құқықтық актілерді көрсете отырып), әлеуметтік-экономикалық және басқа да шарттары сипатталады;

3) жобаның мақсатына және, оның ішінде инвестициялық ұсыныс сатысында қаралған нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізудің ықтимал нұсқалары көрсетіледі;

4) қолданыстағы материалдар мен зерттеулер негізінде техникалық-экономикалық бағалаулардың, сондай-ақ оны әзірлеу тапсырмасында баяндалған талаптар мен шарттардың нәтижелері көрсетіледі.

36. БИЖ ТЭН-інің "Маркетингтік" бөлімінде қаралатын өңірдегі жобада болжанатын өнімдерге (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) қолданыстағы және перспективадағы сұраныстың талдауды не жобаның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігі көрсетіледі.

Аталған бөлім:

1) өндірілетін және жобаны іске асыруда есепке алмай жүргізілетін немесе жобаны іске асыру, сондай-ақ төлемге қабілетті сұраныстың сандық параметрлерінің нәтижесінде өндіру болжанатын өнімдердің (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) көлемін, түрлерін және бағаларын бағалау мен негіздеуді қоса алғанда, сұраныстың талдауын;

2) құқықтық негізін көрсете отырып, жобаның әлеуметтік-экономикалық қажеттігін талдауды;

3) жобаны іске асыру шеңберінде (инвестициялық кезеңде) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемін, түрлері мен бағаларын, сондай-ақ тиісті прайс-парақтарды, баға ұсыныстарын және басқа да растаушы құжаттарды қоса бере отырып, жобаның қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін бағалауды және негіздеуді қоса алғандағы талдауды;

4) пайдалану кезеңінде (инвестициялаудан кейінгі кезеңде) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемін, түрлері мен бағаларын, сондай-ақ тиісті прайс-парақтарды, баға ұсыныстарын және басқа да растаушы құжаттарды қоса бере отырып, жобаның қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін бағалауды және негіздеуді қоса алғандағы талдауды;

5) пайдаланылатын ақпарат көздері мен маркетингтік зерттеулер жүргізу әдістемелерін қамтиды;

6) прайс-парақтар мен баға ұсыныстарын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің кемінде екі өнім берушісі ұсынады (ұқсас тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша прайс-парақтар және баға ұсыныстары жоқ болған жағдайда кемінде екі тәуелсіз бағалау қорытындысы беріледі).

Бағаларды талдау:

сатып алынуы техникалық-технологиялық талдауда көрсетілген талаптарға негізделген;

сипаттамалары техникалық-технологиялық талдауда көрсетілген талаптарға сәйкес келетін тауарларды қамтиды;

консалтингтік көрсетілетін қызметтер құны (бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, жобаны басқару, аттестаттау) ресурстар құнының есептеулерімен және бағаларымен расталады.

36-1. Егер БИЖ шет мемлекеттердің аумағында іске асырылатын жағдайда, БИЖ-дің құнын растайтын, аумағында осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген тиісті құжаттар аталған заңнаманың мәтінін қоса бере отырып және қазақша және (немесе) орыс тілдеріне аудармасын қамтамасыз ете отырып ұсынылады.

**Ескерту. 36-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. БИЖ ТЭН-інің "Техникалық-технологиялық" бөлімі жобаны іске асырудың әртүрлі техникалық-технологиялық шешімдерінің талдауын, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін, маркетингтік бөлімде ұсынылған талдауды ескере отырып, таңдалған нұсқаның негіздемесін қамтиды.

Аталған бөлім мыналарды қамтиды:

1) объектіні орналастыру орындарының ықтимал нұсқаларын талдау, шикізат көздері мен өнім берушілеріне, нысаналы топтар мен негізгі пайда алушыларға қатысты орналасқан жері туралы, сондай-ақ жобаның орналасқан жерінің баламалы нұсқалары туралы ақпаратты бере отырып, жобаның орналасқан жерін таңдаудың негіздемесі. Қорғаныс саласындағы жобалар бойынша жобаның орналасқан жерінің баламалы нұсқалары туралы ақпаратты беру міндетті емес. Үкіметтік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру болжанатын ақпараттандыру объектілері бойынша мемлекеттік органдардың ұлттық серверлік орталығын, облыстық деректерді өңдеу орталықтарын, жеке ұйымдардың серверлік үй-жайларын немесе қажет болған жағдайда меншікті серверлік үй-жайды қоса алғанда, жобаның серверлік жабдығын орналастырудың ықтимал нұсқаларына талдау келтіріледі;

2) жоба ауқымының сипаттамасы және жоба қуатын, жоба қуатының игерілу серпінін есептеу негіздемесі;

3) технологиялар мен жабдықтарды таңдау негіздемесі, қазірдің өзінде пайдаланылатын жабдықтармен технологиялық үйлесімділігі, оңтайлы баға-сапа арақатынасы, технологиялар мен жабдықтарды таңдаудың баламалы нұсқалары,

инновациялық жабдықтарды қолдану, жобада сапа стандарттарының қолданылуы туралы ақпарат;

4) таңдалған шешімдер (энергия үнемдеу, жылумен, сумен жабдықтау, кәріз) мен схемаларды негіздей отырып, жобаның қажетті инженерлік, көліктік және телекоммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі туралы ақпарат, сондай-ақ қажет болған жағдайда, іске қосу-баптау жұмыстары туралы ақпарат;

5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның құрамдауыштары бойынша қаржыландыруды бөле отырып, жобаны іске асыру кестесі (оның ішінде технологиялық кезеңдер бойынша);

6) пайдаланылатын ақпарат көздері.

Құрылыс саласындағы жобалар бойынша БИЖ ТЭН-інің "Техникалық-технологиялық" бөлімі мыналарды қамтиды:

мыналарды қамтитын негізгі сәулет-құрылыс шешімдері:

қағидаттық сәулеттік, көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдер, оның ішінде: жоспарлау шешімдерінің негізділігі, жер учаскелерін ұтымды пайдалану, ғимараттарды тиімді бұғаттау, құрылыс ауданында табиғи қауіпті құбылыстардың (сейсмика, шөгу, карсттар, көшкіндер) болуына ерекше назар аударылады, қағидаттық сәулеттік-композициялық шешімдердің қоршаған құрылыстың қала құрылыстық жағдайларына сәйкестігі. Техникалық жағынан неғұрлым күрделі ғимараттар мен құрылыстардың негізгі параметрлері көлемдік-жоспарлау және конструктивтік (құрылыстық) шешімдерді және олардың конструктивтік ерекшеліктерін қамтиды. Құрылыс өнімдері мен материалдарына қажеттілік;

көлік схемасының нұсқаларын, алаңішілік жолдар мен автожолдарды, ғимараттар мен құрылыстардың, оның ішінде өнеркәсіптік және басқа да мақсаттағы ғимараттар арасында талап етілетін өртке қарсы және санитариялық-эпидемиологиялық арақашықтықтардың сақталуын бағалай отырып таңдау негіздемесі;

технологиялық процестердің (схемалардың) ықтимал нұсқаларын талдау негізінде таңдалған технологияның қысқаша сипаттамасы мен негіздемесі, құрамы және өндірістік құрылымы;

БИЖ ТЭН-інің техникалық-технологиялық бөлімінде салыстырма талдау жүргізілетін және таңдалған нұсқаның негіздемесі берілетін жобаның мақсатқа қол жеткізу мен нәтижелер көрсеткіштерінің кемінде екі ықтимал нұсқасы көрсетіледі.

Жобалық шешімдерді таңдау кезінде қоршаған ортаға әсерге жүргізілген бағалаудың нәтижелерін ескеру және қоршаған орта мен адам денсаулығына ең аз зиян келтіретін нұсқаның қабылдануын қамтамасыз ету қажет.

Үкіметтік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру болжанатын ақпараттандыру объектілері бойынша БИЖ ТЭН-інің "Техникалық-технологиялық" бөлімі сондай-ақ мыналарды қамтиды:

автоматтандырылған функциялар, процестер және олардың тұтынушыларының тізбесі (use-case схемасы);

ақпараттандыру объектісі архитектурасының ықтимал нұсқаларын талдау (орталықтандырылған, орталықтандырылмаған, корпоративтік);

ақпараттандыру объектісін іске асыру нұсқаларын талдау (дайын шешімдерді интеграциялау және енгізу, өзіндік әзірлеу, дайын және меншікті шешімдерді қолдану);

тораптар схемасы (есептеу құралдары) және ақпараттандыру объектісінің бағдарламалық құрамдауыштарын орналастыру;

телекоммуникация схемасы және байланыс арналарына қойылатын талаптар;

жобаның ауқымы мен қуатының сандық көрсеткіштеріне, тораптар схемасына негізделген есептеу қуатына және сақтау көлеміне және есептеу құралдарының санына қойылатын талаптардың негіздемесі;

жүйе архитектурасының жалпы сипаттамасы;

жүйе құрамдауыштарының және олардың өзара байланысының сипаттамасы;

осы жобаны іске асыруды қозғайтын ведомстволық және ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің, сондай-ақ жобаны іске асыруды қозғайтын тараптардың тиісті жазбаша хабарламаларын қоса бере отырып, жобаны табысты іске асыру үшін осы жүйелер жағында жүргізілуі қажет іс-шаралардың сипаттамасы;

жобаны іске асыру нәтижесінде өзекті болмауы мүмкін ақпараттандыру объектілері мен олардың құрамдауыштарының сипаттамасы;

жобаның "электрондық үкіметтің" базалық құрамдауыштарымен, ведомствоаралық ақпараттық жүйелермен және деректер базаларымен, ведомстволық ақпараттық жүйелермен және деректер базаларымен болжамды өзара іс-қимылы мен интеграциясының сипаттамасы, оның ішінде:

ақпараттық өзара іс-қимыл объектілерінің сипаттамасы;

қолданылатын деректер алмасу стандарттарының сипаттамасы;

құрылатын ақпараттық жүйелер шеңберінде электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы, оның ішінде:

іске асырылатын электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алушылар тобының сипаттамасы (жеке тұлғалар, заңды тұлғалар);

жоба шеңберінде Қазақстан Республикасының ауқымында іске асырылатын электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қажеттілігінің ағымдағы және тарихи көрсеткіштері;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тиімділік көрсеткіштерінің электрондық түрге ауыстырылғанға дейінгі және одан кейінгі сипаттамасы, оның ішінде талап етілетін құжаттар саны, құжаттарды тапсыру үшін күту уақыты, қызмет көрсету мерзімі;

электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынудың ағымдағы және жоспарланған бизнес-процесінің сипаттамасы;

іске асырылатын электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің типі (ақпараттық, интерактивтік, транзакциялық);

алушылар (жеке тұлғалар, заңды тұлғалар) бөлінісінде іске асырылатын электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну арналары;

ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сипаттамасы.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

38. БИЖ ТЭН-інің "Экологиялық" бөлімі (қоршаған ортаға әсерді бағалау) жобаны іске асырудан келетін экологиялық залалды бағалауды қоса алғанда, сандық және құндық мәнде қабылданған жобалық шешімдердің қоршаған ортаға әсері туралы, сондай-ақ жобалық шешімдердің бекітілген экологиялық нормативтерге сәйкестігі және жобаны іске асырудан келетін теріс әсерді азайту жөніндегі болжанатын іс-шаралар туралы ақпаратты қамтиды.

Жобалық шешімдерді таңдау кезінде экологиялық нормативтерге сәйкес келетін шешімдер ғана таңдалады.

39. БИЖ ТЭН-інің "Институционалдық" бөлімі жобаның институционалдық схемасын, оның ішінде:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның институционалдық сызбасын;

2) құқықтық негізін көрсете отырып, жобаны басқару схемасын қамтиды.

Қажет болған жағдайда, жобаға қатысушылар бойынша толық заңды атауы, шыққан елі, ұйымдық-құқықтық нысаны, жарғылық капиталы, құрылтайшылар және олардың қатысу үлестері, құрылған жылы, негізгі қызмет түрлері, осы саладағы жобаларды іске асыру тәжірибесі және басқа да ақпарат көрсетіледі.

40. БИЖ ТЭН-інің "Қаржы-экономикалық" бөлімі мыналарды қамтиды:

1) инвестициялық шығыстардың есептемесі, жобаның кезеңдері, құрамдауыштары мен қаржыландыру көздері бойынша қаржыландыру қажеттіліктерін бөлу, қажет болған жағдайда, объектілерді пайдалануға беру шығыстары (іске қосу-баптау жұмыстары);

2) пайдалану шығыстарының есептемесі;

3) баламалы нұсқаларды талдау негізінде қаржыландыру көздерін (республикалық/жергілікті бюджет, қарыз қаражаты), шарттары мен көлемін (

оның ішінде қаржыландыруды жылдарға бөле отырып) көрсете отырып, қаржыландыру схемасының негіздемесі;

4) жобаға қатысушылардың ағымдағы қаржылық жағдайы (қажет болған жағдайда);

5) жобаның мыналарды қамтитын қаржылық талдауы:

өнімдердің (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнының, тарифтерінің, жіберу бағасының есептемесі;

сатудан түскен кірістердің және таза пайданың есептемесі;

ақша қаражаты ағынының жиынтық есептемесі;

таза дисконтталған кірістің (Net present value – NPV), ішкі пайдалылық нормасының (Internal rate of return – IRR), өзін-өзі ақтаудың дисконтталған және қарапайым мерзімдерінің есептемесі;

таза дисконтталған кірістің (NPV) және ішкі пайдалылық нормасының (IRR) негізгі параметрлер бойынша (өткізу көлемі, өткізу бағасы, инвестициялық және пайдалану шығыстары) сезімталдығын талдау, жобаның шығынсыздық нүктесінің есептемесі;

6) жобаның мыналарды қамтитын экономикалық талдауы:

жоба іске асырылмаған жағдайда, бюджет қаражатының есебінен болжамды шығындардың есептемесін қамтитын, жобасы бар және жобасыз әлеуметтік-экономикалық жағдайды талдау;

ең аз шығындарды талдау немесе шығындар тиімділігін талдау немесе жобаның экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептемесі, оның ішінде экономикалық пайдалар мен шығындарды бағалау, экономикалық таза дисконтталған кірістің (Economic net present value – ENPV) және экономикалық ішкі кірістілік нормасының (Economic internal rate of return – EIRR) есептемесі;

экономикалық таза дисконтталған кірістің (ENPV) және экономикалық ішкі кірістілік нормасының (EIRR) негізгі параметрлер (өткізу көлемі, инвестициялық және пайдалану шығындары) бойынша сезімталдығын талдау (осы көрсеткіштер бар болған жағдайда);

7) пайдаланылатын ақпарат көздері.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуден тікелей ақша ағындарын алу болжанбайтын жобалар бойынша жобаға қаржылық талдау жүргізу талап етілмейді.

Жобаның қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеген жағдайда, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның қаржылық-экономикалық моделінің базалық параметрлері бойынша ақпарат БИЖ ТЭН-іне қоса беріледі.

Жобаның қаржылық тиімділік көрсеткіштерінің есептемесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Жобаның таза дисконтталған кірісінің (NPV) және ішкі пайдалылық нормасының (IRR) сезімталдығын талдау нәтижелері осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Жобаның ең аз шығындарын талдау көрсеткіштері осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Жоба шығындарының тиімділігін талдауға арналған көрсеткіштер осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Жобаның экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептемесі осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Жобаның экономикалық таза дисконтталған кірісінің (ENPV) және экономикалық ішкі кірістілік нормасының (EIRR) сезімталдығын талдау нәтижелері осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Қосымшалардағы көрсеткіштер мен есептемелер БИЖ ТЭН-інде негізделген болуға тиіс.

Үкіметтік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру болжанатын ақпараттандыру объектілері бойынша жобаның экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептемесін, оның ішінде экономикалық пайдалар мен шығындарды бағалауды, экономикалық таза дисконтталған кірісті (ENPV) және экономикалық ішкі кірістілік нормасын (EIRR) есептеуді жүргізу қажет.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41. БИЖ ТЭН-нің "Әлеуметтік" бөлімі жобаның білікті мамандармен қамтамасыз етілуін талдауды қамтиды, оның ішінде:

1) жобаның инвестициялық және инвестициялықтан кейінгі кезеңдерінде білікті мамандардың болуы туралы ақпаратты;

2) жұмысшылар мен мамандарды (қажет болған жағдайда) оқыту және қайта даярлау қажеттігі туралы ақпаратты;

3) еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының нормалары туралы ақпаратты;

4) жобаның халықтың әлеуметтік-мәдени және демографиялық сипаттамалары тұрғысынан негізделуін;

5) пайдаланылатын ақпарат көздерін қамтиды.

42. БИЖ ТЭН-нің "Тәуекелдерді талдау" бөлімі:

1) тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалаудың пайдаланылған әдістері туралы ақпаратты;

2) тәуекелдердің басталу ықтималдығын және тәуекелдердің басталуынан келетін залалды айқындау нәтижелерін, сондай-ақ тәуекелдерді азайту бойынша болжанатын іс-шараларды ұсына отырып, жобаның инвестициялық және инвестициялықтан кейінгі кезеңдерінде басталуы ықтимал сәйкестендірілген тәуекелдердің (коммерциялық, техникалық-технологиялық, экологиялық, институционалдық, қаржылық, әлеуметтік және өзге) тізбесін қамтиды. Жобаның тәуекелдері бойынша ақпарат осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

43. БИЖ ТЭН-нің жалпы тұжырымдары:

1) жобаны іске асырудың неғұрлым оңтайлы нұсқасын таңдаудың негіздемесін;

2) жобаны іске асырудың таңдалған нұсқасының негізгі кемшіліктері мен артықшылықтарын;

3) таңдалған нұсқа бойынша негізгі техникалық-экономикалық параметрлерді (көрсеткіштерді):

жобаның іске асырылатын орнын;

нәтиже (тікелей және түпкілікті) көрсеткіштерін;

жобаның құрамдауыштарын;

қаржыландырылуы жылдарға және құрамдауыштар бойынша бөлінген жобаның жалпы құнын қамтиды.

44. БИЖ ТЭН-ге қосымшалар осы Қағидаларға 4–14-қосымшаларда көрсетілген нысандарға сәйкес келуі тиіс, сондай-ақ қосымша ақпаратты: диаграммаларды, суреттерді, жергілікті жердің карталарын және БИЖ ТЭН-де келтірілген ақпаратты растайтын және ашатын басқа да материалдар мен құжаттарды қамтуы мүмкін.

45. Құрылыс саласындағы жобалар бойынша БИЖ ТЭН-іне қосымшалар картографиялық және басқа да графикалық материалдарды, оның ішінде құрылыс объектісін орналастыратын және оның инженерлік желілер мен коммуникацияларға жалғасатын жерін, жер учаскесінің көлемдерін негіздейтін объектінің бас жоспарының схемасын, сондай-ақ тиісті технологиялық, сәулеттік және көлемдік-жоспарлау шешімдерінің схемаларын, сызбаларын (эскиздік жобаларды) көрсете отырып, ахуалдық жоспар схемасын да қамтиды.

46. Іске асырылуы сыртқы қарыз есебінен болжанатын жобалар бойынша ТЭН қарыз алудың мынадай құрамдауыштарының: жобаны басқару, құрылысты қадағалау, институционалдық дамыту бойынша көрсетілетін консультациялық қызметтердің құны мен қажеттігін негіздейтін қосымшаны қамтиды.

Аталған қосымша:

1) жобаны басқару мен құрылысты қадағалау бойынша жергілікті (отандық) және халықаралық (шетелдік) консультанттардың нарығын салыстырып талдауды, тиісті халықаралық сертификаттар мен жұмыс тәжірибесінің болуын;

2) жұмыстардың көлемі мен күтілетін нәтижелерді, мерзімдерді, көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу мөлшерлемелері мен қаржыландыру көздерінің талдауын;

3) консультанттардың қажетті саны (егер жоба жеке консультанттарды жалдауды талап етсе) мен олардың талап етілетін мамандандырылуының негіздемесін;

4) консультанттарды тарту бойынша техникалық тапсырманың жобасын;

5) пайдаланылатын ақпарат көздерін қамтиды:

Іске асырылуы сыртқы қарыз есебінен болжанатын БИЖ ТЭН-ін әзірлеу бойынша есептеулер халықаралық қаржы ұйымдары ұсынатын ақпараттың негізінде жүзеге асырылады.

3-параграф. Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің қажетті сараптамаларын жүргізу тәртібі

47. Белгіленген техникалық-экономикалық параметрлерді растау үшін БИЖ ТЭН Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген экономикалық және басқа да сараптамалардан өтуі тиіс.

**48. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.**

49. Құрамында сәулет, қала құрылысы және құрылыс шешімдері бар БИЖ ТЭН-інің сараптамасы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына және мемлекеттік нормативтерге сәйкес жүргізіледі.

50. Республикалық БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға жүзеге асырады.

51. Жергілікті БИЖ ТЭН-інің, сондай-ақ нысаналы даму трансферттері мен республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен қаржыландырылуы жоспарланатын жобалардың ТЭН-іне экономикалық сараптаманы БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғалар жүзеге асырады.

52. БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы ұсынылған БИЖ ТЭН-інің, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның инвестициялық ұсынысқа арналған экономикалық қорытындысының және жобаның ерекшелігіне қарай талап етілетін БИЖ ТЭН-і сараптамаларының тиісті оң қорытындыларының, атап айтқанда:

1) ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысының;

2) салалық сараптама қорытындысының;

3) үкіметтік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру болжанатын БИЖ ТЭН-іне ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы қорытындының негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52-1. Үкіметтік сыртқы қарыздар және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен ақпараттық жүйелерді құруға және дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жобалардың құны, оның ішінде жобаны басқару, сүйемелдеу, институционалдық дамыту жөніндегі консультациялық көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар БИЖ ТЭН-іне ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы қорытынды құрамында ұсынылған есептемелер мен негіздемелер негізінде расталады.

Ескерту. 52-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Жобаның ерекшелігіне байланысты БИЖ бойынша мынадай бастапқы құжаттар талап етіледі:

1) құрылыс қызметін болжайтын жобалар бойынша БИЖ ТЭН-іне салалық, ведомстводан тыс кешенді сараптамалардың қорытындылары, сондай-ақ БИЖ ТЭН-ін әзірлеу тапсырмасына қоса берілетін құжаттардың көшірмелері, оның ішінде техникалық шарттар, жергілікті атқарушы органдардың жаңа объектілердің құрылысын болжайтын жобалар бойынша жер учаскелерін бөлу туралы шешімдері (қажет болған жағдайда, жер учаскелерінің меншік иелері мен жерді пайдаланушылар шығындарының, алып қойылатын алқаптардың түріне қарай ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісі ысыраптарының есептерін қоса бере отырып) және қолданыстағы объектілерді реконструкциялауды болжайтын жобалар бойынша жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін тиісті құжаттардың көшірмелері талап етіледі;

2) объектіні пайдалануға беру шығындары болған жағдайда, ведомстволық нормативтерге сәйкес объектіні пайдалануға беру шығындары (іске қосу-баптау жұмыстары) бойынша уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасының және ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындылары талап етіледі.

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қауіп төнуіне байланысты кідіртпей пайдалануға беруді талап ететін ірі бірыңғай энергетикалық жүйе объектілері

мен техникалық күрделі атомдық және жылу энергетикалық кешен объектілері үшін іске қосу-баптау жұмыстары бойынша шығындар елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіп төнуі туралы растауы бар уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптама қорытындысында көрсетілген есептемелерге сәйкес жүзеге асырылады;

3) инновациялық және/немесе ғарыш қызметін болжайтын жобалар бойынша салалық және мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамалардың қорытындылары талап етіледі;

4) үкіметтік сыртқы қарыздар қаражаты және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен ақпараттандыру объектілерін құруды және дамытуды көздейтін жобалар бойынша ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларында БИЖ ТЭН-іне қорытынды талап етіледі.

Осы тармақта көрсетілген қорытындыларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

**Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

54. Салалық сараптама қорытындысы:

1) БИЖ ТЭН-інің БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге арналған техникалық тапсырмаға сәйкестігін;

2) саланың одан әрі дамуына ықпал ететін оның ағымдағы жай-күйінің проблемаларын;

3) БИЖ-ді іске асыру болжанатын қазіргі саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқа да жағдайларды;

4) өнімдерге/көрсетілетін қызметке қазіргі және болжанатын сұраныстың ( БИЖ өмірлік циклінің кезеңіне) немесе осы өңірде бар бәсекелестікті ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық қажеттіктің көрсеткіштерін;

5) БИЖ-ді іске асырудан болатын пайдалар мен шығындарды бөлуді;

6) БИЖ ТЭН-інде қабылданған технологиялық, техникалық шешімдерді, оның ішінде БИЖ-ді іске асыру кестесін бағалауды көздейді. Үкіметтік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру болжанатын ақпараттандыру объектілері бойынша бағалау Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі;

7) баға шешімдерін, оның ішінде БИЖ ТЭН-інде келтірілген инвестициялық және пайдалану шығындарының барлық құрамдауыштары бойынша баға-сапа

арақатынасының оңтайлылығын, тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге жоспарланып отырған бағаларды тиісті нарықтық бағалармен салыстыруды;

8) БИЖ таңдаудың негіздемесімен қоса, проблеманы шешу нұсқасын таңдау кезінде оны шешудің оңтайлы жолы ретінде қаралған баламалы нұсқаларды;

9) БИЖ іске асырылған және іске асырылмаған жағдайдағы экономика салаларына (аяларына) болжамды мультипликативтік әсерді, оның ішінде бюджеттің кіріс бөлігін толықтыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға ықпалын;

10) салалық уәкілетті мемлекеттік органдардың ведомстволық нормативтеріне сәйкес объектіні пайдалануға беру шығындарының негізділігін;

11) БИЖ іске асырылған жағдайдағы ықтимал тәуекелдерді және оларды барынша азайту жөніндегі іс-шараларды бағалауды көздейді.

**Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

55. Егер БИЖ-ді республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру ұсынылған жағдайда, БИЖ салалық сараптама қорытындысын тиісті саладағы орталық уәкілетті орган ұсынады, БИЖ-ді белгілі бір салаға жатқызу мүмкін болмаған жағдайда сомалық қорытындыны ББӨ-нің өзі ұсынады.

Егер республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру болжанатын БИЖ-ді іске асыру бірнеше салалық орталық мемлекеттік органдардың жауапкершілік аясын қозғаған жағдайда, көрсетілген салалық орталық мемлекеттік органдар қосымша БИЖ тиісті салалық сараптамалардың қорытындыларын ұсынады.

Бұл ретте, мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға, не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген тұлға қол қойған қосымша салалық сараптамалық қорытындыларын тиісті салалық орталық мемлекеттік органдар БИЖ-дің іске асырылуының жетекшілік ететін салаға ықпалын бағалау және саланың басымдықтарына сәйкестігі бөлігінде ғана ұсынады.

**Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

56. Егер БИЖ-ді жергілікті бюджет қаражаты немесе жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асыру ұсынылған жағдайда, БИЖ салалық сараптамасының қорытындысын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын салалық жергілікті атқарушы орган ұсынады, БИЖ-ді қандай да бір сомаға жатқызу мүмкін болмаған жағдайда салалық қорытындыны ББӨ өзі ұсынады.

Егер жергілікті бюджет қаражаты немесе жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асыру болжанатын БИЖ бірнеше салалық жергілікті органның жауапкершілік аясын қозғайтын болса, көрсетілген салалық жергілікті мемлекеттік органдар БИЖ салалық сараптамасының тиісті қорытындысын ұсынады.

**Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

57. Салалық сараптаманың қорытындысына ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға, не ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір МИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген тұлға қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында ресми құжаттар үшін белгіленген тәртіппен ресімделеді.

**Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.01.2016 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

58. БИЖ ТЭН-іне экономикалық сараптама жүргізу кезінде БИЖ-дің ерекшелігіне байланысты жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптамалар талап етілуі мүмкін.

Жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптамалар жүргізуді ББӨ қамтамасыз етеді.

Қосымша сараптамаларға мыналар:

- 1) ведомстводан тыс кешенді сараптама;
- 2) уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасының қорытындысы;
- 3) үкіметтік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру болжанатын БИЖ ТЭН-іне ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы қорытынды жатады.

**Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

59. Қажетті/пысықталған ақпаратты ұсыну және/немесе жүргізілген сараптамалармен қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптамаларды жүргізу бойынша сұрау салу тиісті ББӨ-ге, сұрау салудың көшірмесі осы Қағидалардың 52 – 56, 58-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық топтамасы түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жіберіледі.

Бұл ретте олардың сканерленген көшірмелері БИЖ қысқаша сипаттамасында көрсетілген ББӘ өкілінің электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

**Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

60. ББӘ хаттардың сканерленген көшірмелері түрінде сұрау салу түскен сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған заңды тұлғаға қажетті ақпаратты ұсынады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған заңды тұлға экономикалық сараптама жүргізу мерзімін ұзартқан жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органды экономикалық сараптама жүргізуді ұзарту туралы ББӘ хатын қоса бере отырып хабардар етеді.

Сұрау салу жіберілген күннен бастап және қажетті ақпарат ұсынылғанға дейін экономикалық сараптама жүргізу мерзімі тоқтатыла тұрады.

**Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

61. Басқа мемлекеттердің аумағында іске асыру жоспарланып отырған, сондай-ақ құрылыс қызметін көздемейтін БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы БИЖ ТЭН-і және салалық сараптаманың қорытындысы негізінде жүргізіледі.

Сондай-ақ БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасына аумағында БИЖ-ді іске асыру болжанатын мемлекеттердің заңнамасына сәйкес талап етілетін сараптамалар және осы қызметті реттейтін тиісті нормативтік құқықтық актілер ұсынылады. Қажет болған жағдайда, тиісті сараптамалар мен талап етілетін нормативтік құқықтық актілердің аудармасын қамтамасыз етуді ББӘ жүзеге асырады.

62. БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасының нәтижесі оң қорытынды не теріс қорытынды немесе пысықтауға қорытынды болып табылады.

БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасының оң қорытындысы құрылымы мен мазмұны осы Қағидаларға сәйкес келетін, сондай-ақ жобаның жүзеге асатындығына және тиімділігіне алғышарттары бар БИЖ ТЭН-іне беріледі.

БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасының теріс қорытындысы бағалау нәтижелері жобаның жүзеге аспайтындығын және/немесе тиімсіздігін көрсетсе немесе БИЖ жүзеге асырудың басқа түрлері мен тәсілдері анықталса БИЖ ТЭН-іне беріледі.

Пысықтауға қорытынды мазмұны осы Қағидаларға сәйкес келмейтін және жобаның жүзеге асатындығына және/немесе тиімділігіне алғышарттардың болуын белгілеу мүмкін болмаған жағдайда, БИЖ ТЭН-іне беріледі.

63. Сыртқы үкіметтік қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды қоса қаржыландыру болжанатын БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасының қорытындысы техникалық көмекке, тауарларға, оқытуға, жоба құрылысын басқару, сүйемелдеу, институционалдық дамыту, қадағалау жөніндегі консультациялық көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстарды бағалауды да қамтиды.

64. БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған заңды тұлғаға толық құжаттар топтамасы келіп түскен күннен бастап 26 (жиырма алты) жұмыс күні ішінде жүргізіледі, оның қорытындылары бойынша тиісті қорытынды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жіберіледі.

**Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

65. БИЖ ТЭН-нің экономикалық сараптамасының қорытындысы:

- 1) "Жобаның қысқаша сипаттамасы" бөлімін;
  - 2) "Жоба бойынша құжаттама құрамын бағалау" бөлімін;
  - 3) "Жобаның орындылығы туралы ақпарат" бөлімін;
  - 4) "Жобаның жүзеге асатындығына алғышарттардың болуын бағалау" бөлімін
- ;
- 5) "Жобаның тиімділігіне алғышарттардың болуын бағалау" бөлімін;
  - 6) "Жоба тәуекелдерін талдауды бағалау" бөлімін;
  - 7) "Жоба бойынша жалпы тұжырымдар" бөлімін қамтиды.

66. "Жобаның қысқаша сипаттамасы" деген бөлімде БИЖ ТЭН-іне сәйкес мынадай ақпарат:

- 1) жобаның атауы;
- 2) ББӘ-нің атауы;
- 3) жобаның іске асырылу кезеңі;
- 4) жобаның мақсаты мен міндеттері;
- 5) нәтиже (тікелей және түпкілікті) көрсеткіштері;
- 6) жобаны іске асыру орны;
- 7) жобаның ауқымы мен қуаты;
- 8) нысаналы топтар, оның ішінде негізгі пайда алушылар;
- 9) жобаның құрамдауыштары;
- 10) қаржыландырылуы жылдарға бөлінген жобаның жалпы құны;

11) жобаны қаржыландыру көздері және нысаны көрсетіледі.

67. "Жоба бойынша құжаттама құрамын бағалау" деген бөлім мыналарды қамтиды:

1) экономикалық сараптама жүргізу кезінде назарға алынған құжаттар мен материалдардың тізбесі:

экономикалық сараптама жүргізу үшін қарауға ұсынылған құжаттар;  
нормативтік құқықтық актілер;

2) ұсынылған құжаттардың құрамы мен мазмұнына ескертулер.

68. "Жобаның орындылығы туралы ақпарат" деген бөлім мыналарды қамтиды :

1) жобаның мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі туралы ақпаратты (іске асыру кезеңі, қаржыландыру көздері бойынша сәйкестік);

2) БИЖ ТЭН-інің мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның инвестициялық ұсынысқа арналған оң экономикалық қорытындысына сәйкестігі туралы ақпарат.

**Ескерту. 68-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663 бұйрығымен.**

69. "Жобаның жүзеге асатындығына алғышарттардың болуын бағалау" деген бөлім мыналарды қамтиды:

1) сұраныстың талдауын немесе жобаның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

2) жобаны іске асыру (инвестициялық кезеңде) және пайдалану кезеңі (инвестициялаудан кейінгі кезең) шеңберінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нарығын талдауды бағалау (тиісті сараптамалар қорытындыларының, сондай-ақ берілген прайс-парақтардың, коммерциялық ұсыныстардың және басқа да растаушы құжаттардың негізінде);

3) ТЭН-де келтірілген жобаны іске асырудың таңдап алынған техникалық-технологиялық шешімін бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

4) қабылданған жобалық шешімдердің қоршаған ортаға әсері туралы ақпаратты бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

5) жобаның институционалдық схемасын бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

6) қаржыландыру схемасын бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

7) жобаның білікті мамандармен қамтамасыз етілгендігін талдауды бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде).

ТЭН-де көрсетілген техникалық-экономикалық параметрлер мен жобалық шешімдердің мақұлданғанын, келісілгендігін және/немесе сараптамалардың

тиісті қорытындыларымен оң бағаланғанын растау жобаның жүзеге асатынын айқындауды білдіреді.

70. "Жобаның тиімділігіне алғышарттардың болуын бағалау" деген бөлім мыналарды қамтиды:

1) инвестициялық шығасыларды есептеуді бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

2) пайдалану шығасыларын есептеуді бағалау (тиісті сараптамалардың қорытындылары негізінде);

3) жобаның қаржылық талдауын бағалау (қажет болғанда);

4) жобаның экономикалық талдауын бағалау.

71. "Жоба тәуекелдерін талдауды бағалау" деген бөлім БИЖ ТЭН-де көрсетілген коммерциялық, техникалық-технологиялық, экологиялық, институционалдық, қаржылық, әлеуметтік және өзге де тәуекелдердің талдауын бағалауды қамтиды.

72. "Жоба бойынша жалпы тұжырымдар" (экономикалық сараптаманың қорытындылары бойынша) деген бөлімде:

1) негізгі техникалық-экономикалық параметрлер:

жобаны іске асыру орны;

жобаның мақсаты;

нәтиже (тікелей және түпкілікті) көрсеткіштері;

жобаның құрамдауыштары;

қаржыландырылуы жылдар және құрамдауыштар бойынша бөлінген жобаның жалпы құны;

2) жоба бойынша негізгі тұжырымдар:

тәуекелдерді талдауды бағалау;

жобаның жүзеге асатындығына алғышарттардың болуын бағалау;

жобаның тиімділігіне алғышарттардың болуын бағалау;

3) жоба бойынша қорытынды (оң қорытынды немесе теріс қорытынды, немесе пысықтауға қорытынды) көрсетіледі.

**Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663 бұйрығымен.**

73. Экономикалық сараптаманың қорытындысы мынадай сапа өлшемдеріне сәйкес болуы тиіс:

1) қорытынды құрылымының осы Қағидалардың 65-тармағында (қорытынды құрылымы) белгіленген ережелерге сәйкестігі;

2) қорытынды мазмұнының осы Қағидалардың 66-72-тармақтарында (құрылым мазмұны) белгіленген ережелерге сәйкестігі.

4-параграф. Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларды жүргізу тәртібі

74. Кейіннен қажетті сараптамалар жүргізе отырып, БИЖ ТЭН түзету техникалық шешімдерді өзгертуге және қосымша шығыстарға алып келетін бюджеттік инвестициялық жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлері өзгерген жағдайда жүргізіледі.

Егер БИЖ бойынша қаржыландыру көзін сыртқы үкіметтік қарыз алуға өзгерту (толықтыру) жоспарланса, онда ТЭН кейіннен қажетті сараптамалар жүргізе отырып, жобаны басқару, сүйемелдеу, құрылысты қадағалау, институционалдық дамыту бойынша консультациялық көрестілетін қызметтер бойынша қосалқы қосымша қосу бөлігінде ғана түзетіледі.

Бұл ретте, аталған қосымшада осы Қағидалардың 46-тармағында көрсетілген ақпарат қамтылады.

Егер Тапсырыс берушінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 304 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 10632 болып тіркелген Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларына сәйкес белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық (жобалық-сметалық) құжаттаманы түзетудің негізделген қажеттілігі туындаған жағдайда, жоба алдындағы құжаттаманы түзету (бар болса) талап етілмейді.

**Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.07.2019 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

74-1. ТЭН-ді экономикалық сараптама жүргізбей және экономикалық қорытынды алмай түзету мынадай:

1) осы Қағидалардың 116-тармағында көзделген;

2) егер іс-шараларды техникалық шешімдерді өзгертпей және қосымша шығыстарсыз іске асыру дәйектілігі және (немесе) мерзімдері өзгерген жағдайларда жүргізіледі.

Бюджет комиссиясының қарауынсыз және ұсынысынсыз түзетілген БИЖ ТЭН-ін бекітуге жол берілмейді.

**Ескерту. 74-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663; жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.07.2019 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

75. ТЭН-ді түзетуге және кейіннен республикалық БИЖ-ге қажетті сараптамалар жүргізуге байланысты шығыстар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жергілікті бюджет есебінен іске асырылатын БИЖ ТЭН-ін, сондай-ақ жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен қаржыландыруға жоспарланып отырған жергілікті БИЖ-ді түзетуге байланысты шығыстар және кейіннен қажетті сараптамалар жүргізу тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

75-1. БИЖ ТЭН түзету мәселелерін қарау осы Қағидалардың 114-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 75-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663 бұйрығымен.**

76. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663 бұйрығымен.

77. БИЖ ТЭН-ге түзету және түзетілген БИЖ ТЭН-не осы Қағидаларға сәйкес қажетті сараптамалар жүргізілгеннен кейін, ББӨ олардың түпнұсқаларын түзетілген БИЖ ТЭН-нің электрондық нұсқасын, оның ішінде жоба бойынша қаржылық-экономикалық модельді бере отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жолдайды.

Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі үшін құжаттар редакцияланбайтын графикалық форматта беріледі.

78. Осы Қағидалардың 74-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, түзетілген БИЖ ТЭН-ін қарау үшін ББӨ мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылып тиісті салыстырма кестесі қоса берілген, өзгеруі болжанатын техникалық шешімдерді және қосымша шығыстарды көрсете отырып, мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хат;

2) мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылған және Қазақстан Республикасының заңнамасында ресми құжаттар үшін белгіленген тәртіппен ресімделген, техникалық шешімдерді өзгертудің және қосымша шығыстар көздеудің орындылығын растайтын, тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптама қорытындысы;

3) бірінші басшы не оны алмастыратын адам не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адам қол қойған ресми хат нысанында ұсынылатын және техникалық шешімдерді өзгертудің

болжанатын параметрлерінің және қосымша шығыстарды көздеудің негізділігі мен анықтығын растайтын жобаның ерекшелігіне байланысты тиісті уәкілетті мемлекеттік органның қосымша салалық сараптама қорытындысы;

4) түзетілген БИЖ ТЭН-і;

5) осы Қағидалардың 52 және 53-тармақтарына сәйкес БИЖ-дің ерекшелігіне байланысты қажет болатын түзетілген БИЖ ТЭН-іне сараптамалардың қорытындылары мен талап етілетін құжаттар;

6) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның оң қорытындысын алған кезде (бекітілген бастапқы БИЖ ТЭН-і бойынша) бұрын қаралған БИЖ ТЭН-і бойынша сараптамалардың қорытындылары мен құжаттар;

7) бюджет комиссиясының БИЖ ТЭН-ін түзету орындылығы туралы тиісті ұсынысының көшірмесі;

8) бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылып, ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатын нысаналы пайдалану тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады.

9) егер БИЖ шет мемлекеттердің аумағында іске асырылса, БИЖ-дің құнын растайтын, аумағында осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген тиісті құжаттар аталған заңнаманың мәтінін қоса бере отырып әрі оның қазақ және (немесе) орыс тілдеріне аудармасын қамтамасыз ете отырып ұсынылады.

**Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

79. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган құжаттар топтамасы келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың жинақтылығын және түзетілген БИЖ ТЭН құрылымының осы Қағидаларға сәйкестігін тексереді және оларды ББӨ-ге мыналар:

1) осы Қағидалардың 78-тармағына сәйкес болуы қажет құжаттар;

2) осы Қағидаларға сәйкес болуы қажет бөлімдер БИЖ ТЭН-де болмаған кезде қайтарады.

Құжаттар топтамасы осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес келген жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган осы тармақта белгіленген мерзімнен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған тиісті заңды тұлғаға түзетілген БИЖ ТЭН-ін қарау үшін ББӨ ұсынған құжаттар топтамасын қоса бере отырып, түзетілген БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүргізу қажеттігі туралы хат жолдайды.

**Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

80. Бюджет заңнамасында белгіленген рәсімдер сақталмай бөлінген БИЖ түзету бойынша ТЭН әзірленген жағдайда, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 153-бабының 11-тармағына сәйкес осы Қағидалардың 78-тармағының б) тармақшасында көрсетілген экономикалық сараптама жүргізу үшін құжаттаманы ұсыну талап етілмейді.

81. Түзетілген БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған тиісті заңды тұлғаға осы Қағидалардың 77 және 78-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық топтамасы келіп түскен күннен бастап 26 (жиырма алты) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

**Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

82. Түзетілген БИЖ ТЭН-нің экономикалық сараптамасы БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы үшін осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

83. Түзетілген БИЖ ТЭН-інің құрылымы мен мазмұны, БИЖ ТЭН-інің тиісті бөлімдерінде өзгертілуі болжанатын техникалық шешімдер мен қосымша шығыстар бойынша негіздемелер мен есептеулердің бұрын бекітілген БИЖ ТЭН-імен салыстырмасын келтіре отырып, осы Қағидалардың 2.1-кіші бөлімінің ережелеріне сәйкес келеді.

84. Түзетілген БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы қорытындысының құрылымы мен мазмұны осы Қағидалардың 2.2-кіші бөлімінің ережелеріне сәйкес келеді.

5-параграф. Техникалық-экономикалық негіздемені талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау тәртібі

85. БИЖ-ді қарауды осы Қағидаларға сәйкес әзірленген ТЭН-нің және БИЖ ТЭН экономикалық сараптамасы қорытындысының негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

86. БИЖ ТЭН-і әзірленгеннен кейін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін сараптамалар жүргізілгеннен кейін ББӨ 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей БИЖ ТЭН-інің электрондық нұсқасын, оның ішінде БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге жауапты ББӨ-нің құрылымдық бөлімшесінің басшысы әр парағына қол қоятын БИЖ бойынша қаржылық-экономикалық модельді ұсына отырып, олардың түпнұсқалары мен көшірмелерін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жібереді.

Құжаттар редакцияланбайтын графикалық форматта МЖАЖ арқылы ұсынылады.

**Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

87. БИЖ-ге экономикалық қорытынды осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын БИЖ-дің экономикалық талдауын кешенді бағалаудың нысаны болып табылады және осы Қағидалардың 52 – 56, 58, 85-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық топтамасы енгізілгеннен кейін 32 (отыз екі) жұмыс күні ішінде жүргізіледі, онда Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған тиісті заңды тұлға жүзеге асыратын БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасына 26 (жиырма алты) жұмыс күні беріледі.

**Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

88. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган құжаттар топтамасы келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды ББӨ-ге мынадай:

1) БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүргізу үшін болуы қажет сараптамалар болмаған;

2) БИЖ ТЭН-де осы Қағидаларға сәйкес болуы қажет бөлімдер болмаған жағдайларда қайтарады.

**Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

89. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган БИЖ-ді БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы қорытындысының

негізінде қарайды және олар бойынша экономикалық қорытындыны ББӘ-ге жолдайды.

90. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган БИЖ ТЭН-і бойынша құжаттардың толық топтамасы алынған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған заңды тұлғаға ТЭН түпнұсқалары мен тиісті сараптамаларды қоса бере отырып, БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүргізу қажеттілігі туралы хат жолдайды.

**Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

91. БИЖ ТЭН-і экономикалық сараптамасының қорытындысын Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған тиісті заңды тұлғалар БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға БИЖ ТЭН-і бойынша құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 26 (жиырма алты) жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жібереді.

**Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

92. Осы Қағидалардың 88-тармағында көзделген жағдайларда, сондай-ақ БИЖ ТЭН-ін пысықтау қажет болған жағдайда, ББӘ 30 (отыз) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 52-56, 58-тармақтарында көзделген тәртіппен пысықталған құжаттарды қайта енгізеді.

**Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

93. Тиісті сараптамалардың оң қорытындыларын алған ТЭН, оның ішінде түзетілген БИЖ ТЭН-і мен ЖСҚ-ны Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның бірінші басшысы – ББӘ не оны алмастыратын тұлға, не мемлекеттік органның бірінші басшысы уәкілеттік берген тұлға бекітеді.

**Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.03.2015 № 200 бұйрығымен.**

93-1. ТЭН бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде ЖСҚ әзірлеу немесе жобаны іске асыру басталмаған (әзірленбеген), оның ішінде түзетілген БИЖ ТЭН-ге арналған экономикалық қорытынды ескірген болып есептеледі.

Ескерту. 93-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.03.2015 № 200; жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

**6-параграф. Техникалық-экономикалық негіздемені талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеу тәртібі**

94. БИЖ іріктеуді және тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығаруды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ББӘ Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 66-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде жүзеге асырады.

95. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ББӘ БИЖ-ді олардың қаржы қаражатымен қамтамасыз етілуі, растайтын құжаттарының болуы тұрғысынан қарайды және олар бойынша қорытындыны Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес МИЖ инвестициялық ұсынысының оң экономикалық қорытындысын, БИЖ бойынша экономикалық қорытындыны ескере отырып, бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Жергілікті атқарушы органдарға нысаналы даму трансферттері мен бюджеттік кредиттерді беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламалар) берілетін бюджеттік өтінімдер бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындылары өңірлік саясат мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымдары ескеріле отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

Ескерту. 95-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.

96. Бекітілген БИЖ ТЭН-інің, БИЖ бойынша оң экономикалық қорытындының және тиісті бюджет комиссиясының оң шешімінің негізінде БИЖ тиісті бюджет жобасына енгізіледі.

97. БИЖ олардың белгіленген тәртіппен бекітілген ТЭН-іне сәйкес іске асырылады.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.

98. БИЖ іске асыру шеңберінде көзделетін құрылыс қызметі белгіленген тәртіппен бекітілген ЖСҚ негізінде жүзеге асырылады.

6-1-параграф. Пилоттық жоба шеңберінде іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобаларды әзірлеу, қарау және іріктеу тәртібі

Ескерту. 3-тарау 6-1-параграфпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98-1. Пилоттық жобаны әзірлеу, қарау және іріктеу процесі мынадай негізгі кезеңдерді қамтитын іс-шаралар кешенін білдіреді:

1) кешенді ведомстводан тыс сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымға құрылыс құнының есебін ББӨ-нің дайындауы және ұсынуы;

2) құрылыс құны есебінің ведомстводан тыс кешенді сараптамасын қарау және жүргізу;

3) бюджетті әзірлеу сатысында іріктеу және тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару.

98-2. Пилоттық жоба шеңберінде іске асырылатын БИЖ мынадай құжаттарды қамтиды:

1) "Құрылыстағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 249-нқ бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 16073 болып тіркелген) 8-қосымшаға сәйкес айқындалатын құрылыс құнының есебі;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 10722 болып тіркелген) Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларында көзделген объектінің сметалық құнының лимитін есептеу нәтижелері туралы келісу-хат.

98-3. Ведомстводан тыс кешенді сараптамамен келісілген құрылыс құнының есебі ББӨ бұйрығымен бекітіледі және жоспарланатын кезеңге арналған лимиттің мөлшерін айқындау және ЖСҚ әзірлеуге қаражат бөлу үшін негіз болып табылады.

98-4. Пилоттық жоба шеңберінде іске асырылатын БИЖ-ді іріктеуді және тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығаруды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ББӨ осы Қағидалардың 98-2-тармағында көрсетілген құжаттарды және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24

қарашадағы № 511 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 10007 болып тіркелген) бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына сәйкес дайындалған бюджеттік өтінімді ұсынған кезде жүзеге асырады.

98-5. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган пилоттық жоба шеңберінде іске асырылатын БИЖ-ді қаржы қаражатымен қамтамасыз етілу, құрылыс құнының растайтын есебінің, объектінің сметалық құнының лимитін есептеу нәтижелері туралы келісу хатының болуы тұрғысынан қарайды және олар бойынша қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

98-6. Бекітілген есептің, объектінің сметалық құнының лимитін есептеу нәтижелері туралы келісу хаттың және пилоттық жоба шеңберінде іске асырылатын БИЖ-дің тиісті бюджет комиссиясының оң шешімінің негізінде тиісті бюджет жобасына енгізіледі.

98-7. Пилоттық жоба шеңберінде іске асырылатын БИЖ-ді қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты және (немесе) республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен жүзеге асырылады. Бірлесіп қаржыландыру көлемі ағымдағы жағдайды және тиісті бюджеттердің мүмкіндіктерін ескере отырып, айқындалады.

98-8. Пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде көзделетін құрылыс қызметі белгіленген тәртіппен бекітілген ЖСҚ-ға сәйкес жүзеге асырылады.

98-9. Пилоттық жобаны жоспарлау және іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы, сондай-ақ пилоттық жобаның мемлекеттік бағдарламалар мен аумақтарды дамыту бағдарламаларында болуы негіз болып табылады.

## **7-параграф. Техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау және іріктеу тәртібі**

99. ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ-ді қарауды осы Қағидалардың 2-тарауында айқындалған тәртіппен МИЖ инвестициялық ұсынысының негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

100. ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ-ді іріктеуді және тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығаруды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ББӘ Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 66-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде жүзеге асырады.

101. ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ тізбесін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді және оны Қазақстан

Республикасы Бюджет кодексінің 153-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Үкіметтік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру болжанатын жобаларды қоспағанда, ақпараттандыру объектілерін құруды және дамытуды көздейтін бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша ТЭН әзірлеу талап етілмейді.

**Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

102. Құрылыс қызметін болжайтын БИЖ-ге Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары барлау және қарсы барлау салаларында іске асыру жоспарланып отырған жобаларды қоспағанда, жер учаскесіне құқық беру туралы жерге орналастыру жобасы (қажет болған жағдайда жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар шығындарының, алынып қойылатын алқаптардың түріне байланысты ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісі шығындарының есептерін қоса бере отырып) қоса беріледі.

**Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.01.2021 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

103. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ТЭН әзірлеуді талап етпейтін ББӘ БИЖ-ін олардың қаржы қаражатымен қамтамасыз етілуі, растайтын құжаттарының болуы тұрғысынан қарайды және олар бойынша қорытындыны Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес МИЖ инвестициялық ұсынысының оң экономикалық қорытындысын ескере отырып, бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Жергілікті атқарушы органдарға нысаналы даму трансферттері мен бюджеттік кредиттерді беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға берілетін бюджеттік өтінімдер бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындылары өңірлік саясат мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымдары ескеріле отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

104. МИЖ-дің инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытындының және тиісті бюджет комиссиясының оң шешімінің негізінде ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ тиісті бюджет жобасына енгізіледі.

105. Тиісті қаржы жылының бюджетіне енгізілген, ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ бойынша ББӘ Қазақстан Республикасының сәулет, қала

құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес ЖСҚ әзірлеуді қамтамасыз етеді.

106. Бірыңғай техникалық параметрлері бар БИЖ бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үлгі жобаны әзірлеу жүзеге асырылады.

107. БИЖ іске асыру кезінде үлгі жобаларды қолдану нақты құрылыс алаңына байланыстыру жолымен жүзеге асырылады.

#### **8-параграф. Сметалық құнын ұлғайтуды болжайтын жобаларды қарау және іріктеу тәртібі**

108. ЖСҚ-ны түзетуге немесе оған бекітілген ТЭН-де немесе БИЖ үлгі жобасында көзделмеген бюджеттен қосымша шығыстарға алып келетін қосымша құрамдауыштар енгізуге байланысты республикалық БИЖ сметалық құнының ұлғаюына байланысты шығыстар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

109. ЖСҚ-ны түзетуге немесе оған бекітілген ТЭН-де немесе БИЖ үлгі жобасында көзделмеген бюджеттен қосымша шығыстарға алып келетін қосымша құрамдауыштар енгізуге байланысты жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті БИЖ сметалық құнының ұлғаюына байланысты шығыстар тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады

Жергілікті бюджетте қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, стратегиялық және (немесе) әлеуметтік маңызы бар, республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен астанада іске асырылатын, ЖСҚ-ны түзетуге немесе оған бекітілген ТЭН-де немесе БИЖ-дің үлгі жобасында көзделмеген, қосымша бюджет шығыстарына алып келетін қосымша құрамдауыштарды енгізуге байланысты, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1000000 астам еселенген мөлшерін құрайтын жергілікті БИЖ сметалық құнының ұлғаюы бойынша шығыстар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

110. ЖСҚ-ны түзетуге немесе оған бекітілген ТЭН-де немесе БИЖ-дің үлгі жобасында көзделмеген, қосымша бюджет шығыстарына алып келетін қосымша құрамдауыштарды енгізуге байланысты БИЖ-дің сметалық құнын бюджет комиссиясының қарауынсыз және ұсынысынсыз ұлғайтуға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қазақстан Республикасының Үкіметі жасаған қарыз туралы шарт шеңберінде іске асырылып жатқан БИЖ бойынша бюджеттік инвестициялық жобалардың сметалық құнын ұлғайтуды, егер қарыз шартының талаптарына сәйкес мердігермен азаматтық-құқықтық

шартта құнын ұлғайтуды қаржыландыру жөнінде өзге де талаптар белгіленген болса, азаматтық-құқықтық шартқа сәйкес ЖСҚ түзетпей қаржыландыруға болады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген БИЖ бойынша азаматтық-құқықтық шарттың талаптарына сәйкес жол учаскелерінің сметалық құнын ұлғайтуды РБК-ның қарауынсыз қаржыландыруға жол берілмейді.

**Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.**

111. Республикалық немесе жергілікті бюджетке енгізілмеген БИЖ бойынша ЖСҚ әзірлеуге жол берілмейді.

112. Сметалық құнын ұлғайтуды болжайтын республикалық БИЖ-ді және стратегиялық және (немесе) әлеуметтік маңызы бар, республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы даму трансферттері есебінен астанада іске асырылатын, сметалық құнын ұлғайту ЖСҚ-ны түзетуге немесе оған бекітілген ТЭН-де немесе БИЖ үлгі жобасында көзделмеген, қосымша бюджет шығыстарына алып келетін қосымша құрамдауыштарды енгізуге байланысты және республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1000000 астам еселенген мөлшерін құрайтын жергілікті БИЖ-ді қарау осы Қағидалардың 114 және 115-тармақтарында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

113. Стратегиялық және (немесе) әлеуметтік маңызы бар, республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен астанада іске асырылатын, сметалық құнын ұлғайту ЖСҚ-ны түзетуге немесе оған бекітілген ТЭН-де немесе БИЖ-дің үлгі жобасында көзделмеген, қосымша бюджет шығыстарына алып келетін қосымша құрамдауыштарды енгізуге байланысты, осы Қағидалардың 114 және 115-тармақтарында айқындалған тәртіппен республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1000000 астам еселенген мөлшерін құрайтын жергілікті БИЖ-ді қоспағанда, жергілікті БИЖ-ді, сондай-ақ сметалық құнын ұлғайту болжанатын, нысаналы даму трансферттері мен жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін кредиттер есебінен қаржыландыру жоспарланатын жергілікті БИЖ-ді қарауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

**Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663 бұйрығымен.**

114. БИЖ ТЭН-ін түзету не ТЭН-ді түзетуді талап ететін БИЖ-дің сметалық құнын ұлғайту мәселелерін шығару екі кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезең бойынша:

1) осы Қағидалардың 74-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ББӨ-нің БИЖ ТЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсыныс әзірлеуі және оны

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

2) тиісті бюджет комиссиясының ББӨ ұсынатын құжаттардың және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға БИЖ ТЭН-ін түзету жөніндегі инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытындының негізінде БИЖ ТЭН-ін түзетудің және БИЖ ТЭН-ін түзетуді қаржыландырудың (қажет болса) орындылығын айқындау жөніндегі шешімі. Егер осы Қағидалардың 74-1-тармағында көзделген жағдайда БИЖ ТЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды талап етілмейді.

Бірінші кезеңде БИЖ ТЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, қарау және іріктеу процесі осы Қағидалардың 2-тарауында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

БИЖ ТЭН-ін түзетудің орындылығы мәселесін тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін ББӨ бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті салыстырма кестесі қоса берілген, өзгеруі болжанатын техникалық шешімдерді және қосымша шығыстарды көрсете отырып, мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хат;

2) мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылған және Қазақстан Республикасының заңнамасында ресми құжаттар үшін белгіленген тәртіппен ресімделген, техникалық шешімдерді өзгертудің және қосымша шығыстар көздеудің орындылығын растайтын, тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптамасының қорытындысы;

3) БИЖ-дің ерекшелігіне байланысты қажетті сараптамалардың қорытындылары;

4) осы Қағидалардың 74-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, БИЖ ТЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсынысқа мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысы;

5) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 153-бабында белгіленген рәсімдер сақталмай тиісті бюджетте бекітілген жобаларды қоспағанда,

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның оң қорытындысын алған кезде бұрын қаралған БИЖ ТЭН-і бойынша сараптама қорытындысы мен құжаттары (бекітілген бастапқы БИЖ ТЭН-і);

6) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізіліп жатқан түзету туралы бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатын нысаналы пайдалану тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады.

7) қол жеткізбеудің себептері көрсетіле отырып, бекітілген БИЖ ТЭН-інде бөлінген бюджет қаражаты толық игерілген кезде де аталған көрсеткіштерге қол жеткізу не жеткізбеу туралы ақпаратты қамтитын, мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адам қол қойған түсіндірме жазба.

Бірінші кезеңде осы Қағидалардың 112-тармағында көзделген, республикалық бюджет қаражаты есебінен сметалық құнын ұлғайтуды қаржыландыру болжанатын жергілікті БИЖ бойынша жергілікті атқарушы орган қорытынды дайындайды және жергілікті БИЖ ТЭН-ін түзету мәселесін РБК қарауына шығару мақсатында кейіннен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізу үшін осы тармақта көрсетілген құжаттармен қоса, БИЖ-ді республикалық бюджеттік бағдарламаның тиісті әкімшісіне енгізеді.

ББӨ тиісті бюджет комиссиясының оң шешімін алған кезде БИЖ ТЭН-іне тиісті түзетулер енгізеді.

Екінші кезең бойынша:

1) осы Қағидалардың 74-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ББӨ-нің түзетілген БИЖ ТЭН-ін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

2) тиісті бюджет комиссиясының түзетілген ТЭН бойынша БИЖ-ді қаржыландырудың орындылығын айқындау жөніндегі шешімі.

Екінші кезеңде түзетілген БИЖ ТЭН-ін қарауды осы Қағидалардың 3-тарауының 4-параграфында айқындалған тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган түзетілген БИЖ ТЭН-і бойынша

қаржыландырудың орындылығы мәселесін тиісті бюджет комиссиясының қарауына ББӨ ұсынатын мынадай құжаттардың негізінде шығарады:

1) БИЖ-дің ерекшелігіне байланысты талап етілетін түзетілген БИЖ ТЭН-іне сараптамалардың қорытындылары;

2) осы Қағидалардың 74-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, түзетілген БИЖ ТЭН-іне экономикалық сараптаманың оң қорытындысы және экономикалық қорытынды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында ресми құжаттар үшін белгіленген тәртіппен ресімделген, техникалық шешімдерді өзгертудің және қосымша шығыстар көздеудің орындылығын растайтын тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органының салалық сараптама қорытындысы;

4) түзетілген БИЖ ТЭН-і;

5) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатын нысаналы пайдалану тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады;

6) түзетілген БИЖ ТЭН-іне кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысы;

7) БИЖ-дің сметалық құнының ұлғаю себептерінің негіздемесімен бірге түзетілген құнға арналған ведомстволық нормативтерге сәйкес объектіні пайдалануға беру шығыстары бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысы (бар болса).

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қауіп төнуіне байланысты кідіртпей пайдалануға беруді талап ететін бірыңғай энергетикалық жүйенің ірі объектілері мен техникалық тұрғыдан күрделі атом және жылу энергетикалық кешен объектілері үшін іске қосу-баптау жұмыстарының шығындары уәкілетті мемлекеттік органның елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіп төнуін де растайтын салалық сараптама қорытындысында ұсынылған есептемелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Екінші кезеңде:

сметалық құнының ұлғаюын республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру болжанатын осы Қағидалардың 112-тармағында көзделген республикалық БИЖ бен жергілікті БИЖ-дің түзетілген ТЭН-і бойынша қаржыландырудың орындылығын РБК қарайды;

сметалық құнының ұлғаюын жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру болжанатын жергілікті БИЖ-дің түзетілген ТЭН-і бойынша қаржыландырудың орындылығын тиісті бюджет комиссиясы қарайды.

Тиісті бюджет комиссиялары іріктеп алған сметалық құнының ұлғаюы болжанатын БИЖ бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке енгізіледі.

**Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

115. ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді талап етпейтін БИЖ құнын өзгерту мәселелерін шығару екі кезеңмен жүзеге асырылады.

Бірінші кезең – ББӘ ұсынатын құжаттар негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның қорытындысы негізінде ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ бойынша ЖСҚ-ны түзетудің не инвестициялық ұсыныстың орындылығын айқындау жөніндегі тиісті бюджет комиссиясының шешімі.

Екінші кезең – ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ бойынша ТЭН әзірлеуді немесе түзетуді талап етпейтін түзетілген БИЖ ЖСҚ не инвестициялық ұсыныс бойынша ұлғайтылған құнды қаржыландыру туралы тиісті бюджет комиссиясының шешімі.

Бірінші кезеңде ББӘ БИЖ-дің ерекшелігіне байланысты бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға мыналарды ұсынады:

1) болжанатын қымбаттау сомасы көрсетілген мемлекеттік орган – ББӘ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӘ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хат;

2) мемлекеттік орган – ББӘ-нің бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не мемлекеттік орган – ББӘ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адам қол қойған түсіндірме жазба, онда мынадай ақпарат қамтылады:

БИЖ-ді іске асыруды аяқтау үшін талап етілетін болжанатын қосымша бюджет шығыстарының негіздемесі;

мемлекеттік сатып алуды өткізу нәтижесінде үнемделген соманы (егер үнемдеу бар болса) көрсете отырып, БИЖ-ді іске асыру шеңберінде жасалған шарттар туралы ақпарат (ЖСҚ әзірлеу және басқалар);

әрбір жыл үшін жобаны бюджеттен қаржыландыру (құрылыс үшін ЖСҚ әзірлеу басталғаннан бастап). Игерілмеу жағдайлары орын алған болса, оның

себептері көрсетіле отырып, бұл ақпарат әрбір жылдағы жоспармен және фактімен сүйемелденеді;

қымбаттауға алып келетін себептерді егжей-тегжейлі көрсету (ББӘ-ні шартта көрсетілген бағаны (сметаны) ұлғайту қажеттілігі туралы ескертудің уақтылылығын растайтын мердігерлер хаттарының көшірмелерін қоса бере отырып);

оның кінәсінен қымбаттау орын алған ұйым не жеке тұлға, сондай-ақ осы ұйымға не жеке тұлғаға қатысты қабылданған шаралар;

техникалық зерттеп-қараумен және техникалық қадағалау актісімен расталған аяқталмаған құрылыстың жай-күйі туралы мәліметтер;

бөлінген бюджет қаражаты толық игерілген кезде де қол жеткізбеудің себептері көрсетіле отырып, ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ бойынша бекітілген БИЖ-де не инвестициялық ұсыныста аталған көрсеткіштерге қол жеткізу не жеткізбеу туралы ақпарат;

3) мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылған, мөрмен расталған, ресми хат нысанында ұсынылатын және ББӘ түсіндірмесін қоса бере отырып, жобаның сметалық құнын ұлғайтудың негізділігі мен анықтығын растайтын, БИЖ-дің ерекшелігіне байланысты тиісті уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасының қорытындысы;

4) ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған ЖСҚ-ның бастапқы құнына кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысы не БИЖ бойынша ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың қорытындылары;

5) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамада көзделген жағдайларда бастапқы құнға бұйрық;

6) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізіліп жатқан түзету туралы бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатын нысаналы пайдалану тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады;

7) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау

жөніндегі жергілікті уәкілетті органға электрондық нысанда ұсынылатын, мемлекеттік орган – ББӘ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӘ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған салыстырма кесте және құнын ұлғайту болжанатын жобалар бойынша құжаттаманың тізбесі;

8) құжаттарды ұсынған күнге дейін 1 (бір) ай бұрын түсірілген, объектінің іс жүзіндегі жай-күйі туралы толық көрініс беретін материалдар, фото немесе бейне түсірілімдер;

9) бұрын бекітілген БИЖ ЖСҚ-ның жобалық шешімдеріне енгізу болжанатын өзгерістердің орындылығы туралы кешенді ведомстводан тыс сараптама хаты.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы тармақта көрсетілген құжаттар топтамасын қарайды және олар бойынша қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша құнының ұлғаюын республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру болжанатын осы Қағидалардың 112-тармағында көзделген жергілікті БИЖ бойынша жергілікті атқарушы орган қорытынды дайындайды және БИЖ-ді республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару мақсатында кейіннен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізу үшін республикалық бюджеттік бағдарламаның тиісті әкімшісіне осы тармақта көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып енгізеді.

ББӘ тиісті бюджет комиссиясының оң қорытындысын алған кезде ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ бойынша ЖСҚ-ға не инвестициялық ұсынысқа тиісті түзетулер енгізеді.

Екінші кезеңде ББӘ бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ бойынша түзетілген ЖСҚ не инвестициялық ұсыныс енгізеді, сондай-ақ БИЖ-дің ерекшелігіне байланысты:

ЖСҚ-ның кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын;

салалық уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысын;

ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ бойынша ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қорытындыларды;

БИЖ-дің сметалық құнының ұлғаю себептерінің негіздемесімен бірге түзетілген құнға арналған ведомстволық нормативтерге сәйкес объектіні

пайдалануға беру шығыстары бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын (бар болса) енгізеді.

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қауіп төнуіне байланысты кідіртпей пайдалануға беруді талап ететін бірыңғай энергетикалық жүйенің ірі объектілері мен техникалық тұрғыдан күрделі атом және жылу энергетикалық кешен объектілері үшін іске қосу-баптау жұмыстарының шығындары уәкілетті мемлекеттік органның елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіп төнуін де растайтын салалық сараптама қорытындысында ұсынылған есептемелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган БИЖ-дің ерекшелігіне байланысты тиісті бюджет комиссиясының қарауына осы тармақтың 1) – 8) тармақшаларында көрсетілген ББӘ ұсынған құжаттардың негізінде ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ бойынша түзетілген ЖСҚ не инвестициялық ұсыныс бойынша БИЖ құнының ұлғаюын, сондай-ақ түзетілген БИЖ ЖСҚ-сына кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысын, ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ бойынша түзетілген инвестициялық ұсынысқа ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік салаларындағы қорытындыны, ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ бойынша түзетілген БИЖ ЖСҚ не инвестициялық ұсыныс енгізеді.

Екінші кезеңде:

құнының ұлғаюын республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру болжанатын осы Қағидалардың 112-тармағында көзделген республикалық БИЖ бен жергілікті БИЖ құнының ұлғаюын қаржыландырудың орындылығын РБК қарайды;

құнының ұлғаюын жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру болжанатын жергілікті БИЖ құнының ұлғаюын қаржыландырудың орындылығын тиісті бюджет комиссиясы қарайды.

Тиісті бюджет комиссиялары іріктеп алған құнының ұлғаюы болжанатын БИЖ бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке енгізіледі.

**Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

115-1. Осы Қағидалардың 114 және 115-тармақтарының ережелері осы Қағидалардың 110-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген БИЖ-ге қолданылмайды.

Осы Қағидалардың 110-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген БИЖ бойынша ББӘ бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға:

1) болжанатын қымбаттау сомасын көрсете отырып, мемлекеттік органның бірінші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хатты;

2) мемлекеттік органның бірінші басшысы қол қойған түсіндірме жазбаны ұсынады, онда мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

болжанатын қосымша бюджет шығыстарының негіздемесі;

ЖСҚ әзірлеу басталғаннан бастап жобаны бюджеттен әр жылда қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл ақпарат игерілмеу не қаражат үнемдеу болған жағдайда себептері көрсетіле отырып, әрбір жылдағы жоспармен және фактімен сүйемелденеді;

қымбаттауға әкеп соғатын себептерді егжей-тегжейлі көрсету;

3) тиісті уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы қол қойған салалық қорытындыны;

4) бірінші басшы қол қойған, мөрмен расталған осы Қағидаларға 16-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салыстырма кестені;

5) бірінші басшы қол қойған, жалғасатын және аяқталған жобалар бойынша жеке-жеке төлеуге арналған фискалдық сертификатты (жұмыстардың көлемі бойынша ведомостерді, құндық деректері бар эскалация бойынша есептемелерді қоса бере отырып);

6) бірінші басшы қол қойған сертификаттар тізілімін;

7) жобаның қымбаттауы бойынша шығыстар сметаларын және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құны қымбаттаған жағдайда бағалар бойынша статистикалық деректерді;

8) бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылып, ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хатты ұсынады.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатын нысаналы пайдалану тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы тармақта көрсетілген құжаттар топтамасын қарайды және ол бойынша қорытындыны РБК-ның қарауына енгізеді.

РБК-ның оң шешімін алған кезде Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қазақстан Республикасының Үкіметі жасасқан қарыз шарты шеңберінде іске асырылатын БИЖ бойынша азаматтық-құқықтық шарттың талаптарына сәйкес жол учаскелерінің сметалық құнының ұлғаюын қаржыландыруға жол беріледі.

Ескерту. Қағида 115-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а.15.08.2016 № 371 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

116. Ұлттық валютаның шетел валютасына қатысты бағамының елеулі өзгеруі себебінен, бірақ техникалық шешімдерді өзгертуге алып келмейтін, жаңа объектілерді құруға (салуға) не бар объектілерді реконструкциялауға бағытталған БИЖ-дің сметалық құны ұлғайған жағдайда, кейіннен ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу арқылы ЖСҚ-ны түзету жүргізіледі.

БИЖ-дің сметалық құны ұлғайтылған жағдайда ұлттық валютаның шетел валютасына бағамының елеулі өзгеруі себебінен ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған, бірақ техникалық шешімдердің өзгеруіне әкеп соқпайтын БИЖ құнына инвестициялық ұсынысты және/немесе БИЖ ТЭН түзету жүргізіледі, бұл ретте экономикалық сараптама мен қорытынды талап етілмейді.

Ұлттық валютаның шетел валютасына қатысты бағамының елеулі өзгеруі себебінен, бірақ техникалық шешімдерді өзгертуге алып келмейтін, үкіметтік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру болжанатын ақпараттандыру объектілері бойынша БИЖ-дің сметалық құны ұлғайған жағдайда, ТЭН-ді түзету жүргізіледі, бұл ретте экономикалық сараптама мен қорытынды талап етілмейді.

Ұлттық валютаның шетел валютасына қатысты бағамының елеулі өзгеруі себебінен, бірақ техникалық шешімдерді өзгертуге алып келмейтін, ЖСҚ әзірлеуді қажет етпейтін БИЖ-дің құны ұлғайған жағдайда, ТЭН-ді түзету жүргізіледі, бұл ретте экономикалық сараптама мен қорытынды талап етілмейді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган аталған мәселені осы Қағидалардың 114 және 115-тармақтарында айқындалған тәртіппен тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. Егер БИЖ шет мемлекеттердің аумағында іске асырылатын жағдайда, аумағында аталған заңнама мәтінін қоса бере отырып және оның қазақ және/немесе орыс тілдеріне аударылуын қамтамасыз ете отырып, осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылысы саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген БИЖ-нің бастапқы және түзетуге ұсынылатын құнын растайтын тиісті құжаттар ұсынылады.

**Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

118. Құжаттаманың толық топтамасы ұсынылмаған не қымбаттаудың пайда болуының айқын және негізді себептері берілмеген, сондай-ақ кінәлі адамдар немесе ұйымдар және оларға қолданылған шаралар (егер ондай болса) көрсетілмеген БИЖ сметалық құнының ұлғаюы тұрғысынан қаралмайды.

**9-параграф. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың, институционалдық МЖӘ жобаларының қаржы-экономикалық негіздемесін әзірлеудің, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізудің тәртібі мен мерзімдері**

**Ескерту. 9-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.**

Ескерту. 9-параграф жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663 бұйрығымен.

119. Инвестициялар ҚЭН-і іс-шараларының толық инвестициялық кезеңін ескере отырып, Инвестициялар ҚЭН-інде Инвестициялардың орындылығын растау, сондай-ақ жоспарланатын іс-шаралардың негізділік және нәтижелілік өлшемдеріне сәйкестігін растау келтіріледі.

Егер бірнеше көздерден қаржыландыру болжанатын жағдайда, Инвестициялар ҚЭН-інде Инвестициялар сомасының негіздемесін бөліп көрсете отырып, барлық іс-шаралардың орындылығы және негізділік пен нәтижелілік өлшемдеріне сәйкестігі ашылады.

120. Алушы не Қатысушылар не ББӘ Инвестициялар ҚЭН-ін әзірлеуі немесе түзетуі мүмкін.

Инвестициялар ҚЭН-інің мақсаттары мен міндеттері инвестициялық ұсынысқа сәйкес келеді.

Егер Инвестициялар МЖӘ институционалдық жобалары бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған болса, Инвестициялардың мақсаттары мен міндеттері МЖӘ жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.

121. Заңды тұлғаның даму мақсаттарына заңды тұлғаның жарғылық капиталын бюджет қаражаты есебінен ұлғайтуға жол беріледі.

Заңды тұлғалар жарғылық капиталды қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бюджет қаражатын бөлу, төлем үшін мемлекеттік меншік объектілерін беру арқылы мемлекеттің олардың жарғылық капиталына қатысуы нәтижесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларда квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жатады.

Шығындарды жабу бойынша түпкілікті және тікелей нәтижелердің тиісті көрсеткіштерімен заңды тұлғаның шығындарын тікелей жабу мақсаттарына және ағымдағы шығыстарды қаржыландыруға бағытталған іс-шараларға заңды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайтуға жол берілмейді.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.05.2020 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Инвестициялар ҚЭН-і мынадай құрылымға сәйкес келеді:

- 1) Инвестициялардың паспорты;
- 2) "Ретроспектива" бөлімі;
- 3) "Институционалдық" бөлімі;
- 4) "Негізділік" бөлімі;
- 5) "Нәтиже" бөлімі;

5-1) "Жобаны басқару" бөлімі (республикалық бюджеттен қаржыландырылатын жобаларды)

6) қосымшалар.

Мұндай толықтыру мақсаттарды, міндеттерді, басты көрсеткіштерді, қаржы-экономикалық қызметтің көрсеткіштерін және ұйым туралы басқа мәліметтерді ашу үшін орынды болғанда, инвестициялардың ҚЭН-і басқа бөлімдермен, тараулармен, параграфтармен және қосымшалармен толықтырылуы мүмкін. Инвестициялардың ҚЭН-і бөлімдермен, бөлімдер тараулармен, ал тараулар параграфтармен толықтырылған жағдайда, әрбір қосымша ұсынылатын бөлімнің және (немесе) тараудың және (немесе) параграфтың тиісті белгісі ("бөлім", "тарау", "параграф"), сондай-ақ атауы болуға тиіс.

Ескерту. 122-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

123. Инвестициялар паспорты осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

124. "Ретроспектива" бөлімі мынадай құрылымға сәйкес келеді:

1) "Қатысушылардың қаржылық жағдайын талдау" параграфы, онда қатысушылардың қаржылық жағдайы, оның ішінде бар талаптар мен міндеттемелердің сомасы және сапасы туралы ақпарат келтіріледі;

Егер Инвестициялар МЖӘ институционалдық жобалары бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған болса, бұл параграф ұсынылмайды;

2) егер Инвестициялар алушы қаржы ұйымы болып табылған жағдайда, "Несие қоржыны" параграфы. Параграфта Инвестициялар ҚЭН-ін енгізудің алдындағы соңғы 3 (үш) жыл ішіндегі Инвестициялар ҚЭН-ін енгізудің алдындағы айдың соңындағы жағдай бойынша қаржыландыру көздері (бюджет қаражаты, меншікті қаражат, үшінші тараптардың қарыздары, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты) бөлінісінде Инвестицияларды алушының несие қоржынының жай-күйі туралы тоқсан сайынғы ақпарат келтіріледі;

3) "Макроэкономикалық ортаны талдау" параграфы, онда Инвестициялар ҚЭН іс-шараларының іске асырылуы әсер ететін, кемінде соңғы үш жылдағы негізгі макроэкономикалық (өңірлік, салалық) көрсеткіштер және даму серпіні көрсетіле отырып, Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асыру болжанатын макроэкономикалық ортаны (ел, өңір немесе сала) талдау және оның сипаттамасы келтіріледі;

4) "Маркетингтік ортаны талдау" параграфы, онда кемінде соңғы үш жылда, Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асыру әсер ететін, негізгі көрсеткіштер мен даму серпіні көрсетіле отырып, Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асыру болжанатын маркетингтік ортаны талдау келтіріледі.

Маркетингтік ортаны талдау ақпарат көзін көрсете отырып, Инвестициялар алушы жұмыс істейтін нарықтың, сондай-ақ Инвестициялар есебінен өндірілетін өнімді өткізу жоспарланып отырған нарықты талдауды, оның ішінде:

есептеулерді негіздей және деректерді іріктеуді айқындай отырып, нарықтың сыйымдылығын;

Инвестициялар алушының нарықтағы үлесін;

нарықтың өсу (қысқару) әлеуетін және нарық сыйымдылығы өзгерген жағдайда ұйым өнімінің үлесін;

бәсекелестердің сипаттамасын, бәсекелестердің нарықтағы үлесін;

төлем қабілеттілігін қоса алғанда, тұтынушылардың сипаттамасын қамтиды. Егер мемлекеттік мекемелер және (немесе) қатысушылар тұтынушылар болып табылса, олардың сатылатын өнімдегі үлесін көрсете отырып, осы ұйымдардың толық тізбесін келтіруі қажет.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.

125. "Институционалдық" бөлімі мынадай құрылымға сәйкес келеді:

- 1) "Қатысушылар туралы ақпарат" тарауы;
- 2) "Стратегиялық алғышарттар" тарауы.

126. "Қатысушылар туралы ақпарат" тарауы осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әр қатысушы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ ақша ағындарының сомалары мен бағыттары көрсетілген іс-шараларды іске асырудың қаржылық схемасын қамтиды.

127. "Стратегиялық алғышарттар" тарауы оларды іске асыру үшін Инвестициялар жоспарланатын стратегиялық құжаттар туралы ақпаратты (елдегі жағдай және Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы, нормативтік құқықтық актілер, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, бюджеттік бағдарлама, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы) қамтиды.

Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. "Негізділік" бөлімінде іс-шараларды іске асыруға арналған Инвестициялар мөлшерінің және Инвестициялардың ҚЭН-інің іс-шараларын баламалы көздерден қаржыландырудың мүмкін болмауының негіздемесі келтіріледі.

"Негізділік" бөлімі мынадай тарауларды қамтиды:

- 1) "Инвестициялар көлемі" тарауы;
- 2) "Қаржыландырудың балама көздері" тарауы;
- 3) "Инвестициялар ҚЭН-інің мақсаттары мен міндеттерінің инвестициялық ұсынысқа сәйкестігі" тарауы;
- 4) "Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің салалық картасы" тарауы;
- 5) "Болжанатын техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы мен негіздемесі" тарауы.

Егер Инвестициялар Институционалдық МЖӘ жобасын іске асыруға бағытталған болса, "Қаржыландырудың балама көздері" және "Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің салалық картасы" тараулары ұсынылмайды.

Егер Инвестициялар ақпараттандыру объектілерін құруды және дамытуды көздеген жағдайда "Болжанатын техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы мен негіздемесі" тарауы ұсынылуға тиіс.

Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.07.2019 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129. "Инвестициялар көлемі" тарауында әрбір құрамдауыш бөлінісінде Инвестициялар көлемінің құжатпен және есептеулермен расталған негіздемесі келтіріледі.

"Инвестициялар көлемі" тарауы мынадай параграфтарды қамтиды:

1) "Өнімдер" параграфы, онда осы Қағидалардың 124-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген ақпаратты ескере отырып, сатып алынатын өнімдер тізбесінің, саны мен сапасының негіздемесі келтіріледі;

2) "Бағалар негіздемесі" параграфы, онда Инвестициялар есебінен сатып алынатын өнімдер бағаларына талдау келтіріледі. Инвестициялар есебінен сатып алынатын өнімдердің бағалары осы Қағидалардың 138-тармағының 3) тармақшасында санамаланған құжаттармен бекітіледі.

Осы Қағидалардың 138-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, ББӨ ақпарат көзін көрсете отырып, сатып алу жоспарланатын өнімдердің қолданыстағы нарықтық бағалары туралы ақпаратты қоса береді.

Бағаларды талдау:

соңғы екі жылдағы бағалардың серпіні туралы ақпаратты және ағымдағы бағалардың ықтимал өзгеруі мен осындай өзгеріске әкелуі мүмкін оқиғаларды;

бағалардың ықтимал жеңілдіктерін, жеңілдіктер беру шарттарын (сатып алу көлемі, төлеу шарттары) қамтиды;

3) "Айналым қаражатын толықтыру" параграфы, онда ақшаға қажеттігі ашып көрсетіледі, бірақ төменде келтірілген тізбемен шектелмейді:

қаржылық өнімдер бөлінісінде клиенттердің болжамды саны, қаржылық қызметтің орташа сомасы көрсетілген қаржылық қызметтер көрсету;

пруденциялық нормативтерді сақтау;

Инвестициялар алушының ағымдағы шығыстарын қаржыландыру;

4) "Инвестициялар көлемі" параграфы, онда жоспарланатын Инвестициялардың мөлшерін растайтын есептеулер келтіріледі.

Есептеулер әрбір іс-шара бөлінісінде келтіріледі. Қажет болған жағдайда, объектіні іске қосу шығыстары (іске қосу-баптау жұмыстары) келтіріледі

Егер Инвестициялар мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асырылса, әзірлеуге қаражаттың болмауы бойынша негіздеме берілген жағдайда жоспарланатын Инвестициялардың мөлшеріне осы Қағидалардың 138, 139-тармақтарында көрсетілген растайтын құжаттарды қоса бере отырып, ЖСҚ әзірлеуге арналған шығыстар енгізіледі.

Объектіні салудың түпкілікті құны ЖСҚ әзірлеу және ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қорытындылары бойынша айқындалады. Бұл ретте Инвестициялардың ҚЭН-ін ББӨ қайта бекітуге тиіс.

Егер Инвестициялар қаржылық қызметтер көрсету үшін болжанатын болса, "Инвестициялар көлемі" тарауының құрылымдық элементтері мыналар болып табылады:

"Айналым қаражатын толықтыру" параграфы;

"Инвестициялар көлемі" параграфы.

Егер Инвестициялар шет мемлекеттердің аумағында іске асырылатын жағдайда, аумағында аталған заңнама мәтінін қоса бере отырып және оның қазақ және (немесе) орыс тілдеріне аударылуын қамтамасыз ете отырып, осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылысы саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялардың құнын растайтын тиісті құжаттар ұсынылады.

Егер Инвестициялар институционалдық МЖӨ жобалары бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған жағдайда "Өнімдер", "Бағаларды негіздеу", "Айналым қаражатын толықтыру" параграфтары ұсынылмайды. Инвестициялар көлемі мемлекеттік және жеке әріптестер арасындағы тиісті құжаттармен (келісімдер, шарттар, меморандумдар) расталады.

**Ескерту. 129-тармақ жана редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

130. "Қаржыландырудың балама көздері" тарауы мынадай параграфтарды қамтиды:

1) "Меншікті қаражат" параграфы, онда іс-шараларды меншікті қаражат есебінен қаржыландыру мүмкіндігіне талдау жасалады. Талдау бұрын бөлінген қаражатты заңды тұлғаның үлестес тұлғалары арасында қайта бөлу есебінен іс-шараларды қаржыландыру мүмкіндігін де қамтиды.

2) "Қарыз алу" параграфы, онда қарыз капиталын тарту мүмкіндігіне талдау жасалады. Талдау мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

сыйақы мөлшерлемесін, кредит беру мерзімдерін, міндеттемелерді өтеу шарттарын, оның ішінде жеңілдік кезеңін беру мүмкіндігін, заңды тұлғаның қолданыстағы шарттары ковенанттарының талаптарын қамтамасыз ету мен сақтауға қойылатын талаптарды қоса алғанда, кредитті алу шарттарына шолуды;

тікелей кредит беруді, қаржы лизингін, факторингті, облигациялық қарызды қоса алғанда, кредит беру құралдарына шолуды;

бюджеттік кредит беру мүмкіндігін қамтиды.

131. "Инвестициялар ҚЭН-інің мақсаттары мен міндеттерінің инвестициялық ұсынысқа сәйкестігі" тарауы Инвестициялар ҚЭН-інің мақсаттары мен міндеттерінің инвестициялық ұсынысқа сәйкестігі немесе сәйкессіздігі тұрғысында талдауды қамтиды.

131-1. "Квазимемлекеттік сектор субъектісінің салалық картасы" тарауында "квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іске асырылған, іске асырылатын және іске асыруға жоспарланатын инвестициялық жобалары бойынша" квазимемлекеттік сектор субъектісінің салалық картасы" нысаны бойынша ақпарат қамтылады, ол осы Қағидаларға 18-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік органның бірінші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық нысанда ұсынылады.

**Ескерту. 131-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

131-2. "Болжанатын техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы мен негіздемесі" тарауында мыналар қамтылады:

1) жоба ауқымының сипаттамасы және жоба қуатының есептік негіздемесі, жоба қуатын игеру серпіні;

2) технологиялар мен жабдықтарды таңдау негіздемесі, пайдаланылатын жабдықпен технологиялық үйлесімділік, баға-сапа оңтайлы арақатынасы, технологиялар мен жабдықтар таңдаудың балама нұсқалары, инновациялық жабдықты қолдану, жобада сапа стандарттарын пайдалану туралы ақпарат;

3) жобаның құрамдауыштары бойынша қаржыландыруды бөле отырып, жобаны іске асыру кестесі (оның ішінде технологиялық кезеңдер бойынша);

4) автоматтандырылған функциялар, процестер және оларды тұтынушылар тізбесі (use-case схемасы);

5) телекоммуникация схемасы және байланыс арналарына қойылатын талаптар, жобаның ауқымы мен қуатының сандық көрсеткіштері негізінде есептеу қуаттары мен сақтау көлемдеріне және есептеу құралдарының санына қойылатын талаптардың негіздемесі;

6) жүйе архитектурасының, жүйе құрамдауыштарының және олардың өзара байланысының жалпы сипаттамасы;

7) жобаны іске асыру нәтижесінде өзекті болмауы мүмкін мемлекеттік ақпараттандыру объектілерін және олардың құрамдауыштарын көрсету;

8) сыртқы ақпараттық жүйелермен интеграцияны көрсету;

9) ақпараттық қауіпсіздік талаптарын көрсету.

Инвестициялық ұсыныстың осы бөлімінде салыстырмалы талдау жүргізілетін және таңдап алынған нұсқаның негіздемесі ұсынылатын жобаның мақсатына

және нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізудің кемінде екі ықтимал нұсқасы көрсетіледі.

**Ескерту. 9-параграф 131-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.07.2019 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

132. "Нәтиже" бөлімінде есептеулермен расталған тікелей және түпкілікті нәтижелерді алу мүмкіндігінің негіздемесі, сондай-ақ Инвестициялар алушының қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарланған нәтижелері келтіріледі.

"Нәтиже" бөлімі мынадай құрылымға сәйкес келеді:

- 1) "Өндіріс және іске асыру" тарауы;
- 2) "Ресурстар" тарауы;
- 3) "Қаржы" тарауы;
- 4) "Тәуекелдер" тарауы;
- 5) "Қорытындылар" тарауы.

**Ескерту. 132-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.**

133. "Өндіріс және іске асыру" тарауында өнімді өндіру және сату жоспары келтіріледі. "Өндіріс және іске асыру" тарауы мынадай параграфтарды қамтиды:

1) "Лицензиялар және патенттер" параграфы, онда төменде келтірілген тізбемен шектелмейтін мыналар:

қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның болуы, лицензияның берілген күні мен нөмірі, кім бергені туралы;

кешенді кәсіпкерлік лицензияның бар-жоғы, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын жасасу мәні мен күні, қолданылу мерзімі, кешенді лицензиар туралы;

лицензияны алу қажеттілігі, лицензияны алуға арналған шығыстар туралы;

патенттердің және алдын ала патенттердің бар-жоғы, қашан және кім бергені, қолданыс мерзімі туралы ақпарат келтіріледі.

2) "Өндіріс жоспары" параграфы, онда мынадай:

нарық жағдайын, жасалған келісімшарттарды, тұтынушылармен алдын ала келісімдерді негізге ала отырып, өндірістік бағдарламаның (өнімдер бөлінісінде);

бекітілген нормаларды негізге ала отырып, өндіріс жоспарын орындауға арналған шығындардың негіздемелері келтіріледі негіздемелер келтіріледі;

3) "Іске асыру жоспары" параграфы, онда:

сатылатын, оның ішінде Инвестициялар есебінен өндірілетін өнімдердің саны мен сапасы;

негізгі, оның ішінде Инвестициялар есебінен өндірілетін өнімдер бағаларының, мыналарды:

бағаларды (тарифтерді) уәкілетті мемлекеттік органдардың бекітуі (белгілеуі) немесе келісуі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары;

табыстылығы: шығыстардың өтелімділігі, орташа немесе барынша көп табыстылықты алу;

нарықтағы конъюнктуралар: жаңа өнімді ілгерілету, қолданыстағы сату көлемін сақтау, дәстүрлі нарықтардан бәсекелестерді ығыстыру, бос сегментті толтыру;

өнімнің құндылығы: жаңалығы, сапасы, сатудан кейінгі кепілдіктер қоса алғандағы негіздемесі;

3-3) нарық жағдайын, жасалған шарттарды, тұтынушылармен алдын ала келісімдерді негізге ала отырып, іске асыру бағдарламасының (өнімдер бөлінісінде) негіздемесі;

3-4) жаңа сатып алушыларды тарту мақсатында жоспарланатын іс-шаралар (жарнама, бағалық саясат, сатып алудан кейінгі қызмет көрсету).

Егер Инвестициялар Алушының қызметі франшиза туралы шарт немесе лицензиялық шарт негізінде жүзеге асырылған жағдайда, франшиза немесе лицензия сатушысының құқықтары және Инвестициялар Алушының бағасына және бағалық саясатына зияткерлік меншігіне ықпал ету дәрежесі туралы ақпарат келтіріледі.

134. "Ресурстар" тарауында өндіріс жоспары мен іске асыру жоспарын орындау үшін қажетті ресурстардың барлық түрлеріне сұраныстың негіздемелері келтіріледі. "Ресурстар" тарауында мынадай параграфтар болады:

1) "Нормалар" параграфы, онда шикізат пен материалдар, жылу және электр энергиясы, еңбек, ақша шығындарының нормалары келтірілген, оның ішінде қашан және кім бекіткені туралы ақпарат келтіріледі;

2) "Лимиттер" параграфы, онда әкімшілік шығыстар бойынша лимиттер мөлшерлері туралы ақпарат келтіріледі: лимиттер көлемі, оның ішінде қашан және кім бекіткені туралы ақпарат келтіріледі;

3) "Персонал" параграфы, онда төменде келтірілген тізбемен шектелмейтін мыналар:

Инвестициялармен байланысты персоналдың штат санын ұлғайту (қысқарту) бойынша жоспарлар;

персоналдың біліктілік деңгейін арттыру (қайта даярлау) бойынша жоспарланатын іс-шаралар және оның біліктілік деңгейін (қайта дайындауын) арттырумен байланысты шығындар туралы ақпарат келтіріледі.

4) "Негізгі құралдар" параграфы, онда (Инвестицияларды ескере отырып) мыналар:

негізгі құралдардың құрылымы (ғимараттар, құрылыстар, машиналар, жабдық, көлік, компьютерлер және ақпаратты өңдеуге арналған жабдық, басқа негізгі құралдар), оның ішінде меншіктегі, қаржылық жалға алудағы (лизингте), операциялық жалдаудағы негізгі құралдар туралы ақпаратты ашу;

қызметті жүзеге асыруға арналған негізгі құралдар санының, өнімділігінің және техникалық жағдайының сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі;

5) "Қорлар" параграфы, онда мыналар:

қорлардың негізгі түрлеріне қажеттіліктер (заттай өлшем бірлігінде);

қорлардың негізгі түрлеріне бағалар;

қорларды сатып алуға жоспарланатын шығындар туралы ақпарат келтіріледі;

6) "Коммуналдық қызметтер" параграфы, онда мыналар:

жылу және электр энергиясына, сумен жабдықтау және кәріз жүйесіне қажеттіліктер;

жылу және электр энергиясының, сумен жабдықтау және кәріз жүйесінің бағалары;

жылу және электр энергиясын, сумен жабдықтау және кәріз жүйесін сатып алуға арналған жоспарланатын шығыстар туралы ақпарат келтіріледі;

7) "Ақша" параграфы, онда мыналар:

борышкерлердің сипаттамасы; берешекті талап ету бойынша өткізілетін іс-шаралар;

кредиторлар; міндеттемелерді орындау бойынша жүргізілетін іс-шаралар;

ақшалай емес операциялар: мәмілелер көлемі және контрагенттер;

ақшаға қажеттілік, кассалық алшақтықтар, ақша тарту бойынша іс-шаралар;

уақытша бос ақшаларды пайдалану жөніндегі жоспарлар: салымдарға орналастыру, қаржы активтерін сатып алу, кредиттер беру (уақытша қаржылық көмек көрсету), сомалар, табыстылығы, орналастыру мерзімдері туралы ақпарат келтіріледі.

Ақша тартумен байланысты іс-шаралар бойынша ақпаратты ашу кезінде алынған көздер, оның ішінде:

акцияларды орналастыру (қатысу үлестері) – шығару және орналастыру көлемі, орналастырудың жоспарланатын бағасы;

облигациялар шығару – шығару көлемі, шығарылымдағы облигациялар саны, оларды шығару, орналастыру, қолдану, сыйақы төлеу, өтеу рәсімі мен тәртібі және басқа да елеулі ақпарат;

қарыздар тарту – қарыз берушілер, қарыз мөлшері, тарту мерзімі, сыйақы пайызы, сыйақы төлеу шарттары, қарыздың негізгі сомасын өтеу шарттары көрсетіледі.

135. "Қаржы" тарауында кірістер, шығыстар бойынша жоспарлар, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы ақпарат, дивидендтер туралы ақпарат келтіріледі. "Қаржы" тарауы мынадай параграфтардан тұрады:

1) "Кірістер" параграфы, онда мынадай негіздемелер келтіріледі:

өнімдерді өткізуден түсетін жоспарланатын кірістердің, оның ішінде олардың өсу немесе төмендеу негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір өнім бойынша жүзеге асырылады);

қаржыландыру бойынша жоспарланатын кірістер;

дивидендтер бойынша кірістер (ақпарат үлестік құнды қағаздары Инвестициялар Алушының меншігінде болып табылатын әрбір ұйым бойынша жеке беріледі);

активтердің шығуынан алынатын жоспарланатын кірістер;

мемлекеттік бюджеттен берілетін жоспарланатын субсидиялар;

операциялық жалға алудан жоспарланатын кірістер;

үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар бойынша жоспарланатын кірістер;

өзге де жоспарланатын кірістер негіздемесі.

Мемлекеттік тапсырманы, мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде не мемлекеттік мекемелердің өнімдерді сатудан алынатын кірістер туралы ақпарат жеке ашылады;

2) "Шығыстар" параграфы, онда мынадай негіздемелер келтіріледі:

өткізілетін өнімнің өзіндік құнының негіздемесі, оның ішінде оның өсу немесе төмендеу негіздемесі (ақпаратты ашу әр өнім бойынша жүзеге асырылады);

өнімді өткізу бойынша жоспарланған шығыстар, оның ішінде олардың өсу немесе азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

жоспарланатын әкімшілік шығыстар негіздемесі, оның ішінде олардың өсу және азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

маркетинг пен жарнама бойынша жоспарланатын шығыстар негіздемесі, оның ішінде олардың өсу немесе азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

сыйақылар бойынша жоспарланатын шығыстар;

активтерді істен шығаруға байланысты шығыстар;

операциялық жалдауға байланысты шығыстар;

үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар жөніндегі шығыстар;

қызметтің тоқтатылуына байланысты жоспарланатын шығыстар;

басқа жоспарланатын шығыстар негіздемесі;

3) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер" параграфы, онда салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің әр түрі бойынша жоспарланатын төлемдер негіздемесі, оның ішінде салық салу базаларының негіздемесі келтіріледі;

4) "Дивидендтер" параграфы, онда акцияға, оның ішінде акциялардың мемлекеттік пакетіне (қатысу үлесі) есептелуі жоспарланатын дивидендтер (қатысу үлесі), дивидендтерді есептеудің жалпы сомасы, бюджетке аудару үшін мемлекеттік кәсіпорын жоспарлайтын таза кіріс сомасы туралы ақпарат келтіріледі.

136. "Тәуекелдер" тарауында іс-шараларды орындауға және тұтастай алғанда Инвестициялар Алушының қызметіне байланысты тәуекелдерді бағалау (қолайсыз оқиғаның орын алу мүмкіндігін анықтау) және өлшеу (қолайсыз оқиғаның орын алуынан келетін зиян) келтіріледі, сондай-ақ тәуекелдерді сәйкестендірудің және бағалаудың пайдаланылған әдістері туралы ақпарат қамтылған және осы тәуекелдерді басқару шаралары келтірілген. "Тәуекелдер" тарауы мынадай параграфтарды қамтиды:

1) "Операциялық тәуекелдер" параграфы, онда төменде келтірілген тізбемен шектелмейтін мыналар:

персонал: Инвестициялар Алушының негізгі менеджерлері мен мамандарын жоғалту, қызметкерлерінің жеткіліксіз біліктілігі, қызметкерлердің алаяқтығы;

өндіріс: техникалық істен шығу қаупі, жабдықтардың сынуы, технологиялық процестің бұзылуы;

бизнес-процестер: ұйымдастырушылық құрылымның Инвестицияларды Алушының міндеттері мен қызметінің көлеміне барабарлығы, бизнес-процестердің тиімсіздігі, Инвестициялар Алушының бизнес-процестерінің келісілмегендігі талданады.

2) "Қаржылық тәуекелдер" параграфы, онда төменде келтірілген тізбемен шектелмейтін мыналар:

төлем қабілеттілігін жоғалту: Инвестициялар Алушының міндеттемелерді, оның ішінде қаржылық, олардың мерзімінің басталуына қарай уақтылы орындау үшін ақшасының болмауы немесе жеткіліксіздігі;

өтімділікті жоғалту: активтерді, олардың құнын елеулі төмендетусіз, жедел іске асырудың жетіспеушілігі немесе мүмкін еместігі талданады;

3) "Нарықтық тәуекелдер" параграфы, онда төменде келтірілген тізбемен шектелмейтін мыналар:

пайыздық тәуекел: тартылған ресурстар бойынша пайыздық шығыстардың ұлғаюы;

инфляциялық тәуекел: инфляциялық процестер нәтижесінде активтер мен кірістердің құнсыздануы;

валюталық тәуекел: ұлттық валютаға қатысты шетел валютасының нарықтық айырбас бағамының өзгеруі талданады;

4) "Кредиттік тәуекел" параграфы, онда тұтынушылардың (борышкерлердің) төлем қабілетін жоғалту мүмкіндігі және олардың шарттардың талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындауының мүмкін еместігі талданады;

5) "Маркетингтік тәуекелдер" параграфы, онда төменде келтірілген тізбемен шектелмейтін мыналар:

саланың даму серпінінің нашарлауы;

өнім сапасына тұтынушылар талаптарының жоғарылауы;

өнімге сұраныстың азаюы;

бәсекелестер позицияларының күшеюі;

өнімге арналған нарықтық бағаның төмендеуі;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер талданады

136-1. "Жобаны басқару" бөлімінде ҚЭН-ді басқару жоспары көрсетіледі.

Бұл бөлім республикалық бюджеттен қаржыландырылатын жобалар үшін ғана толтыруға міндетті.

"Жобаны басқару" бөлімі мынадай құрылымға сәйкес келеді:

1) "Мазмұнды басқару жоспары" тарауы;

2) "Мүдделі тараптарды басқару жоспары" тарауы;

3) "Мерзімдерді басқару жоспары" тарауы;

4) "Құнды басқару жоспары" тарауы;

5) "Сапаны басқару жоспары" тарауы;

6) "Сатып алуды басқару жоспары" тарауы;

7) "Коммуникацияларды басқару жоспары" тарауы;

8) "Өзгерістерді басқару жоспары" бөлімі.

**Ескерту. 9-параграф 136-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

136-2. "Мазмұнды басқару жоспары" тарауы жобаны аяқтау үшін қажетті жұмыстардың түпкілікті тізбесін айқындауды көздейді. "Мазмұнды басқару жоспары" тарауында мынадай параграфтар болады:

1) "Жобаның мазмұны" параграфында жобаның және жоба өнімінің (тауарларының, жұмыстарының, қызметтерінің) егжей-тегжейлі сипаттамасын әзірлеу процесі келтіріледі, ол жобаға мүдделі адамдардың қоятын талаптарын пайдаланумен және өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) талдаудың сараптамалық бағасы әдістерімен және баламаларды қалыптастырумен жүзеге асырылады;

2) "ЖИК" параграфы, онда:

Жоба нәтижелерін және жұмыстарын декомпозициялау әдісімен жоба жұмыстарының иерархиялық құрылымы (бұдан әрі – ЖИК) жасалады.

ЖИҚ – ҚЭН жұмыстарын (нәтижелерін) шағын компоненттерге бөлу процесі, ол мемлекеттік органда дайындау сатысынан бастап ҚЭН-нің барлық жұмысын көрсетеді;

3) "Операцияларды айқындау" параграфы, онда:

Жоба операцияларының тізімін және бақылау оқиғаларын анықтау үшін орындауға қажетті нақты әрекеттерді сәйкестендіру операцияларын анықтау процесі, ол ЖИҚ-та берілген жұмыстарды декомпозициялау әдісімен жүзеге асырылады, сондай-ақ шоғырланған толқын әдісін қолдануға болады;

операцияның ретін айқындау алдын алу диаграммасы, тәуелділіктерді анықтау әдістерімен, озу және кідіру әдістерімен жүзеге асырылатын кесте желісінің диаграммасын құру үшін орындауға қажетті операциялар арасындағы байланыстарды айқындау процесі;

"Операцияларды айқындау" осы Қағидаларға 18-2-қосымшаға сәйкес "Жұмыстар топтамасының операциясы" нысаны бойынша ұсынылады.

**Ескерту. 9-параграф 136-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

136-3. "Мүдделі тараптарды басқару жоспары" тарауы жобаның Мүдделі тараптары жобаға белсенді түрде тартылған немесе жобаны орындау нәтижесінде мүдделері қозғалуы мүмкін адамдар мен ұйымдар болып табылатынын айқындайды.

Мүдделі тараптардың тізілімі осы адамдар мен ұйымдар тобын тіркейді және мынадай ақпаратты:

адамның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) (ұйымның атауын);

адамның лауазымын;

орналасқан орнын;

жобадағы рөлін;

байланыс ақпаратын;

басты талаптарды;

негізгі күтулерді;

жобаға әлеуетті әсер ету деңгейін;

жобаның мүдделі тарапының қызығушылығын тудыратын жобаның өмірлік циклының кезеңдерін (фазаларын);

басқа да маңызды ақпараттарды қамтуы мүмкін.

Мүдделі тараптар осы Қағидаларға 18-3-қосымшаға сәйкес "Жобаның мүдделі тараптары" нысаны бойынша ұсынылады.

**Ескерту. 9-параграф 136-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР**

Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

136-4. "Мерзімдерді басқару жоспары" тарауы кестені басқарудың негізгі жоспарын құру жолымен ҚЭН жобасының уақтылы орындалуын қамтамасыз ету процесін көздейді. "Мерзімдерді басқару жоспары" тарауы мынадай параграфтардан тұрады:

1) "Операциялардың реттілігі және олардың ұзақтығы" параграфы, онда алдын алу диаграммасымен, тәуелділіктерді анықтау әдістерімен, озу және кідіру әдістерімен жүзеге асырылатын ҚЖН кестесі желісінің диаграммасын құру үшін орындалуы қажет ҚЖН операцияларының арасындағы байланысты айқындау процесі болады.

Операциялардың ретті осы Қағидаларға 18-4-қосымшаға сәйкес "Операциялар тізімі" нысаны бойынша ұсынылады;

2) "Кестені әзірлеу" параграфы, онда:

операцияларды айқындау, операциялардың ретін айқындау, операцияларды орындау үшін ресурстарды бағалау, операциялардың ұзақтығын бағалау арқылы жасалатын жоба кестесі;

Операцияларды айқындау – ЖИҚ-та көрсетілген жұмыстарды декомпозициялау әдісімен, сондай-ақ шоғырланған толқын әдісі де пайдаланылуы мүмкін, операциялар тізімін және жобаның бақылау оқиғаларын айқындау үшін орындалуы тиіс нақты әрекеттерді сәйкестендіру процесі;

Операциялардың реттілігін айқындау – алдын алу диаграммасымен, тәуелділіктерді анықтау әдістерімен, озу және кідіру әдістерімен жүзеге асырылатын кесте желісінің диаграммасын құру үшін орындауға қажетті операциялар арасындағы байланыстарды айқындау процесі.

Ресурстарды бағалау – баламалар әдісімен, "төменнен жоғарыға" бағасымен және басқаларымен жүзеге асырылатын операцияларды орындау үшін қажетті ресурстарды (адами, жабдықтар, материалдар) айқындау және бағалау процесі;

Ресурстарды бағалау осы Қағидаларға 18-5-қосымшаға сәйкес "Операцияның ресурстары" нысаны бойынша ұсынылады.

Операциялардың ұзақтылығын бағалау ұқсастықтар бойынша бағалау, үш нүкте бойынша бағалау әдісімен, резервтерді талдау әдісімен жүзеге асырылатын операцияларды аяқтау үшін қажетті жұмыс кезеңдерін айқындау және бағалау процесі.

Жобаның кестесін әзірлеу кесте желісін, маңызды жолды, маңызды тізбекті, ресурстарды оңтайландыру, модельдеу, озу және кідіру, кестені ықшамдау әдістерімен жүзеге асырылатын операциялардың ретін, олардың ұзақтығын және ресурстарды қажет етуін талдау процесі.

Кестені құрастыру үшін арнайы бағдарламалық қамтылым (кестені жасау құралдары) қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 9-параграф 136-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136-5. "Құнды басқару жоспары" тарауы, ол жобаның құнын құрылымдау және бақылау тәсілдері, сондай-ақ олармен байланысты құралдар мен әдістер көрсетілген құн бойынша жоспар негізінде жүзеге асырылатын жобаны жоспарлау, басқару, жұмсау және бақылау процесін көздейді. "Құнды басқару жоспары" тарауы мынадай параграфтарды қамтиды:

1) "Құнды бағалау" параграфы, әрбір операцияны (өлшем бірлігі: жұмыс уақыты, адам-сағат, машина-сағат және т.б.) аяқтауға қажет шығыстар туралы құнды бағалау процесі келтіріледі;

2) "Бюджетті әзірлеу" параграфы, онда жобаның бекітілген құнын белгілеу үшін жеке іс-шаралардың немесе жұмыстар кешенінің сметалық шығыстарын біріктіру процесі келтіріледі.

Ескерту. 9-параграф 136-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136-6. "Сапаны басқару жоспары" тарауы жобаға қатысты қолданылатын белгіленген мақсаттардың, техникалық регламенттердің және стандарттардың сақталуын айқындау процесін көздейді.

Ескерту. 9-параграф 136-6-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136-7. "Сатып алуды басқару жоспары" тарауы "Мемлекеттік сатып алу" Заңына және өзге НҚА-ға сәйкес сатып алуды жоспарлау процесін көздейді, бұл ретте қажетті сатып алу жоба мерзімін басқаруда дербес операция ретінде көрсетілуі тиіс.

Ескерту. 9-параграф 136-7-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136-8. "Коммуникацияларды басқару жоспары" тарауы мүдделі тараптардың ақпараттық және коммуникациялық қажеттіліктерін көздейді.

Коммуникацияларды басқару жоспары осы Қағидаларға 18-6-қосымшаға сәйкес "Коммуникацияларды басқару жоспары" нысаны бойынша ұсынылады.

Ескерту. 9-параграф 136-8-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

136-9. "Өзгерістерді басқару жоспары" тарауы барлық өзгерістер өзгерістер туралы сұрау салу негізінде ғана орындалуы мүмкін деп болжайды; барлық сұрау салуларды жобаның (команданың) басшысы олардың жобаның мақсатына сәйкестігіне талдауы тиіс; елеулі өзгерістерге сұрау салуларды жоба комитетінің басқарушысы қарайды; комитеттің басқарушысы мақұлданған сұрау салулар бойынша ғана жобаны және жоба құжаттарын басқару жоспарын жаңғырту орындалады.

**Ескерту. 9-параграф 136-9-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

136-10. "Өзгерістерді басқару жоспары" тарауы мынадай параграфтарды қамтиды:

1) "Өзгерістерді айқындау" параграфы осы Қағидаларға 18-7-қосымшаға сәйкес "Өзгерістерді бақылау процесі" нысаны бойынша беріледі;

өзгерістерді бақылау процесі осы Қағидаларға 18-7-қосымшаға сәйкес "Өзгерістерді бақылау процестері" нысаны бойынша ұсынылады.

2) "Өзгерістерді бақылау процестерінде қолданылған құжаттар" параграфы мынадай құжаттарды қамтиды:

жобаны басқару жоспары;

сатып алуды басқару жоспары;

ауытқулардың талдауы;

3) "Тәуекелдерді айқындау" параграфы, онда:

Тәуекелдерді сәйкестендіру сараптамалық сұрау салулар негізінде орындалады. Тәуекелдерді бағалау (шама) жобаның бір немесе бірнеше мақсатына болжанатын ықпал етудің (әсер етудің) туындауы ықтималдығының пайда болуы ретінде айқындалады. Соңғы жағдайда болжанатын ықпалдар сараланған коэффициенттер көмегімен есепке алынады.

Тәуекелдерді айқындау осы Қағидаларға 18-8-қосымшаға сәйкес "Тәуекелдердің мақсаттарға қол жеткізуге ықпалын айқындау" нысаны бойынша ұсынылады;

4) "Тәуекелдер тізілімі" параграфы, онда:

Жобаға тәуекелдердің ықпалын бағалауда ықпал ету дәрежесін бағалау және тәуекелдерді бағалау матрицасы көрстелітетін Excel ("жобаның тәуекел тізімі") электрондық кестесі пайдаланылады. Тәуекелдердің әрқайсына тәуекелді бақылайтын және оның мәртебесіне жауап беретін, тәуекелге ден қоятын тәуекел иесі бекітіледі. Тәуекелдің мәртебесі өзгерген кезде жобаның ықтималдығы мен ықпал ету дәрежесіне қайта бағалау жүргізіледі.

Тәуекелдер тізілімі осы Қағидаларға 18-9-қосымшаға сәйкес "Жобаның тәуекелдері, олардың жобаға ықпалы және тәуекелдерге ден қою" нысаны бойынша беріледі;

5) "Тәуекелдерге ден қою стратегиясы" параграфы, онда:

Тәуекелдердің тізілімі әр сәйкестендірілген тәуекелдердің сипаттарын құжаттандырады. Тізілім тұрақты түрде жоба барысында нақтыланады және қайта қаралады. Тізілім бастапқы тәуекелдерді, сол сияқты қайта қаралған тәуекелдер жайлы ақпараттарды қамтиды. Тізілімде тәуекелдер туралы мынадай мәліметтерді көрсету қажет:

тәуекелдерді сәйкестендіргіш;

тәуекелдің сипаттамасы;

туындау ықтималдығы;

жобаның мақсатына ықпал ету дәрежесі (салмақты коэффициенттерімен);

тәуекелдің қорытынды шамасы (ықтималды ықпал ету дәрежесіне көбейтіндісі);

ден қою стратегиясы;

осы стратегия шеңберіндегі іс-қимылдар (қабылдау, жалтару, беру, төмендету, пайдалану, бірлесіп пайдалану, күшейту);

тәуекелдің иесі туралы деректер (ден қою стратегиясын іске асыруға жауапты).

Тәуекелдердің сипаттамасын қайта қараған жағдайда өзгертілген ақпарат тізілімнің тиісті бөлімінде белгіленеді.

Тәуекелдерге ден қою стратегиясы осы Қағидаларға 18-10-қосымшаға сәйкес "Тәуекел туралы деректер" нысаны бойынша беріледі.;

6) "Түзету" параграфы, онда:

осы Қағидаларға 18-11-қосымшаға сәйкес "Жоба бойынша тікелей жұмыстар" нысаны бойынша беріледі;

осы Қағидаларға сәйкес мониторингілеу бойынша ақпаратты, сондай-ақ мазмұнын, мерзімін, құнын, өзгерістерді басқару бойынша жоспарларды орындау процесін қамтитын мониторинг нәтижелері.

Осы параграф бойынша ақпарат ҚЭН өзгерістер енгізген жағдайда беріледі.

**Ескерту. 9-параграф 136-10-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

137. "Қорытындылар" тарауында Инвестициялар ҚЭН-і іс-шараларын іске асырудың саланың, мемлекет (өңір) экономикасының дамуына ықпалы ашылады. "Қорытындылар" тарауы мынадай параграфтарды қамтиды:

1) "Тікелей нәтижелер" параграфы, онда Инвестициялар ҚЭН іс-шараларының жоспарланған тікелей нәтижелерінің есептеулермен расталған негіздемесі келтіріледі;

2) "Түпкілікті нәтижелер" параграфы, онда:

Инвестициялар ҚЭН-і іс-шараларының жоспарланатын түпкілікті нәтижелерінің есептеулермен расталған негіздемесі;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шаралары іске асырылған жағдайда, саладағы және Қазақстан Республикасындағы (өңірдегі)

әлеуметтік-экономикалық жағдайдың даму перспективаларының талдауы және олардың:

негізгі әлеуметтік көрсеткіштерге (халық кірістерінің деңгейі, жұмыссыздық, жұмыспен қамтылу деңгейі);

негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштерге (өнім (тауарлар/көрсетілетін қызметтер) өндіру көлемі, жалпы ішкі өнім құрылымындағы саланың (өңірдің) үлесі, салаға (өңірге) инвестициялардың көлемі және олардың жоспарланатын кезеңдегі үрдістері) әсері;

нәтижелерді, салдары мен ықпалын, көбейтілген пайда мен шығындарды, тұтынушының қосымша пайдасын, орны толмайтын шығасыларды, сыртқы әсерлерді, халықаралық әсерлерді, жобаны іске асырудан түсетін жанама пайданы талдауды қамтитын Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шаралары бойынша пайда мен шығындарды талдау;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асырудың шектес салалардың (көршілес өңірлердің) дамуына әсерін талдау;

Инвестициялар ҚЭН-і іс-шараларының Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетінің өсуіне және импортты алмастыруға, инновациялардың дамуына (бар болса) әсерін талдау келтіріледі;

3) "Бюджеттік тиімділік" параграфы, онда Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын жүзеге асыру нәтижелерінің тиісті бюджеттердің кірістері мен шығыстарына әсерінің есептеулері келтіріледі.

Бюджеттік тиімділікті бағалау кезінде ақша қаражатының кетуінде мыналар:

Инвестицияларды іске асыруға байланысты шығарылған (қалыптастырылған) мемлекетке тиесілі акциялар (қатысу үлестері) бойынша дивидендтер;

республикалық және жергілікті бюджеттерге түсімдер (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ өзге де төлемдер) ескеріледі, бірақ онымен шектелмейді.

Бюджеттік тиімділікті бағалау кезінде ақша қаражатының кетуінде мыналар:

Инвестициялардың көлемі;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асыруға байланысты инвестициялардан кейінгі кезеңде жүргізілетін бюджет шығыстары;

белгілі бір баға саясатын жүргізуге және белгілі бір әлеуметтік басымдықтарды сақтауды қамтамасыз етуге байланысты субсидиялар ескеріледі, бірақ онымен шектелмейді.

Ескерту. 137-тармақ жана редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.

138. Қосымшалар мынадай құжаттармен жиынтықталады:

1) "Ретроспектива" бөліміне:

Инвестициялардың ҚЭН-ін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға енгізудің алдындағы соңғы үш жылдағы мөр басылған және ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға не ББӨ – мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір Инвестиция бойынша жеке уәкілеттік берген тұлға мен бас бухгалтердің қолы қойылған қатысушылардың қаржылық есептілігі (жеке және шоғырландырылған) , сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар;

Қазақстан Республикасының аудит қызметі туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік аудиті міндетті болып табылатын қатысушылар үшін соңғы үш жылда жасалған аудиттен өткен қаржылық есептілік пен аудиттік есептер тапсырылады. Бұл ретте қатысушы қолданыстағы заңнамаға сәйкес объективті себептері болған кезде соңғы есепті кезеңдегі аудиттен өтпеген қаржылық есептілікті ұсына алады.

Қаржылық есептілік қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, оның ішінде басқа ұйымдарға қаржылық қатысуы туралы, баланс валютасында 10 % және одан астам үлес алатын баланс баптары егжей-тегжейлі толық ашылған ақпаратты қоса берумен ұсынылады.

2) "Институционалдық" бөліміне:

оларға сәйкес қатысушылар құрылған немесе құрылатын құжаттардың көшірмесі;

Инвестициялар Алушы жарғысының көшірмесі (бар болса);

Институционалдық МЖӨ жобалары бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға Инвестициялар жүзеге асырылған кезде мемлекеттік және жеке әріптестер арасындағы жобаны іске асыру туралы құжаттардың көшірмелері беріледі;

3) "Негізділік" бөліміне:

осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Сатып алынатын ( құрылатын) активтердің құны мен сипаттамасы";

осы Қағидалардың 129-тармағының 2) тармақшасында келтірілген ақпаратты растайтын ақпарат қамтылған прайс-парақтардың (ұқсас тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер бойынша прайс-парақтар болмаған жағдайда кемінде екі тәуелсіз бағалау қорытындысы беріледі), бағалау актілері мен басқа

да құжаттардың көшірмелері беріледі. Бұл ретте, егер бұл құны ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысында расталған технологиялық және инженерлік жабдық болса, онда қосымша растайтын құжаттар талап етілмейді.

Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде тиісті уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасының қорытындысы ұсынылады.

Егер Инвестицияларды іске асыру бірнеше салалық мемлекеттік органның жауапкершілігі аясын қозғайтын болса, аталған салалық мемлекеттік органдар Инвестициялардың тиісті сараптамалары қорытындыларын ұсынады.

Бұл ретте, қосымша салалық сараптамалар қорытындыларын тиісті салалық мемлекеттік органдар Инвестициялардың іске асырылуының жетекшілік ететін салаға әсерін бағалау және саланың басымдықтарына сәйкестігі бөлігінде ғана ұсынады.

Салалық сараптаманың қорытындысы мыналарды:

саладағы қазіргі жағдайдың талдауын бағалауды;

Инвестициялардың ҚЭН-інде көрсетілген іс-шаралар іске асырылмаған жағдайда, саладағы жағдайдың талдауын бағалауды;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асырудың саланы дамытуға әсерін сандық және сапалық көрсеткіштерді келтіре отырып және мыналарды:

Инвестициялардың ҚЭН-і іс-шараларының сала экономикасының құрылымындағы рөлі мен орнын;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асырудың орналасқан орнын таңдау мен ауқымының негізділігін;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асырудың мүмкіндігін;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шаралары бойынша техникалық шешімдердің жеткілікті болуын және олардың тиімділігінің бағасын көрсете отырып бағалауды;

Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларының халықаралық стандарттарға сәйкестігін бағалауды, оңтайлы жаңа технологияларды қолдануды;

Инвестициялардың ҚЭН-і іс-шараларының мақсаттарына қол жеткізудің баламалы нұсқаларын бағалауды;

бар болған жағдайда, салалық уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін ведомстволық нормативтерге сәйкес объектіні пайдалануға енгізу шығындарының негізділігін қамтиды.

Жаңа объектілерді құруға (салуға) не бұрынан бар объектілерді реконструкциялауға бағытталған Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде Инвестициялар ҚЭН-інің құрамында ТЭН (осы Қағидаларға сәйкес әзірленген) немесе ЖСҚ, сондай-ақ ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысы, жерге орналастыру жобасы немесе жер-кадастрлық жоспар (қажет болған кезде жер учаскелері иелерінің және жер пайдаланушылардың шығындарын, алынатын

алқаптардың түрлеріне байланысты ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын есептеулерді қоса бере отырып), техникалық шарттар ұсынылады.

Объектіні пайдалануға беру шығындары болған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасының және ведомстволық нормативтерге сәйкес объектіні пайдалануға беру (іске-қосу-баптау жұмыстары) шығыстары бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындылары талап етіледі.

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қауіпке байланысты кідіртпей пайдалануға беруді талап ететін бірыңғай энергетикалық жүйенің ірі объектілері мен техникалық жағынан күрделі атомдық және жылу энергетикалық кешендері үшін уәкілетті мемлекеттік органның, оның ішінде елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіп туралы растауды қамтыған салалық сараптама қорытындысында берілген есептемелерге сәйкес іске қосу жұмыстары бойынша шығындар жүзеге асырылады;

Ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде Инвестициялар ҚЭН-інің құрамында Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасында көзделген қорытындылар ұсынылады.

Инновациялық және (немесе) ғарыштық қызметті болжайтын іс-шараларды іске асыруға бағытталған Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың қорытындысы ұсынылады;

4) "Нәтиже" бөліміне:

"Өнім өндіру бағдарламасы" осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысанда;

"Өнімді өткізу бағдарламасы" осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысанда

;

осы Қағидаларға 22-қосымшада көрсетілген "Қаржы моделіне қойылатын талаптар" нысанына сәйкес дайындалған қаржылық модель қоса беріледі.

Қызметін әлеуметтік маңызды салада жүзеге асыратын және негізгі кіріс көзі республикалық және (немесе) жергілікті бюджет болып табылатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдар, мемлекеттік кәсіпорындар нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестициялар бойынша қаржылық модельдің болуы талап етілмейді. Инвестициялардың әлеуметтік маңыздылығы салалық сараптаманың қорытындымен айқындалады;

"Инвестициялар нәтижелері" осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысанда;

"ҚЭН іс-шараларының бюджеттік тиімділігі" осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысанда;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 15384 болып тіркелген) Жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдардан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарында айқындалған нысандарға сәйкес, Инвестициялар Алушының Инвестицияларды есепке алмағандағы қаржылық көрсеткіштерінің болжамы:

"Бухгалтерлік теңгерім";

"Пайдалар мен шығындар туралы есеп";

"Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)" не "Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)";

"Капиталдағы өзгерістер туралы есеп";

осы инвестициялық ұсынысқа мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысы.

**Ескерту. 138-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

139. Қажет болған жағдайда, Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған тиісті заңды тұлғалар жүргізілген сараптамаларда және/немесе тәуелсіз сараптамада, сондай-ақ ұсынылған құжаттамада қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша ақпаратты талап етуге және (немесе) қосымша сараптамалар жүргізе алады.

Қосымша ақпаратқа қатысушылардың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органға Инвестициялар ҚЭН-ін енгізудің алдындағы айдың соңғы күніне жасалған қаржылық есептілігі, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар жатады.

Қосымша сараптамаларға мыналар:

- 1) Инвестицияларға банктік сараптама;
- 2) ведомстводан тыс кешенді сараптама;
- 3) мемлекеттік уәкілетті органның салалық сараптама қорытындысы жатады.

140. Егер Инвестициялар еншілес, тәуелді немесе үлестес ұйымдар болып табылмайтын Инвестициялар Алушының жарғылық капиталын қалыптастыру үшін жоспарланған жағдайда, "Ретроспектива" бөлімінде "Қатысушылардың қаржылық жай-күйін талдау" параграфы болмайды.

141. Егер Инвестициялар Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген барынша аз жарғылық капитал мөлшері бар акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанындағы не жарғылық капиталы жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі

жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған жағдайда, мыналар Инвестициялар ҚЭН-нің құрылымдық элементтері болып табылады:

1) Инвестициялар паспорты;

2) "Ретроспектива" бөлімі. Егер Инвестициялар еншілес, тәуелді немесе үлестес ұйымдар болып табылмайтын Инвестициялар Алушының жарғылық капиталын қалыптастыру үшін жоспарланған жағдайда, "Ретроспектива" бөлімінде "Қатысушылардың қаржылық жай-күйін талдау" параграфы болмайды;

3) "Институционалдық" бөлімі;

4) "Негіздеме" бөлімі, оның ішінде:

"Инвестициялар көлемі" тарауы "Инвестициялар көлемі" және "Айналым қаражатын толтыру" параграфтарын қамтиды;

"Қаржыландырудың баламалы көздері" тарауы, егер Инвестициялар Алушы еншілес және/немесе үлестес ұйым болып табылған жағдайда;

5) "Нәтиже" бөлімі;

6) егер Инвестициялар Алушы еншілес, тәуелді және/немесе үлестес ұйым болып табылған жағдайда, осы Қағидалардың 138-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ҚЭН-ге қосымшалар;

7) тиісті мемлекеттік уәкілетті органның салалық сараптамасы, егер Инвестициялар оның жауапты саласын қозғаған жағдайда;

8) "Өнім өндіру бағдарламасы" осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысанда;

9) "Өнімді іске асыру бағдарламасы" осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысанда;

10) қаржылық модель, осы Қағидаларға 22-қосымшада көрсетілген "Қаржы моделіне қойылатын талаптар" нысанына сәйкес дайындалады;

11) "Инвестициялар нәтижелері" осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысанда;

12) "ҚЭН іс-шараларының бюджеттік тиімділігі" осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысанда.

142. Егер Инвестициялар ҚЭН-і Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген барынша аз жарғылық капитал мөлшері бар акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанындағы не жарғылық капиталы жиырма бес мың еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды

тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған жағдайда, Инвестициялар ҚЭН-і осы Қағидаларда белгіленген жалпы тәртіпке сәйкес әзірленеді.

143. Инвестициялар ҚЭН-і ББӨ бюджеттік бағдарламасында (кіші бағдарламасында) көзделген нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету мақсатында әзірленеді.

**Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.**

144. ББӨ осы Қағидалардың 138, 162-тармақтарында айтылған қосымша материалдарды мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір инвестиция бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылған титулдық бланкіде жеке ілеспе хатпен МЖАЖ арқылы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Бір ББӨ-нің құзыретіне жатқызуға болмайтын, экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін, ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар бойынша ҚЭН-нің түпнұсқасы, сондай-ақ осы Қағидалардың 138, 162-тармақтарында көрсетілген құжаттар мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір инвестиция бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылып ұсынылатын салалық сараптама қорытындысын қоспағанда, осы ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтің және ұйымның бірінші басшыларының не оларды алмастыратын адамдардың қолы қойылып ұсынылады.

Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі үшін құжаттар редакцияланбайтын графикалық форматта ұсынылады.

Ілеспе хатта Инвестициялар ҚЭН-інің атауы, мәлімделетін сома және Инвестицияларды жүзеге асыру жылы, қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

Инвестициялардың ҚЭН-і, сондай-ақ қосымша материалдар, оның ішінде теріске шығарулар, қосымша дәлелдемелер не Инвестициялардың ҚЭН-іне өзгерістер енгізу туралы ақпарат электрондық нысанда ұсынылады және Инвестициялардың ҚЭН-ін әзірлеуге жауапты ББӨ-нің құрылымдық бөлімшесі басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.

Бюджеттік кредиттеу бағдарламаларын, бюджеттік инвестициялық бағдарламаларды, сондай-ақ олардың түзетулерін жоспарлау және іске асыру

кезінде "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) еншілес және тәуелді ұйымдары әзірлеген ҚЭН мен ТЭН-ді мақұлдауды Қор басқармасы жанындағы тиісті Комитет жүзеге асырады.

**Ескерту. 144-тармақ жана редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9-1-параграф. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттік қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін түзету, оның ішінде құнының ұлғайюы көзделетін, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу тәртібі

**Ескерту. 9-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663 бұйрығымен.**

145. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен қажетті сараптамалар жүргізе отырып, Инвестициялардың ҚЭН түзету мынадай:

1) іс-шараларды, техникалық-технологиялық шешімдерді толықтыруға және (немесе) өзгертуге, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстарды ұлғайтуға әкеп соғатын, белгіленген қаржылық-экономикалық параметрлер өзгерген;

2) бұрын бөлінген қаражатты, оның ішінде заңды тұлғаның аффиирленген тұлғалары арасында, заңды тұлғаның және (немесе) олардың аффиирленген тұлғаларының мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ іс-шараларының өзгеруіне байланысты қайта бөлу талап етілген;

3) тікелей және түпкілікті нәтижелер төмендеген;

4) бекітілген ҚЭН шеңберінде жаңа іс-шара (іс-шаралар) немесе құрамдауыштарын іске асыруға бюджет қаражатын үнемдеу түрінде олардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыру қорытындылары бойынша қалыптасқан квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, ағымдағы шоттарындағы пайдаланылмаған қалдықтарды бағыттаған жағдайда жүргізіледі.

Бюджет комиссиясында қаралмай және оның ұсынысынсыз, қажетті сараптамалардан өткен Инвестициялардың түзетілген ҚЭН-ін бекітуге жол берілмейді.

Ағымдағы қаржы жылының төртінші тоқсанында квазимемлекеттік сектор субъектісінің қаржылық-экономикалық негіздемеде айқындалған тікелей және түпкілікті нәтижелердің көрсеткіштерін төмендетуді көздейтін бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесіне түзету жүргізуіне жол берілмейді.

Бұрын бекітілген Инвестициялар ҚЭН салыстыстыра отырып, Инвестициялар ҚЭН-нің тиісті бөлімдерінде болжанатын өзгерістер бойынша негіздемелер мен

есептеулерді келтірумен Инвестициялардың түзетілген ҚЭН-інің құрылымы мен мазмұны осы Қағидалардың 3-тарауы 9-параграфының ережелеріне сәйкес келеді

**Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

145-1. Экономикалық сараптама жүргізусіз және экономикалық қорытындыны алусыз Инвестициялар ҚЭН түзету мынадай:

- 1) осы Қағидалардың 149-тармағында көзделген;
- 2) техникалық шешімдерді өзгертуге әкелмейтін, бір іс-шара ішіндегі құрамдауыштар арасында қаражатты қайта бөлген;
- 3) техникалық шешімдердің өзгеруіне және нәтижелердің төмендеуіне әкеп соқпайтын ҚЭН-ді қаржыландыру және (немесе) іске асыру мерзімдері өзгерген жағдайда жүргізіледі.

**Ескерту. 145-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.07.2019 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

146. Сметалық құнды ұлғайтуды болжайтын республикалық Инвестициялар мен стратегиялық және (немесе) әлеуметтік маңызы бар, сметалық құнын ұлғайту ЖСҚ-ны түзетуге немесе оған бекітілген ТЭН-де немесе үлгілік жобада көзделмеген қосымша бюджет шығыстарына алып келетін қосымша құрамдауыштарды енгізуге байланысты республикалық бюджеттен берілетін астананы дамытуға арналған нысаналы трансферттер есебінен іске асырылатын және республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1000000 астам еселенген мөлшерін құрайтын жергілікті Инвестицияларды қарау осы Қағидалардың

151-тармағымен айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

147. Стратегиялық және (немесе) әлеуметтік маңызы бар, республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен астанада іске асырылатын, сметалық құнын ұлғайту ЖСҚ-ны түзетуге немесе оған бекітілген ТЭН-де немесе үлгілік жобада көзделмеген, қосымша бюджет шығыстарына алып келетін қосымша құрамдауыштарды енгізуге байланысты, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тәртіппен айлық есептік көрсеткіштің 1000000 астам еселенген мөлшерін құрайтын жергілікті Инвестицияларды қоспағанда, жергілікті Инвестицияларды, сондай-ақ сметалық құнын ұлғайту болжанатын, нысаналы даму трансферттері мен жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін кредиттер есебінен қаржыландыру жоспарланатын жергілікті Инвестицияларды қарауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы Қағидалардың 151-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

148. Бір квазимемлекеттік сектор субъектісінің бір және одан көп ҚЭН-ін іске асыру қорытындылары бойынша бюджет қаражатын үнемдеу түрінде қалыптасқан қолма-қол ақшаның бақылау шоттарындағы, ағымдағы шоттарындағы пайдаланылмаған қалдықтарды жаңа жобаны (ларды) іске асыруға бағыттаған жағдайда Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен жаңа БИ ҚЭН әзірлеу талап етіледі.

Олардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыру қорытындылары бойынша бюджет қаражатын үнемдеу түрінде қалыптасқан қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы пайдаланылмаған қалдықтар квазимемлекеттік сектор субъектісінің тиісті органының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған шешім бойынша бюджетке қайтарылуы мүмкін.

Квазимемлекеттік сектор субъектісі алдыңғы бюджеттік инвестициялар қорытындысы бойынша қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы үнемдеу қаражатын пайдаланбаған және (немесе) үнемдеу қаражаты бюджетке қайтарылмаған жағдайда, жаңа мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жоспарлау қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы үнемдеу сомалары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына есепке жатқызылған тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуден түскен қаражат тиісті бюджет кірісіне аударуға жатады.

**Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

148-1. Егер үнемдеу сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50000 еселенген мөлшерінен аспайтын болса, үнемделген қаражатты квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқару органының (құрылтайшының) шешімі бойынша, даму мақсаттарына (жаңғыртуға, активтер сатып алуға) пайдаланған жағдайда ҚЭН-ді түзету талап етілмейді.

Үнемдеуді одан әрі пайдалану Инвестициялардың ҚЭН аяқталған кезде, бюджет қаражатын бөлген бюджеттік бағдарлама әкімшісімен келісім бойынша Инвестициялар ҚЭН-ның аяқталуын растайтын құжаттарды ұсынған және нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізген, пайдалануға беру актілерін (болған жағдайға), қазынашылық органдарының квазимемлекеттік сектор субъектісінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, ағымдағы шоттарындағы үнемдеу сомасы және қалдықтар туралы үзінді көшірмелерін ұсынған кезде мүмкін болады.

Ескерту. 148-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

149. Ұлттық валюта бағамының шетел валюта бағамына қатысты елеулі өзгеруі себебінен, техникалық шешімдердің өзгеруіне алып келмейтін, Инвестициялардың құны ұлғайған жағдайда, ҚЭН-ге түзету жүргізіледі, оның ішінде, ТЭН-ге және (немесе) ЖСҚ-ға кейіннен ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуімен бұл ретте экономикалық сараптама және қорытынды талап етілмейді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган аталған мәселені осы Қағидалардың 151-тармағында айқындалған тәртіппен тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

150. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 154-бабының 7-тармағына сәйкес түзету бойынша рәсімдер жүргізу кезінде бюджет заңнамасында белгіленген рәсімдер сақталмай бөлінген Инвестицияларды түзету қажет болған жағдайда бекітілген Инвестициялар ҚЭН-ін ұсыну, сондай-ақ экономикалық сараптама жүргізу және экономикалық қорытынды ұсыну талап етілмейді.

Ескерту. 150-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

151. Инвестициялар ҚЭН-ін түзету мәселелерін, оның ішінде бекітілген іс-шаралардың құнын ұлғайтуды көздейтін мәселелерді тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару тәртібі екі кезеңмен жүзеге асырылады.

Бірінші кезең:

1) осы Қағидалардың 145-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ББӘ-нің Инвестициялар ҚЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсыныс әзірлеуі және оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

2) тиісті бюджет комиссиясының ББӘ ұсынатын құжаттардың және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға Инвестициялар ҚЭН-ін түзету жөніндегі инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытындының негізінде Инвестициялар ҚЭН-ін түзетудің орындылығын айқындау жөніндегі шешімі. Осы Қағидалардың 145-1-тармағында көзделген жағдайларда Инвестициялар ҚЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды талап етілмейді.

Бірінші кезеңде Инвестициялар ҚЭН-ін түзету жөніндегі инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, қарау және іріктеу процесі осы Қағидалардың 2-тарауында айқындалған тәртіппен өтеді.

Бірінші кезеңде осы Қағидалардың 146-тармағында көзделген, сметалық құнын ұлғайтуды республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру болжанатын жергілікті Инвестициялар бойынша жергілікті атқарушы орган қорытынды дайындайды және жергілікті Инвестициялар ТЭН-ін түзету мәселесін РБК-ның қарауына шығару мақсатында кейіннен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізу үшін осы тармақта көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, Инвестицияларды республикалық бюджеттік бағдарламаның тиісті әкімшісіне енгізеді.

Құжаттаманың толық топтамасы ұсынылмаған не қымбаттаудың орын алуының айқын және негізді себептері берілмеген, сондай-ақ кінәлі адамдар немесе ұйымдар және оларға қолданылған шаралар (егер ондай болса) көрсетілмеген Инвестициялар ҚЭН-ін түзету жөніндегі инвестициялық ұсыныстар сметалық құнының ұлғаюы тұрғысынан қаралмайды.

Инвестициялар ҚЭН-ін түзетудің орындылығы мәселесін тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін ББӨ 30 жұмыс күні ішінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы не оны алмастыратын адам не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір Инвестиция бойынша жеке уәкілеттік берген адам қол қойған мынадай құжаттарды ұсынады:

осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салыстырма кесте қоса берілген, іс-шараларға болжанатын толықтырулар және (немесе) өзгерістер, Инвестициялар ҚЭН-індегі техникалық-технологиялық шешімдер, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстардың ұлғаюы көрсетілген, бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хат;

Инвестициялар ҚЭН-інің бастапқы параметрлері қоса берілген, оң экономикалық қорытынды алған Инвестициялар ҚЭН-ін бекіту туралы ББӨ (экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін, бір ББӨ-нің құзыретіне жатқызуға болмайтын ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтер) бұйрығының көшірмесі (бар болса);

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 154-бабында белгіленген рәсімдер сақталмай, тиісті бюджетте бекітілген жобаларды қоспағанда, бұрын ұсынылған Инвестициялар ҚЭН-іне мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмесі;

сараптамалар қорытындысы және бұрын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысы алынған Инвестициялар ҚЭН-і;

осы Қағидалардың 145-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚЭН-ді түзету жөніндегі инвестициялық ұсынысқа мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысы;

мемлекеттік сатып алуды өткізудің нәтижесінде үнемделген сома (егер үнемдеу болса) көрсетіле отырып, Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асыру шеңберінде жасалған шарттар, оның ішінде ЖСҚ-ны әзірлеуден бастап құрылыс қызметін болжайтын жобалар бойынша ақпарат;

іске асыру басталғаннан бастап әрбір жыл үшін бюджеттен Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын қаржыландыру. Игерілмеу жағдайлары орын алған болса, оның себептері көрсетіле отырып, бұл ақпарат әрбір жылдағы жоспармен және фактімен сүйемелденеді;

қымбаттауға алып келетін себептерді егжей-тегжейлі көрсету (ББӘ-ні шартта көрсетілген бағаны (сметаны) ұлғайту қажеттілігі туралы ескертудің уақтылылығын растайтын мердігерлер хаттарының көшірмелерін қоса бере отырып);

оның кінәсінен қымбаттау орын алған ұйым не жеке тұлға, сондай-ақ осы ұйымға не жеке тұлғаға қатысты қабылданған шаралар;

тиісті уәкілетті мемлекеттік органның ББӘ түсіндірмелерін қоса бере отырып, жоба құнын ұлғайтудың негізділігі мен анықтығын растайтын салалық сараптамасының қорытындысы, сала болмаған жағдайда ББӘ ұсынады;

ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген, бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатын нысаналы пайдалану тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады;

инвестицияның бекітілген ҚЭН-інде аталған көрсеткіштерге қол жеткізу не қол жеткізбеу, оның ішінде қол жеткізбеу себептерін көрсете отырып, бөлінген бюджет қаражатын толық игеру кезінде ақпарат қамтылған түсіндірме жазба.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган құжаттар топтамасын қарайды

және олар бойынша қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

ББӨ бюджет комиссиясының оң шешімін алған жағдайда кейіннен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті сараптамаларды жүргізе отырып, Инвестициялар ҚЭН-іне тиісті түзетулер енгізеді.

Екінші кезең:

1) осы Қағидалардың 145-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ББӨ-нің мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға түзетілген Инвестициялар ҚЭН-ін ұсынуы;

2) тиісті бюджет комиссиясының түзетілген ҚЭН бойынша Инвестицияларды қаржыландыру туралы шешімі.

Екінші кезеңде түзетілген Инвестициялар ҚЭН-ін қарауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы әрбір БИЖ бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылып ұсынылатын мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырады:

осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салыстырма кесте қоса берілген, іс-шараларға болжанатын толықтырулар және (немесе) өзгерістер, Инвестициялар ҚЭН-індегі техникалық-технологиялық шешімдер, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстардың ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар мен себептер көрсетілген, бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хат;

Инвестициялар ҚЭН-інің бастапқы параметрлері қоса берілген, оң экономикалық қорытынды алған Инвестициялар ҚЭН-ін бекіту туралы ББӨ (экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін, бір ББӨ-нің құзыретіне жатқызуға болмайтын ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтер) бұйрығының көшірмесі (бар болса);

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 154-бабында белгіленген рәсімдер сақталмай, тиісті бюджетте бекітілген жобаларды қоспағанда, бұрын ұсынылған Инвестициялар ҚЭН-іне мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмесі;

сараптамалар қорытындысы және бұрын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысы алынған бекітілген Инвестициялар ҚЭН-і;

түзетілген Инвестициялар ҚЭН-і;

мемлекеттік сатып алуды өткізудің нәтижесінде үнемделген сома (егер үнемдеу болса) көрсетіле отырып, Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске

асыру шеңберінде жасалған шарттар, оның ішінде ЖСҚ-ны әзірлеуден бастап құрылыс қызметін болжайтын жобалар бойынша ақпарат;

іске асыру басталғаннан бастап әрбір жыл үшін бюджеттен Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын қаржыландыру. Игерілмеу жағдайлары орын алған болса, оның себептері көрсетіле отырып, бұл ақпарат әрбір жылдағы жоспармен және фактімен сүйемелденеді;

қымбаттауға алып келетін себептерді егжей-тегжейлі көрсету (ББӘ-ні шартта көрсетілген бағаны (сметаны) ұлғайту қажеттілігі туралы ескертудің уақтылылығын растайтын мердігерлер хаттарының көшірмелерін қоса бере отырып);

оның кінәсінен қымбаттау орын алған ұйым не жеке тұлға, сондай-ақ осы ұйымға не жеке тұлғаға қатысты қабылданған шаралар;

тиісті уәкілетті мемлекеттік органның ББӘ түсіндірмелерін қоса бере отырып, жоба құнын ұлғайтудың негізділігі мен анықтығын растайтын салалық сараптамасының қорытындысы, сала болмаған жағдайда ББӘ ұсынады;

түзетілген Инвестициялар ТЭН-іне және (немесе) ЖСҚ-сына кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысы;

Инвестициялар ҚЭН-інде көрсетілген іс-шаралардың іске асырылуын аяқтау үшін талап етілетін болжанатын қосымша бюджет шығыстарының негіздемесі;

ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген, бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатын нысаналы пайдалану тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады;

Инвестициялар ҚЭН-ін түзетудің орындылығы туралы тиісті бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі;

қол жеткізбеу себептерін көрсете отырып, бөлінген бюджет қаражаты толық игерілген кезде де бекітілген ҚЭН-де аталған көрсеткіштерге қол жеткізу не қол жеткізбеу туралы ақпарат;

құжаттарды ұсынған күнге дейін 1 (бір) ай бұрын түсірілген, объектінің іс жүзіндегі жай-күйі туралы толық көрініс беретін материалдар, фото немесе бейне түсірілімдер.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік орган – ББӘ-нің

бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӘ-нің бірінші басшысы әрбір инвестиция бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылып ұсынылатын мынадай құжаттардың негізінде тиісті бюджет комиссияларының қарауына түзетілген Инвестициялар ҚЭН-і бойынша қаржыландырудың орындылығы мәселесін шығарады:

осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салыстырма кесте қоса берілген, іс-шараларға болжамды толықтырулар және (немесе) өзгерістер, Инвестициялар ҚЭН-індегі техникалық-технологиялық шешімдер, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстардың ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар мен себептер көрсетілген, бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хат;

Инвестициялар ҚЭН-інің бастапқы параметрлері қоса берілген, оң экономикалық қорытынды алған Инвестициялар ҚЭН-ін бекіту туралы ББӘ (экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін, бір ББӘ-нің құзыретіне жатқызуға болмайтын ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтер) бұйрығының көшірмесі (бар болса);

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 154-бабында белгіленген рәсімдер сақталмай, тиісті бюджетте бекітілген жобаларды қоспағанда, бұрын ұсынылған Инвестициялар ҚЭН-іне мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмесі;

сараптамалар қорытындысы және бұрын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысы алынған бекітілген Инвестициялар ҚЭН-і;

түзетілген Инвестициялар ҚЭН-і;

осы Қағидалардың 145-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, түзетілген Инвестициялар ҚЭН-іне оң экономикалық қорытынды;

мемлекеттік сатып алуды өткізудің нәтижесінде үнемделген сома (егер үнемдеу болса) көрсетіле отырып, Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын іске асыру шеңберінде жасалған шарттар, оның ішінде ЖСҚ-ны әзірлеуден бастап құрылыс қызметін болжайтын жобалар бойынша ақпарат;

іске асыру басталғаннан бастап әрбір жыл үшін бюджеттен Инвестициялар ҚЭН-інің іс-шараларын қаржыландыру. Игерілмеу жағдайлары орын алған болса, оның себептері көрсетіле отырып, бұл ақпарат әрбір жылдағы жоспармен және фактімен сүйемелденеді;

қымбаттауға алып келетін себептерді егжей-тегжейлі көрсету (ББӘ-ні шартта көрсетілген бағаны (сметаны) ұлғайту қажеттілігі туралы ескертудің уақтылылығын растайтын мердігерлер хаттарының көшірмелерін қоса бере отырып);

оның кінәсінен қымбаттау орын алған ұйым не жеке тұлға, сондай-ақ осы ұйымға не жеке тұлғаға қатысты қабылданған шаралар;

тиісті уәкілетті мемлекеттік органның ББӨ түсіндірмелерін қоса бере отырып, жоба құнын ұлғайтудың негізділігі мен анықтығын растайтын салалық сараптамасының қорытындысы, сала болмаған жағдайда ББӨ ұсынады;

түзетілген Инвестициялар ТЭН-іне және (немесе) ЖСҚ-сына кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындысы;

Инвестициялар ҚЭН-інде көрсетілген іс-шаралардың іске асырылуын аяқтау үшін талап етілетін болжамды қосымша бюджет шығыстарының негіздемесі;

ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген, бірінші басшының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатын нысаналы пайдалану тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады;

құжаттарды ұсынған күнге дейін 1 (бір) ай бұрын түсірілген, объектінің іс жүзіндегі жай-күйі туралы толық көрініс беретін материалдар, фото немесе бейне түсірілімдер.

Бір ББӨ-нің құзыретіне жатқызуға болмайтын, экономиканың әртүрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін, ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар бойынша түзетілген ҚЭН-нің түпнұсқасы, сондай-ақ Қағидалардың осы тармағында көрсетілген құжаттар мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы әрбір инвестиция бойынша жеке уәкілеттік берген адамның қолы қойылып ұсынылатын салалық сараптама қорытындысын қоспағанда, осы ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтің және ұйымның бірінші басшыларының не оларды алмастыратын адамдардың қолы қойылып ұсынылады.

**Ескерту. 151-тармақ жана редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

152. Құжаттамасының толық топтамасы ұсынылмаған не қымбаттаудың орын алуының айқын және негізді себептері берілмеген, сондай-ақ кінәлі тұлғалар немесе ұйымдар және оларға қолданылған шаралар (егер ондай болса) көрсетілмеген ҚЭН сметалық құнын ұлғайту тұрғысынан қаралмайды.

153. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы Қағидалардың 151-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын қарайды және түзетілген Инвестициялардың ҚЭН-і бойынша Инвестициялар құнын ұлғайту бойынша қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

154. Тиісті бюджет комиссиясы іріктеген, сметалық құнын ұлғайту болжанған Инвестициялар бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке енгізіледі.

10-параграф. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестицияларды іріктеу тәртібі

155. Инвестициялардың экономикалық сараптамасы іс-шаралардың негізділік және нәтижелілік критерийлеріне сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам, жедел басқару құқығындағы мемлекеттік қазыналық кәсіпорын нысандағы Инвестицияларға экономикалық сараптама жүргізген жағдайда қаржылық тиімділік бөлігінде осы қоғамның қызметі шығынсыз болған жағдайда нәтижелілік критерийлері талап етілмейді.

**Ескерту. 155-тармақ жана редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.03.2015 № 200 бұйрығымен.**

156. Республикалық бюджет есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың экономикалық сараптамасын Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға жүзеге асырады.

157. Жергілікті бюджет есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың экономикалық сараптамасын Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлға жүзеге асырады.

158. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган құжаттар топтамасы келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 3-тарауының 9-параграфында көзделген құжаттар болмаған жағдайда оларды ББӨ-ге қайтарады.

Осы Қағидалардың 3-тарауының 9-параграфында көзделген құжаттардың толық топтамасы болған жағдайда, 1 (бір) жұмыс күні ішінде Инвестицияларға

экономикалық сараптама жүргізу үшін Инвестициялардың ҚЭН-ін немесе түзетілген Инвестициялар ҚЭН-ін:

1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға;

2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаларға жібереді.

**Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

159. Инвестициялардың экономикалық сараптамасының қорытындылары Инвестициялардың экономикалық сараптамасының қорытындысы (бұдан әрі – Қорытынды) түрінде ресімделеді.

160. Қорытынды Инвестициялар ҚЭН-ін:

1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған заңды тұлғаға;

2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаларға ұсынғаннан кейін 26 (жиырма алты) жұмыс күні ішінде дайындалады.

Жарғылық капиталды ең аз мөлшерде қалыптастыруға арналған Инвестициялар жағдайында қорытынды 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде дайындалады.

**Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**161. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

162. Осы Қағидалардың 122-тармағында көрсетілген құрылымға сәйкес келмеуі және (немесе) осы Қағидалардың 123-137-тармақтарында көрсетілген бөлімдердің, тараулардың және параграфтардың болмауы және (немесе) осы Қағидалардың 138, 140-142-тармақтарында көрсетілген құжаттардың болмауы анықталған жағдайда, Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған тиісті заңды тұлға 10 (он) жұмыс күні ішінде (жарғылық капиталын ең аз мөлшерде қалыптастыруға Инвестициялар берілген жағдайда 5 (бес) жұмыс

күні ішінде) Инвестициялардың экономикалық сараптамасының нәтижелері бойынша қажетті/пысықталған ақпараттарды ұсыну және/немесе жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптама жүргізу бойынша сұрату (бұдан әрі - Сұрату) дайындайды.

Сұрату жіберілген күннен бастап және қажетті ақпарат ұсынылғанға дейін экономикалық сараптама жүргізу мерзімдері тоқтатыла тұрады.

ББЭ қажетті ақпаратты хат пен сұрау салудың сканерленген көшірмелерін алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Қосымша материалдар ұсынылған кезде олардың толық тізбесі көрсетіледі, оның ішінде Инвестициялар ҚЭН-і осы Қағидалардың 122-тармағында көрсетілген құрылымға сәйкес ұсынылған жағдайда, бұрын ұсынылған Инвестициялар ҚЭН-інің қайтарып алынуы туралы көрсетіледі.

Белгіленген мерзімдерде қосымша материалдардың ұсынылмауы теріс Қорытындыны жасау үшін негіз болып табылады. Инвестициялар ҚЭН-і мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға сканерленген көшірмелерді ұсынудың белгіленген мерзімі өткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хатпен қайтарылады.

Осы Қағидалардың 122-138-тармақтарында көзделген құрылымға сәйкес келмеу және (немесе) бөлімдердің, тараулар мен параграфтардың және (немесе) құжаттардың болмауы қайта анықталған жағдайда, Инвестициялар ҚЭН-і қосымша материалдардың сканерленген көшірмелері алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға, Сұратуды қоса бере отырып, Қорытынды жасалмай хатпен қайтарылады.

Ескерту. 162-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

163. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

164. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

165. Қорытынды мынадай элементтерді қамтиды:

- 1) тақырыбы;
- 2) "Инвестициялар паспорты" бөлімі;
- 3) "Қорытынды" бөлімі;
- 4) қойылатын қолдар;
- 5) күні;

- 6) мекенжайы.
- 7) 1-қосымша "Құжаттар";
- 8) 2-қосымша "Ретроперспектива";
- 9) 3-қосымша "Негізділік";
- 10) 4-қосымша "Нәтижелілік".

166. Қорытындының Инвестициялар атауы көрсетілген тақырыбы, сондай-ақ Қорытындыны дайындаған ұйымның атауы болады.

167. "Инвестициялар паспорты" бөлімі осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкес нысанда ресімделеді.

168. "Тұжырымдар" деген бөлім мынадай құрылымға сәйкес келеді:

1) "Негізділік" деген тарау, Инвестициялар көлемдерін, оның ішінде жылдар бойынша растау немесе растамау туралы, сондай-ақ баламалы көздерден қаржыландыру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы ақпарат келтіріледі;

2) "Нәтижелілік" деген тарау, онда Инвестициялардың экономикалық, қаржылық тиімділігі, тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы ақпарат келтіріледі.

**Ескерту. 168-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

169. "Қорытындылар" деген бөлімде Инвестициялардың, оның ішінде іс-шаралардың және инвестициялық кезеңнің жылдары бөлінісінде расталған көлемін көрсете отырып, іс-шаралардың өлшемшарттарына сәйкестігіне қатысты пікір айтылады, бұл ретте:

1) оң қорытынды, егер іс-шаралар өлшемшарттарға сәйкес келсе;

2) іс-шаралар бір немесе екі өлшемшартқа сәйкес келмегенде теріс қорытынды не МИЖ іске асырудың басқа түрлері мен тәсілдері айқындалса;

3) іс-шаралар өлшемшарттарға сәйкес келсе ескертпелері бар оң қорытынды, алайда экономикалық сараптама жүргізу барысында төменде келтірілген тізбемен шектелмей, мынадай фактілер анықталғанда:

бұрын жасалған Инвестицияларға байланысты тікелей және (немесе) түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмеген;

Инвестициялар Алушы қызметінің үздіксіздігі мүмкіндігіне күмән туындаған кезде.

Төменде қатысушылар қызметінің үздіксіздігіне жеке алғанда немесе жиынтығында күмән тудыруы мүмкін оқиғалар мен жағдайлар мысалы келтіріледі.

Қаржылық оқиғалар немесе жағдайлар:

ағымдағы міндеттемелердің ағымдағы активтерден артық болуы;

өтеу мерзімі жақындаған міндеттемелердің болуы, оларды өтеудің немесе қарыз мерзімін ұзарту перспективасы нақты болмаған жағдайда;

ағымдағы қарыздардың есебінен ұзақ мерзімді активтерді қаржыландыру;  
борышкерлердің өтеу мерзімі өткен талаптарының елеулі сомасының болуы;  
қаржылық есептілікте берілген деректермен расталған операциялық қызмет бойынша теріс сальдо;

қаржылық есептілікте берілген деректермен расталған жалпы пайданың теріс мәні және (немесе) шығындардың болуы;

ақша түсімдерін алудың негізі ретінде қолданылатын активтер құнының едәуір төмендеуі;

орындалу мерзімі өткен міндеттердің елеулі сомасының болуы;

өнімдерді жеткізу бойынша шарттардың талаптарын сақтау қабілетсіздігі;

Инвестициялар Алушының қаржылық жағдайының талдауы Инвестициялар Алушыда қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) бойынша шығыстарды дербес төлеу мүмкіндігі бар екендігін көрсеткен жағдайда, сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бойынша ҚҚС сомасының Инвестициялар көлемінен алып тасталуы;

капиталдандырылатын болып табылмайтын шығыстардың Инвестициялар көлемінен алып тасталуы.

Операциялық оқиғалар немесе шарттар:

лайықты ауысымы жоқ негізгі басқарушылық персоналдың кетуі;

негізгі нарықты, франшизаны, лицензияларды, негізгі өнім берушілерді немесе тұтынушыларды жоғалту;

өнім бағаларының төмендеуі немесе өнім берушілердің өніміне бағаның арттуы.

Басқа да оқиғалар немесе шарттар:

пруденциялық нормативтердің орындалмауы;

жасалған шарттарға, оның ішінде қарыздарға сәйкес белгіленген ковенанттардың орындалмауы;

қатысушылардың қаржы-шаруашылық қызметіне теріс ықпал етуі мүмкін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары.

Ескертпелері бар оң қорытындыда ескертпелері бар пікір білдіруге ықпал еткен факторлар сипатталады.

Экономикалық қорытындының ескертпелері тиісті жобаны басқару жоспары шеңберінде Инвестицияларды іске асыру кезінде ескеріледі.

**Ескерту. 169-тармақ жана редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

170. Қорытындыны оны дайындаған ұйымның басшысы немесе оған уәкілетті тұлға бекітеді және оған Қорытындыны дайындаған ұйымның орындаушысы қолы қояды.

Қойылған қолдар Қорытындыны дайындаған ұйымның мөрімен бекітіледі.

171. Қорытындыға олардың негізінде Инвестициялар ҚЭН-і іс-шараларының критерийлерге сәйкестігі жөнінде пікір қалыптастырылған, жеткілікті және сенімді дәлелдер алынған күннен ерте емес күн қойылады.

172. Қорытындыға "Құжаттар" деген 1-қосымшада мыналардың әрқайсысының:

1) осы Қағидалардың 138-тармағында жазылған талаптарға сәйкес ұсынылған құжаттың, сондай-ақ қосымша ұсынылған әр құжаттың атауы;

2) орындаушы сараптама жүргізу барысында басшылыққа алған техникалық және технологиялық стандарттары бар нормативтік құқықтық акті мен нормативтік актінің, сондай-ақ пайдаланылған ақпараттық және статистикалық материалдар, шолулар мен басқа да құжаттар атауы көрсетіледі.

173. Қорытындыға "Ретроперспектива" деген 2-қосымшада бұрын бөлінген және игерілген қаражат жөніндегі, оның ішінде ағымдағы бағдарламалар бойынша, ақпараттың егжей-тегжейлі сипаттамасы келтіріледі.

174. Қорытындыға "Негізділік" деген 3-қосымшада негізділік критерийі бойынша пікір білдіруге ықпал еткен факторлардың егжей-тегжейлі сипаттамасы келтіріледі;

175. Қорытындыға "Нәтижелілік" деген 4-қосымшада нәтижелілік критерийі бойынша пікір білдіруге ықпал еткен факторлардың егжей-тегжейлі сипаттамасы келтіріледі

176. Түзетілген Инвестициялар ҚЭН қорытындысының құрылымы және мазмұны осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес болуы тиіс.

177. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган түзетілген Инвестициялардың ҚЭН-ін қарайды және осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономикалық қорытынды дайындайды.

Түзетілген Инвестициялар ҚЭН-іне экономикалық қорытынды Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындайтын заңды тұлғалардың экономикалық сараптамалары негізінде Қорытынды алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде дайындалады.

**Ескерту. 177-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

178. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган ББӨ-нің Инвестицияларды жүзеге асыру туралы ұсыныстарын және

олардың Инвестициялар ҚЭН-ін стратегиялық және (немесе) өздері әзірлеген даму құжаттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және олар бойынша осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономикалық қорытынды дайындайды.

Инвестициялар бойынша экономикалық қорытынды Инвестицияларды жүзеге асырудың экономикалық орындылығы, олардың ел экономикасына әсері және стратегиялық және (немесе) өздері әзірлеген даму құжаттарына сәйкестігі тұрғысынан дайындалады.

Республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен Инвестициялардың экономикалық қорытындысы Қорытынды алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар Инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындайтын заңды тұлғалардың экономикалық сараптамалары негізінде дайындалады.

**Ескерту. 178-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

179. Инвестицияларды іріктеуді және тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығаруды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар ББӨ Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 66-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырады.

180. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ББӨ-нің Инвестицияларды жүзеге асыру туралы ұсыныстарын және олардың ҚЭН-ін қаржы қаражатымен қамтамасыз етілу, растайтын құжаттарының болуы тұрғысынан қарайды және олар бойынша қорытындыны МИЖ-дің инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытындыны, Инвестициялар бойынша экономикалық қорытындыны ескере отырып, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Жергілікті атқарушы органдарға нысаналы даму трансферттері мен бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға берілетін бюджеттік өтінімдер бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілеттік органның қорытындылары мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы есепке алынып қалыптастырылады.

**Ескерту. 180-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

181. Инвестициялар бойынша оң экономикалық қорытынды мен тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде Инвестициялар тиісті бюджет жобасына қосылады.

Инвестицияларды іске асыруға арналған шығыстар ҚЭН-де айқындалған бюджеттік инвестицияларды іске асыру мерзімдеріне сәйкес бюджет жобасына қосылады.

Мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асырылуы жоспарланатын бюджеттік инвестициялар бойынша ТЭН немесе ЖСҚ-ға ведомстводан тыс кешенді сараптаманың нәтижелері бойынша тиісті бюджет жобасына жобаларды іске асырудың жалпы құны қосылады.

**Ескерту. 181-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.05.2020 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182. Инвестициялар ҚЭН-ін осы ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтер бекітетін бір ББӨ құзыретіне жатқызуға болмайтын жобаларды экономиканың түрлі салаларында іске асырылуын көздейтін ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтердің Инвестицияларын қоспағанда, оң экономикалық қорытынды және тиісті бюджет комиссиясының оң шешімін алған Инвестициялар ҚЭН-і немесе түзетілген Инвестициялар ҚЭН-і Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес ББӨ бекітуіне жатады. оң экономикалық қорытынды мен тиісті бюджет комиссиясының оң шешімін алған Инвестициялар ҚЭН-ін немесе түзетілген Инвестициялар ҚЭН-ін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес ББӨ бекітуі тиіс.

182-1. ҚЭН бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде жоба іске асырылуы басталмаған Инвестициялардың ҚЭН, оның ішінде түзетілген, бойынша экономикалық қорытынды ескірген болып есептеледі.

**Ескерту. 182-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.03.2015 № 200 бұйрығымен.**

**11-параграф. Қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын бюджеттік кредиттеудің қаржылық-экономикалық негіздемесін әзірлеу тәртібі**

**Ескерту. 11-параграфпен алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

**12-параграф. Қаржы агенттіктерінің мемлекеттің инвестициялық саясатын іске асыруын бюджеттік кредиттеудің қаржылық-экономикалық негіздемесін қарау тәртібі**

Ескерту. 12-параграфпен алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-1-тарау. Төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бағытталатын бюджеттік кредиттерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен бюджеттік кредит беру ретінде қаражат бөлудің орындылығын қарау мен айқындау тәртібі**

Ескерту. 3-1-тараумен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

182-2. Бюджеттік кредиттер:

- 1) ағымдағы қаржы жылына арналған бекітілген республикалық бюджетте;
- 2) мәслихаттар шешімімен бекітілген ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттердің тиісті бюджеттік бағдарламаларында көзделген мақсаттарға және сомалар шегінде беріледі.

182-3. Бюджеттік кредиттер беру мынадай:

- 1) бюджеттік кредитті кредит шартына сәйкес өтеу міндеттілігін көздейтін қайтарымдылық;
- 2) міндеттемелердің орындалуын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәсілдермен қамтамасыз етудің болуын көздейтін қамтамасыз етілу;
- 3) бюджеттік кредитті бергені үшін қарыз алушының сыйақы төлеуін көздейтін ақылылық;
- 4) бюджеттік кредитті беру мерзімін белгілеуді көздейтін мерзімділік қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

182-4. Қарыз алушылар, түпкілікті қарыз алушылар, сондай-ақ бюджеттік кредит беру шарттары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес айқындалады.

182-5. Республикалық бюджеттен, облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден берілетін бюджеттік кредиттер бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға, мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге және қаржы жылы ішінде қолма-қол ақшаның болжамды тапшылығы жағдайында тиісінше облыстық бюджеттерге, республикалық

маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне, аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттеріне берілуі мүмкін.

**Ескерту. 182-5-тармақ жана редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-6. Бюджеттік кредиттер Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған шарттар мен өлшемшарттар сақталған кезде беріледі.

182-7. Бюджеттік кредиттер заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу, қарыз алушылардың шаруашылық қызметі шығындарының орнын толтыру, сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің) қызметтеріне ақы төлеу мақсаттарына берілмейді.

Заңды тұлғаның шаруашылық қызметінің нәтижесінде пайда болған ақша нысанында көрсетілген шығын, материалдық және ақша ресурстарын азайтуға әкеп соқтыратын шығыстардың кірістерден асып түсуі шаруашылық қызметінің шығындары деп түсініледі.

182-8. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган ББӨ бюджеттік кредит беру арқылы іске асыруға ұсынып отырған бюджеттік бағдарламаларды олардың бюджеттік кредит беру өлшемшарттарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

182-9. Республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындауды төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығының орнын толтыруға бағытталған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындауды төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығының орнын толтыруға бағытталған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

182-10. Бюджет комиссиясы бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаны тиісті бюджет жобасына енгізу бойынша ұсыныстар әзірлейді.

2-параграф. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі

182-11. ББӨ бюджеттік кредиттеу кезінде кредиттік шарттың тарапы болып табылады және:

1) қаржы агенттіктерін және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамыту жөніндегі ұйымды және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық

компанияны қоспағанда, мамандандырылған ұйымдар мен сенім білдірілген өкілдерді (агенттерді) конкурстық негізде айқындауды;

2) бюджеттік кредиттердің нысаналы және тиімді пайдаланылуын, өтелуі мен оларға қызмет көрсетілуін бақылауды және мониторингтеуді жүзеге асырады.

**Ескерту. 182-11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-12. ББӘ ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімдерді жасайды және оларды бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

182-13. ББӘ немесе бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамыту жөніндегі қаржы агенттігін және ұйымдарды қоспағанда, сенім білдірілген өкілді (агентті) айқындайды.

Тапсырма шартының негізінде кредитордың (сенімгердің) немесе ББӘ атынан және оның есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредит беруге байланысты белгілі бір тапсырмаларды жасайтын тұлға сенім білдірілген өкіл (агент) болып табылады.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйым сенім білдірілген өкілдер (агенттер) бола алады.

3-параграф. Бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау кезінде сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу тәртібі

182-14. Жергілікті атқарушы органдарға, қаржы агенттіктеріне, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияға бюджеттік кредиттер бойынша, сондай-ақ қарыз алушылар ретінде жергілікті атқарушы органдар түпкілікті қарыз алушыларға мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге беретін бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қоспағанда, бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі айналыс мерзімі бюджеттік кредиттің мерзіміне сәйкес келетін мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің орташа өлшемді мөлшерлемесінен төмен болмайтын шамада белгіленеді.

**Ескерту. 182-14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-15. Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде бюджеттік кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі мынадай реттілікпен айқындалады: түпкілікті қарыз алушылар үшін – қарыз алушылар үшін. ББӨ жобаны іске асыруға мүмкіндік беретін кірістілік мөлшерлемесі және қарыз алушылардың маржасына салынатын параметрлердің шамалары бойынша есептеулер мен негіздемелерді ұсынады.

Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде түпкілікті қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесі жобаның қаржылық-экономикалық тиімділігіне байланысты есептеу жолымен белгіленеді және ішкі кірістілік нормасының мәніне тең болады.

Бұл ретте агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне берілетін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін қоспағанда, түпкілікті қарыз алушы үшін мамандандырылған ұйым белгілейтін сыйақы мөлшерлемесінің көлемі айналыс мерзімі бюджеттік кредит мерзіміне сәйкес келетін бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган эмитенттеген тиісті мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша өткен тоқсанда бағалы қағаздардың ұйымдасқан қайталама нарығындағы операциялардың нәтижелері бойынша қалыптасқан кірістің орташа өлшенген мөлшерлемесінен төмен емес деңгейде белгіленетін екі еселенген сыйақы мөлшерлемесінен аспайды.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге және қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бюджеттік кредит беру кезінде салымшыларға тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге аралық тұрғын үй қарыздарын және алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қаржы агенттіктерін қоспағанда, Қарыз алушының маржасы инвестициялық жобаларды іске асыруға агроөнеркәсіптік кешен саласында кредит беру салынатын операциялық шығыстардың шамасынан, және жыл сайын бюджеттік кредит сомасының 0% - дан 1,5% - на дейін құрайды.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қаржы агенттіктерінің түпкілікті қарыз алушысы үшін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері маржаны ескере отырып жылдық 9,5% - дан аспайды, инвестициялық жобаларды іске асыруға агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кредит беру маржаны ескере отырып жылдық 6% - дан аспайды.

**Ескерту. 182-15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-16. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы

мөлшерлемесі 182-14-тармақтың талаптарын ескере отырып, бірақ жоғары бюджет берген мөлшерлемеден төмен емес мөлшерде кредитордың шешімімен белгіленеді.

**Ескерту. 182-16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-17. Айналым қаражатын толықтыру мақсаты үшін бюджеттік кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі есептеулер мен негіздемелерді ұсынған кезде ББӨ ұсыныстары бойынша айқындалады.

Бұл ретте банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар бойынша қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның пруденциялық нормативтері сақталуы тиіс.

4-параграф. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау тәртібі

182-18. Бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау үшін жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға негіздейтін құжаттаманы ұсынады, онда мыналар қамтылуы тиіс:

1) бюджеттік кредиттеу есебінен қаржыландыруға ұсынылатын шығыстар мен іс-шаралар түрлері бойынша есептеулер;

2) жобаны іске асыру мақсатында бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау үшін негіздейтін ақпарат:

жобаны іске асыруға арналған шығындар көлемін растау;

тиісті салада іске асырылатын, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту есебінен жобаларды қаржыландыру көздерін талдау;

кредиттеу шарттарын негіздеу (оның ішінде мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, кредит сомасы және оны өтеу кестесі);

түпкілікті қарыз алушыларды кредиттеу шарттарын негіздеу (мұндай болған жағдайда);

3) саланы дамыту басымдықтарына сәйкес келуі, сондай-ақ бюджеттік кредиттеу арқылы іс-шараларды іске асырудың оңтайлы нұсқасын таңдау тұрғысынан тиісті салалық сараптаманың түсіндірме жазбасы және қорытындысы. Объектіні пайдалануға беру шығындары болған жағдайда тиісті салалық сараптаманың қорытындысында ақпаратты көрсету қажет;

4) техникалық-экономикалық негіздеме;

5) құрылыс қызметін көздейтін іс-шаралар болған жағдайда, техникалық-экономикалық негіздемеге ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы, оның ішінде техникалық шарттар бойынша құжаттардың көшірмелері (қажет болған кезде жер учаскелерінің иелері мен жер

пайдаланушылар шығындарының, алып қойылатын алқаптардың түріне байланысты ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісі шығындарының есептеулері қоса беріледі) және қазіргі объектілерді реконструкциялауды болжайтын жобалар бойынша жылжымайтын мүліктің тиісті құқық белгілейтін құжаттарының көшірмелері ұсынылады.

**Ескерту. 182-18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-19. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттік инвестициялық жобаларға, оның ішінде ТЭН әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларға республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындауы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаның экономикалық сараптамасының қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың бюджеттік инвестициялық жобаларға, оның ішінде ТЭН әзірлеуді талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларға жергілікті бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындауы жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғалардың экономикалық сараптамасының қорытындысы ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

182-20. Тиісті салалық орталық мемлекеттік орган ұсынылған құжаттаманы қарайды және жоспарланатын бюджеттік инвестициялық жоба бойынша салалық қорытынды береді. Салалық қорытынды оң болған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісі осы Қағидалардың 182-18-тармағына сәйкес құжаттаманы бюджеттік кредит берудің орындылығы туралы экономикалық қорытындыны дайындау үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізеді.

Жергілікті бюджеттен бюджеттік кредит беру жолымен қаржыландыруға мәлімделген жергілікті бюджеттік инвестициялық жоба бойынша тиісті ББӘ осы Қағидалардың 182-18-тармағына сәйкес құжаттаманы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жергілікті бюджеттен бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау үшін енгізеді.

182-21. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган құжаттар топтамасы келіп түскен кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 3-1-тарауының 4, 5, 6 және 7-параграфтарында көзделген құжаттар болмаған жағдайда оларды ББӘ-ге қайтарады.

Осы Қағидалардың 3-1-тарауының 4, 5, 6 және 7-параграфтарында көзделген құжаттардың толық топтамасы ұсынылған жағдайда, бюджеттік кредиттің ҚЭН-іне экономикалық сараптама жүргізу үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде:

1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға;

2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаларға экономикалық сараптамаға жібереді.

**Ескерту. 182-21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-22. Экономикалық сараптама құжаттар топтамасы ұсынылғаннан кейін 26 (жиырма алты) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

**Ескерту. 182-22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-23. ТЭН-нің экономикалық сараптамасының қорытындысын ТЭН-нің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға айқындалған тиісті заңды тұлғалар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жібереді.

182-24. ТЭН-нің экономикалық сараптамасының нәтижелері оң қорытынды немесе теріс қорытынды болып табылады.

Экономикалық сараптама қорытындысын оны дайындаған ұйымның басшысы немесе оған уәкілеттік берілген тұлға бекітеді, қорытындыны дайындаған ұйым орындаушысының қолы қойылады және мөрмен куәландырылады.

182-25. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган осы Қағидалардың 182-18-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар топтамасын экономикалық сараптаманың қорытындысын ескере отырып қарайды және олар бойынша экономикалық қорытындыны ББӘ-ге жібереді.

Экономикалық қорытынды экономикалық сараптама қорытындысы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде дайындалады.

**Ескерту. 182-25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**5-параграф. Мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асыруға бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау тәртібі**

182-26. Мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асыруға бюджеттік кредит берудің берудің орындылығын айқындау ҚЭН талдауына негізделеді.

182-27. Бюджеттік кредиттердің ҚЭН тиісті бюджеттік бағдарламаны іске асыруға бюджет қаражатын салудан алынған нәтижені бағалауды, негіздемені, орындылықты қамтитын құжатты білдіреді.

182-28. Бұл ретте инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде көзделетін шет мемлекеттердің аумағында құрылыс қызметін көздейтін іс-шаралар болған жағдайда аумағында осы жобаны іске асыру жоспарланған мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіпте дайындалған техникалық-экономикалық негіздеме мен ол бойынша қорытындыны ұсыну қажет.

**6-параграф. Қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуын бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау тәртібі**

**Ескерту. 6-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-29. Қаржы агенттіктерін бюджеттік кредиттеудің және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуының орындылығын айқындау:

1) бюджеттік кредиттер есебінен іске асырылатын инвестициялық жобалардың тиімділігін;

2) қарыз алушыны (мамандандырылған ұйымдарды) талдауға негізделеді.

Бұл ретте, айналым қаражатын толықтыру үшін бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау кезінде мамандандырылған ұйымдарды ғана талдау жүзеге асырылады.

**Ескерту. 182-29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-30. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуын республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындауы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаның экономикалық сараптамасының қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 182-30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

182-31. Қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуын бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау үшін ББӨ мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті орталық немесе жергілікті уәкілетті органға бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін МЖАЖ арқылы ұсынады.

Ескерту. 182-31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

182-32. Бюджеттік кредиттің ҚЭН-де бюджеттік кредит берудің орындылығын растау, сондай-ақ жоспарланып отырған іс-шаралардың бюджет заңнамасына сәйкес бюджеттік кредит берудің мынадай өлшемшарттарына сәйкестігін растау келтіріледі:

іс-шараларды бюджеттік кредит беру арқылы іске асырудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі;

бюджеттік кредит есебінен іске асырылатын іс-шаралардың өзін-өзі ақтауы;  
мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын өлшемшарттарға сәйкес қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігі.

182-33. Экономикалық сараптаманы жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғаның бюджеттік кредитінің ҚЭН-нің экономикалық сараптамасы бюджеттік кредиттің ҚЭН іс-шараларының бюджеттік кредит берудің өлшемшарттарына сәйкестігі тұрғысынан жүргізіледі.

182-34. Бюджеттік кредиттің ҚЭН әзірлеуді немесе түзетуді ББӨ не қаржылық схема қатысушыларының бірі жүзеге асырады.

182-35. Бюджеттік кредиттің ҚЭН-нің мақсаттары мен міндеттері инвестициялық ұсынысқа сәйкес келуі тиіс.

182-36. Бюджеттік кредиттің ҚЭН-і:

жоба паспортының;  
институционалдық бөлімнің;  
маркетингтік бөлімнің;  
қаржылық бөлімнің;  
әлеуметтік-экономикалық бөлімнің;  
тәуекелдерді бағалау және бөлу;  
жоба бойынша тұжырымдардың;

қосымшалар.

Егер бюджеттік кредит шетел мемлекеттердің аумағында берілген жағдайда, жобалардың бастапқы және түзетуге ұсынылатын құнын растайтын, оның аумағында осы жоба іске асырылатын мемлекеттің құрылысы саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген тиісті құжаттар, көрсетілген заңнаманың мәтіні қоса беріле отырып және қазақ және/немесе орыс тілдеріне аудармасы қамтамасыз етіле отырып, ұсынылады.

Жобаның ерекшелігіне байланысты бюджеттік кредиттің ҚЭН шеңберінде қабылданған шешімдерді егжей-тегжейлі ашуға және негіздеуге мүмкіндік беретін қосымша бөлімдер қосылады.

Жобаның ерекшелігіне байланысты бюджеттік кредиттің ҚЭН шеңберінде қабылданған шешімдерді егжей-тегжейлі ашуға және негіздеуге мүмкіндік беретін қосымша бөлімдер енгізіледі.

Бұл ретте қосымшалар мынадай құжаттармен жинақталады:

қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдерінің есептеулері, олар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша ұсынылатын қаржылық-экономикалық модельдің базалық параметрлері мен экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есептеулері;

осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын қатысушылар туралы ақпарат;

осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес жасалған қаржы моделінің қағаз және электрондық нұсқасы;

бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген нысандар бойынша жасалған бюджеттік кредитті есепке алмай, бюджеттік кредиттің қаржылық схемасына қатысушылардың қаржылық көрсеткіштерінің болжамы:

"Бухгалтерлік баланс";

"Пайдалар мен шығындар туралы есеп";

"Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп (тікелей немесе жанама әдіс)"

;

"Капиталдағы өзгерістер туралы есеп";

осы Қағидаларға 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын бюджеттік кредит есебінен іске асыру жоспарланатын инвестициялық жобаның тиімділігін талдау;

осы Қағидаларға 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын қарыз алушыны талдау;

болжанып отырған кепілдік қамтамасыз етуге меншік құқығын және кепілзат мүлігіне өзге ауыртпалықтар жоқ екендігін растайтын құжат;

салық берешегінің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің болмауы (болуы) туралы тиісті салық органы анықтамасының түпнұсқасы;

бұрын берілген бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы туралы бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның анықтамасы (хаты);

Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы заңнамаға сәйкес жасалған бюджеттік кредиттерді уақтылы қайтару бойынша қамтамасыз ету болып табылатын мүлікті бағалау туралы есеп;

бюджеттік кредит беру кезінде түпкілікті қарыз алушыдан алынатын маржаны негіздейтін құжат;

жаңа объектілердің құрылысын не қазіргі объектілерді реконструкциялауды болжайтын жобалар бойынша жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін тиісті құжаттардың көшірмелері;

қаржылық схема қатысушыларының құрылтай құжаттарының көшірмелері;

қаржылық схема қатысушыларының кредит саясаты туралы құжаттары;

мамандандырылған ұйымның атқарушы органының;

1) бюджеттік кредиттің сұрау салынған қаражат мөлшері мен шарттары;

2) қаржылық-экономикалық модельге сәйкес жылдар бойынша тікелей және түпкілікті нәтижелер;

3) экономикалық эффект;

4) әлеуметтік-экономикалық тиімділік расталған мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру шеңберінде жоспарланған жоба(лар)ға бюджеттік кредитті тартуды бекіту туралы оң шешімі;

қаржы схемасына қатысушылардың қаржылық есептілігінің электрондық нұсқасы (Жеке және шоғырландырылған) электрондық нысанда ұсынылған және мемлекеттік органның бірінші басшысының – ББӨ не оның орнындағы адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы Әрбір бюджеттік кредит бойынша жеке уәкілеттік берген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған – бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға енгізудің алдындағы соңғы үш жылдағы ББӨ және бас бухгалтер, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар;

Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік аудиті міндетті болып табылатын қаржы схемасына қатысушылар үшін соңғы үш жылда жасалған аудиттелген қаржылық есептілік және аудиторлық есептер ұсынылады. Бұл ретте қаржы схемасына қатысушының қолданыстағы заңнамаға сәйкес объективті себептер болған кезде соңғы есепті кезең үшін аудиттелмеген қаржылық есептілікті ұсынуға құқығы бар;

инвестициялық ұсыныстың және осы инвестициялық ұсынысқа мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысының көшірмесі;

ведомстводан тыс кешенді сараптаманың тиісті қорытындысы;

тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптамасының қорытындысы;

бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға енгізудің алдындағы соңғы тоқсанда жасалған қаржы схемасына қатысушылардың электрондық қаржылық есептілігі, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар.

Қаржылық есептілік қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес, оның ішінде басқа ұйымдарға қаржылық қатысу туралы ақпаратты қоса бере отырып, баланс валютасында 10% және одан да көп алатын баланс баптарының егжей-тегжейлі транскрипциясын қоса бере отырып ұсынылады.

Тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптамасының қорытындысы оң бағаны қамтиды:

1) мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру шеңберінде жобаға сұрау салынған бюджеттік кредит мөлшері бойынша жоспарланған тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге сұранысты мөлшерлік түрде негіздеумен саладағы қазіргі жағдайдың талдауын бағалауды;

2) қаржылық-экономикалық модельге сәйкес жылдар бойынша сандық және сапалық нәтиже көрсеткіштерін келтіре отырып және жобаның сала экономикасының құрылымындағы рөлі мен орнын көрсете отырып, саланың дамуына жобаның іске асырылуының ықпалын, экономикалық эффект және әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалауды;

3) бюджеттік кредиттің мөлшеріне, оның іс-шаралар мен құрауыштар бойынша мақсатты қолданылуына баға бере отырып, жобаның іс-шаралары бойынша (құрылысты және/немесе жабдықтарды сатып алуды болжайтын жобалар бойынша) техникалық шешімдердің жеткілікті болуын және олардың тиімділігін;

4) тиісті сараптама, оның ішінде кешенді ведомстводан тыс сараптама қорытындылары болмаған жағдайда, объектілерді салуды және (немесе) қайта құруды көздейтін объектілердің немесе олардың бөліктерінің техникалық шешімдері мен құнын айқындауды;

5) бюджеттік кредит қаражатын алушыларды қаржыландыру бойынша операцияларды, сондай-ақ олардың маржасын оң бағалауды қамтиды.

**Ескерту. 182-36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-37. Жоба паспортында жоба туралы қысқаша ақпарат ашып көрсетіледі. Жоба паспорты мынадай ақпаратты қамтиды:

- бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы;
- жобаның атауы;
- жобаны іске асыру орны (құрылыс болған жағдайда);
- жобаның мақсаты мен міндеттері, оның ішінде сандық мәнде;
- жобаның іске асырылу кезеңі, оның ішінде объект құрылысының кезеңі (құрылыс болған жағдайда);
- жобаның құрамдауыштары;
- бюджеттік кредиттің жоспарланатын көлемі;
- бюджеттік кредитті беру шарттары (кредитті берудің мақсаты, сыйақы мөлшерлемесі, қарыз алушының кредитті игеру кезеңі, негізгі борышты өтеу және ол бойынша сыйақы төлемдерін төлеу кезеңділігі, жеңілдік кезеңінің болуы, кредитті өтеу әдісі);
- жобаның іске асырылуынан негізгі пайда алушылар.

182-38. Институционалдық бөлімде жобаны басқарудың ұсынылатын тиімді схемасы, олардың функциялары, олардың өзара іс-қимыл тәртібі сипатталады, бұл ретте схема кредиттік шарт жасасатын негізгі қатысушылар деңгейіне дейін сипатталады.

Осы бөлім мыналарды:

1) қаржы схемасының әрбір қатысушысы бойынша ақпаратты, сондай-ақ ақша ағындарының сомалары мен бағыттарын көрсете отырып, іс-шараларды іске асырудың қаржылық схемасын;

2) бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша іс-шараларды іске асыру жоспарланатын жобаның стратегиялық алғышарттары туралы ақпарат (елдегі жағдай және Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы, нормативтік құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары).

**Ескерту. 182-38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-39. Маркетингтік бөлім жобаны іске асырудың нәтижесінде пайда болатын өнімге (тауарларға/көрсетілетін қызметтерге) сұраныстың және өндірістің тұтыну факторлары ұсынысының қазіргі кездегі және болжамды (жобаны іске асыру кезеңіндегі) конъюнктурасын талдауды қамтиды.

Осы бөлім мыналарды:

1) саладағы (өңірдегі) және Қазақстан Республикасындағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайды және жобаны есепке алмай, оның даму перспективаларын талдауды, оның ішінде:

негізгі әлеуметтік көрсеткіштерді (халықтың кіріс деңгейі, жұмыссыздық, жұмыспен қамту, өлім-жітім, туу деңгейі және т.с.с.);

негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштерді (өнімдерді (тауарларды/көрсетілетін қызметтерді) өндіру көлемі), жалпы ішкі өнім құрылымындағы саланың (өңірдің) үлесі, салаға (өңірге) инвестициялардың көлемі және олардың жоспарланатын кезеңдегі үрдістері);

жобаны іске асыру арқылы шешу жоспарланып отырған саладағы бар проблемалардың сипаттамасын;

2) жобаны іске асырған жағдайда саладағы (өңірдегі) және Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды дамыту перспективаларын талдауды, оның ішінде:

негізгі әлеуметтік көрсеткіштерді (халықтың кіріс деңгейі, жұмыссыздық, жұмыспен қамту, өлім-жітім, туу деңгейі және басқалар);

негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштерді (өнімдерді (тауарларды/көрсетілетін қызметтерді) өндіру көлемі), жалпы ішкі өнім құрылымындағы саланың (өңірдің) үлесі, салаға (өңірге) инвестициялардың көлемі және олардың жоспарланатын кезеңдегі үрдістері);

уәкілетті органның функцияларына сәйкес салалық қорытындылармен расталған сұраныстың сандық параметрлерінің, оның үрдістерінің талдауын және негіздемесін немесе жоба шеңберінде өндіру жоспарланатын өнімге (тауарға/көрсетілетін қызметке) қажеттілікті бағалауды;

тұтынушылардың санаттары бойынша саладағы (өңірдегі) ағымдағы жағдайды ескере отырып, жүргізілетін өнімнің (тауардың/көрсетілетін қызметтің) көлемін, түрлерін және бағаларын талдауды;

3) тұтынушылардың санаты бойынша жобаны іске асырудың нәтижесінде жүргізілетін өнімнің (тауардың/көрсетілетін қызметтің) көлемдерін, түрлерін және бағаларын талдауды:

жобаны іске асыру үшін қажетті шикізат, материалдар, жабдықтар нарықтарын талдау, оның ішінде өндірушілер мен жеткізушілер, бағалар, сапа және өнімді жеткізу шарттары бойынша салыстырмалы талдауды;

инвестициялық, сол сияқты инвестициядан кейінгі кезеңде жобаның тиісті біліктілігі бар мамандармен қамтамасыз етілуін талдау, сондай-ақ қажет болған жағдайда, шетелдік мамандарды тарту негіздемесін қамтиды.

**Ескерту. 182-39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-40. Қаржы бөлімінде бюджеттік кредит көлемінің және кредит беру мақсатының негіздемесі, қаржы моделінің бастапқы деректерінің сипаттамасы мен негіздемесі, жобаның қаржылық тиімділігін талдау, бюджеттік кредитті беру шарттарының және оны уақтылы қайтару мүмкіндігінің негіздемесі, сондай-ақ қарыз алушы мен өзге де қаржылық схема қатысушыларының талдауы келтіріледі. Бұдан басқа, бюджеттік кредиттің ҚЭН шеңберінде қабылданған қаржылық шешімдер ашып көрсетіледі.

Осы бөлім:

1) бюджеттік кредит ҚЭН әрбір іс-шарасы бөлінісінде бюджеттік кредит көлемінің құжатпен және есептеулермен расталған негіздемесін, оның ішінде:

сатып алынатын өнімдер тізбесінің, саны мен сапасының негіздемесін (сатып алынған жағдайда);

сатып алынған жағдайда бюджеттік кредит есебінен сатып алынатын өнімдер бағаларының талдауын (соңғы екі жылдағы бағалардың серпіні туралы ақпарат және осындай өзгеріске әкелуі мүмкін ағымдағы бағалар мен оқиғалардың ықтимал өзгеруі);

2) мыналарды:

бюджеттік кредит беру шарттары мен негіздемелерін (кредит беру мақсаты, сыйақы мөлшерлемесі, қарыз алушының кредитті игеру кезеңі, негізгі борышты өтеу және ол бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі, жеңілдік кезеңінің болуы, кредитті өтеу тәсілі және басқалары) егжей-тегжейлі сипаттауды;

жобаны іске асыру кезеңі ұзақтығының негіздемесін;

қаржылық схема қатысушыларының ковенанттарды қамтамасыз етуіне және сақтауына қойылатын талаптардың болуы/болмауы туралы ақпаратты;

қаржылық схема қатысушыларының кредиттік қоржынының құрылымы мен жоба іске асырылған жағдайда оның өзгерісін бағалауды;

өткізілетін өнімнің (тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнының негіздемесі, оның ішінде оның өсу немесе төмендеу негіздемесін (ақпаратты ашып көрсету әрбір өнім бойынша жүзеге асырылады);

өнімді өткізу бойынша жоспарланатын шығыстар негіздемесін, оның ішінде олардың өсу немесе төмендеу негіздемесін (ақпаратты ашып көрсету әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

жоспарланатын әкімшілік шығыстар негіздемесі, оның ішінде олардың өсу және төмендеу негіздемесін (ақпаратты ашып көрсету әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

маркетинг пен жарнама бойынша жоспарланатын шығыстардың негіздемесін, оның ішінде олардың өсу немесе төмендеу негіздемесін (ақпаратты ашып көрсету әрбір кіші топ бойынша жүзеге асырылады);

сыйақылар бойынша жоспарланатын шығыстар негіздемесін;

активтердің кетуіне байланысты шығыстар негіздемесін;  
операциялық жалдауға байланысты шығыстар негіздемесін;  
үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар бойынша шығыстар негіздемесін;  
тоқтатылатын қызметке байланысты жоспарланатын шығыстарды;  
өзге де жоспарланатын шығыстарды;  
сатудан және өзге көздерден түсетін кірістерді келтіре отырып, жобаның кіріс бөлігінің негіздемесін;

қаржылық схемаға қатысушылар маржасының негіздемесін келтіре отырып, барлық қаржылық схемаға қатысушылар үшін қаржы моделін есептеуде қолданылатын барлық бастапқы деректердің негіздемесін қамтиды.

Қаржылық модель осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес жасалады және Excel электрондық форматында ұсынылады;

3) бюджеттік кредит есебінен іске асырылатын жобаның тиімділігін талдау.

Осы тарауда мынадай көрсеткіштерді есептеу нәтижелерінің сипаттамасын ұсыну қажет:

өтемділіктің қарапайым мерзімі (payback period, PP);  
өтемділіктің дисконтталған кезеңі (discounted payback period, DPP);  
таза дисконтталған кіріс (net present value, NPV);  
ішкі кірістілік нормасы (internal rate of return, IRR);  
кірістілік индексі (profitability index, PI).

Көрсеткіштерді есептеу осы Қағидаларға 47-қосымшаға сәйкес жүргізіледі;

Қаржылық агенттіктерді бюджеттік кредиттеу кезінде, егер қаржылық модельде дисконттау мөлшерлемесі түпкілікті қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесінен жоғары деңгейде қолданылған жағдайда, таза дисконтталған кірістің нөлден аз мәніне ( $NPV < 0$ ) жол беріледі.

Бұл ретте, мұндай дисконттау мөлшерлемесін қолдану негізделген болуы тиіс ;

4) қарыз алушыны және өзге де жобаның қаржылық схемасына қатысушыларды талдау. Ол үшін жобаның қаржылық схемасына қатысушылардың қаржылық есептілігін талдаудың мынадай түрлері:

сатылас талдау (vertical analysis);  
деңгейлес талдау (horizontal analysis);  
коэффициенттік талдау (coefficient analysis) жүргізіледі.

Көрсеткіштерді есептеу осы Қағидаларға 48-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 182-40-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-41. Әлеуметтік-экономикалық бөлім жобаны іске асырудан түсетін экономикалық және әлеуметтік-экономикалық пайдалар мен шығындарды көрсетеді.

Бұл бөлім:

бюджеттік кредиттің қаржы-экономикалық негіздемесі іс-шараларының жоспарланған тікелей және түпкілікті нәтижелерінің есептеулермен расталған негіздемесін;

тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге негізделген бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін іс-шараларының әлеуметтік-экономикалық, оның ішінде бюджеттік тиімділігі туралы ақпаратты;

мамандандырылған ұйымның атқарушы органының бекітілген шешіміне сәйкес келетін ҚЭМ-де расталатын бюджеттік кредитті іске асырудан экономикалық эффекті және әлеуметтік-экономикалық тиімділікті есептеу;

нәтижелерді, салдар мен ықпалдарды талдауды, өсірілген пайдалар мен шығындарды, тұтынушының қосымша пайдаларын, қайтымсыз шығасыларды, сыртқы әсерлерді, халықаралық әсерлерді, жобаны іске асырудан түсетін жанама пайдаларды қамтитын жоба бойынша пайда мен шығындарды талдауды;

ағымдағы бағалар мен өткен жылдың салыстырылатын бағаларындағы тікелей, жанама және жиынтық макроэкономикалық әсердің есебін;

таза қоғамдық пайдалардың, экономикалық таза келтірілген кірістің (economic net present value, ENPV), экономикалық ішкі кірістілік нормасы (economic internal rate of return, EIRR) көрсеткіштерінің есебін;

жобаны іске асырудың сабақтас салалардың (көрші өңірлердің) дамуына әсерін талдауды;

жобаның Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетінің өсуіне және импортты алмастыруға, инновациялардың дамуына әсерін талдауды;

жоба бойынша қатысушылардың қызметін қолдау үшін көрсетілуі жоспарланған мемлекеттік қолдаудың түрлері мен мөлшерлерін, олардың есептері мен негіздемесін;

жобаны іске асыру жылдары бойынша мемлекеттік бюджетке (республикалық немесе жергілікті) түсетін жүктеменің есебін;

таза бюджеттік пайдалардың, бюджеттік таза келтірілген кірістің (мемлекеттік бюджеттің NPV), бюджеттік ішкі кірістілік нормасы (мемлекеттік бюджеттің IRR) көрсеткіштерінің есебін;

мемлекеттік бюджетке, оның ішінде бюджеттік кредиттің түпкілікті қарыз алушыларын ескере отырып, түсуі жоспарланған салықтық түсімдерді қамтиды.

**Ескерту. 182-41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-42. "Тәуекелдерді бағалау және бөлу" деген бөлімде жобаны іске асыру кезінде (оның ішінде құрылыс жағдайда, дайындық кезеңінде, объектіні салу/реконструкциялау және оны пайдалану кезеңінде) басталуы мүмкін тәуекелдер сипатталады.

Бұл бөлім:

коммерциялық тәуекелдерді бағалауды;

әлеуметтік тәуекелдерді бағалауды;

экономикалық тәуекелдерді бағалауды;

техникалық тәуекелдерді бағалауды;

қаржылық тәуекелдерді бағалауды;

тәуекелдердің негізгі факторларын айқындайтын, жобаға қатысушылар үшін ерекше тәуекелдерді бағалауды, олардың өзгеруінің болжамды сипаты мен диапазонын;

оларды төмендету бойынша болжанатын іс-шараларды;

жобаның қаржылық схемасына қатысушылар арасында тәуекелдердің бөлінуін талдауды;

белгісіздік жағдайындағы талдауды, оның ішінде негізгі параметрлер бойынша (өткізу көлемі, өткізу бағасы, тікелей шығыстар) сезімталдықты талдауды, оның ішінде параметрі өзгеруінің шекті рұқсат етілген мәндерін айқындауды қамтиды.

Тәуекелдерді бағалау сандық және сапалық талдау әдісімен жүргізіледі.

182-43. "Жоба бойынша тұжырымдар" деген бөлімде:

жобаның негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері;

жобаның бюджеттік кредиттеу арқылы іске асыру қажеттігін негіздеу;

Жоба паспортына сәйкес бюджеттік кредит беру шарттарын бағалау;

жоба бойынша шекті тәуекелдер және оларды төмендету жөніндегі шаралар сипатталады.

182-44. Бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау үшін ББӘ мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға осы Қағидалардың 182-36-тармағына сәйкес әзірленген бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша құжаттар топтамасын ұсынады.

Бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша құжаттар топтамасын қарау мерзімі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күнін құрайды.

**Ескерту. 182-44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-45. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган құжаттар топтамасы келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс

күні ішінде осы Қағидалардың 3-1-тарауының 4, 5, 6 және 7-параграфтарында көзделген құжаттар болмаған жағдайда оларды ББӨ-ге қайтарады.

Осы Қағидалардың 3-1-тарауының 4, 5, 6 және 7-параграфтарында көзделген құжаттардың толық топтамасы болған жағдайда, бюджеттік кредиттің ҚЭН-іне экономикалық сараптама жүргізу үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде экономикалық сараптамаға тиісінше:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттік кредит, оның ішінде түзетілген бюджеттік кредит ҚЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындаған заңды тұлғаға;

2) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары бюджеттік кредит, оның ішінде түзетілген бюджеттік кредит ҚЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындайтын заңды тұлғаларға жіберіледі.

**Ескерту. 182-45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-46. Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаның бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілгенінің экономикалық сараптамасы бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша, оның ішінде түзетілгені бойынша құжаттар топтамасы ұсынылған күннен бастап 26 (жиырма алты) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Бюджеттік кредит ҚЭН-нің экономикалық сараптамасы ұсынылған бюджеттік кредит ҚЭН-нің, уәкілетті органдардың оң салалық қорытындыларының, мамандандырылған ұйымның атқарушы органының оң шешімінің және жобаның ерекшелігіне байланысты талап етілетін сараптамалардың тиісті оң қорытындыларының негізінде жүргізіледі.

Экономикалық сараптама ҚЭН-нің, уәкілетті органдардың оң салалық қорытындыларының, мамандандырылған ұйымның атқарушы органының оң шешімінің негізінде мамандандырылған ұйымның жоба бойынша бюджеттік кредиттің сұрау салған сомасына ғана жүргізіледі.

Жүргізілген сараптамаларда және/немесе тәуелсіз сараптамада, сондай-ақ берілген құжаттамада қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша ақпарат ұсыну және (немесе) қосымша сараптама жүргізу қажет болған жағдайда, бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілген ҚЭН-нің экономикалық сараптамасын, жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған тиісті заңды тұлғалар тиісті

Қосымша ақпаратқа қатысушылардың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органға бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілгенін ҚЭН-ін енгізуі алдындағы айдың соңғы күніне жасалған

қаржылық есептілігі, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар жатады.

Қосымша сараптамаларға:

- 1) кешенді ведомстводан тыс сараптама;
- 2) уәкілетті мемлекеттік органның салалық сараптамасы жатады.

Қажетті ақпаратты ұсыну және/немесе жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптамалар жүргізу бойынша сұрау салулар тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне, сұрау салудың көшірмесі - осы Қағидалардың 182-36-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасы түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жіберіледі.

ББӨ ресми хат түрінде сұрау салу түскен сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қажетті ақпаратты бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілген ҚЭН-нің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғаға ұсынады.

Экономикалық сараптама жүргізу мерзімі ұзартылған жағдайда, бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілгенін ҚЭН-нің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі не жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлға ББӨ хатын қоса бере отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға экономикалық сараптама жүргізудің ұзартылғаны туралы хабарлайды.

Сұрау салу жіберілген күннен бастап және қажетті ақпарат ұсынылғанға дейін экономикалық сараптама жүргізу мерзімі тоқтатыла тұрады.

Қосымша материалдарды ұсынған кезде олардың тізбесі көрсетіледі, бюджеттік кредиттің ҚЭН-і жаңа редакцияда енгізілген жағдайда, бұрын ұсынылған бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін кері қайтарып алу туралы көрсетіледі.

Белгіленген мерзімде қосымша материалдарды ұсынбау бюджеттік кредиттің ҚЭН-ін және оған құжаттарды Қорытынды жасамай қайтаруға негіз болып табылады.

Бюджеттік кредиттің ҚЭН-і мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға сұрау салуды қоса бере отырып, сұрау салынған материалдарды ұсынудың белгіленген мерзімдері өткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қайтарылады.

Бюджеттік кредит ҚЭН-нің, оның ішінде түзетілген ҚЭН-нің экономикалық сараптамасының нәтижесі оң қорытынды немесе теріс қорытынды немесе пысықтауға жіберілген қорытынды болып табылады.

Ескерту. 182-46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

182-47. Бюджеттік кредит ҚЭН-нің экономикалық сараптамасының қорытындысы(бұдан әрі-Қорытынды):

- 1) тақырыпты;
- 2) "Жобаның қысқаша сипаттамасы" деген бөлімді;
- 3) "Тұжырымдар" деген бөлімді;
- 4) қойылған қолдарды;
- 5) күнін;
- 6) мекенжайды;
- 7) Қорытындыға "Құжаттар" деген 1-қосымшаны.

Қорытындыда жобаның атауы, сондай-ақ Қорытындыны дайындаған ұйымның атауы көрсетілген тақырыбы болады.

"Жобаның қысқаша сипаттамасы" деген бөлімде бюджеттік кредиттің ҚЭН-не сәйкес мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) жобаның атауы;
- 2) ББӨ-нің атауы;
- 3) қаржылық схемаға қатысушылардың атаулары;
- 4) бюджеттік кредит берудің мақсаты;
- 5) қаржыландыру жылдары бойынша бөліп көрсетілген жобаның жалпы құны ;
- 6) жобаны қаржыландыру көздері мен нысаны;
- 7) бюджеттік кредит беру шарттары.

"Тұжырымдар" деген бөлім мынадай құрылымға сәйкес келеді:

1) уәкілетті органдардың оң салалық қорытындыларының, мамандандырылған ұйымның атқарушы органының оң шешімінің және жобаның ерекшелігіне байланысты талап етілетін сараптамалардың тиісті оң қорытындыларының негізінде бюджеттік кредиттің мөлшері туралы ақпарат келтірілген "Негізділік" тарауы;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 тіркелді) айқындалған өлшемдерге сәйкес мамандандырылған ұйымның кредит төлеу қабілеттілігіне талдау келтірілген "Кредит төлеу қабілеттілігі" тарауы.

Қорытындыға "Құжаттар" деген 1-қосымша:

1) экономикалық сараптама жүргізу кезінде назарға алынған құжаттар мен материалдар тізбесін:

экономикалық сараптама жүргізу үшін қарауға ұсынылған құжаттарды;  
нормативтік құқықтық актілерді;

2) ұсынылған құжаттардың құрамы мен мазмұнына ескертулерді қамтиды.

**Ескерту. 182-47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-48. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган Қорытынды түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қорытындыны ескере отырып, бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша құжаттар топтамасын қарайды және олар бойынша экономикалық қорытынды дайындайды.

Бюджеттік кредиттің ҚЭН-і бойынша экономикалық қорытындыны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган осы Қағидаларға 49-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындайды.

**Ескерту. 182-48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.03.2021 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-49. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік кредиттің орындылығы туралы экономикалық қорытындысын алу нәтижесі бойынша ББӨ бюджеттік жоспарлау жөніндегі тиісті орталық уәкілетті немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджетті қалыптастыру (нақтылау) шеңберінде бюджеттік өтінім құрамында бюджеттік кредит бойынша экономикалық қорытындыны енгізеді.

7-параграф. Бюджеттік кредиттеудің ТЭН-ін не ҚЭН-ін түзету тәртібі

182-50. Бюджеттік кредиттеудің ТЭН-ін не ҚЭН-ін түзету техникалық шешімдерді өзгертуге және қосымша шығыстарға алып келетін бюджеттік инвестициялық жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлері өзгерген жағдайда жүргізіледі.

182-51. Бюджеттік кредиттеудің ТЭН-ін не ҚЭН-ін түзету екі кезеңмен жүзеге асырылады.

Бірінші кезең бойынша:

1) ББӨ бюджеттік кредит берудің ТЭН-ін не ҚЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсыныс әзірлеуі және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

2) тиісті бюджет комиссиясының ББӨ бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынатын құжаттардың негізінде бюджеттік кредиттеудің ТЭН-ін не ҚЭН-ін түзетудің орындылығын айқындау жөніндегі шешімі.

Бірінші кезеңде бюджеттік кредиттеудің ТЭН-ін не ҚЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, қарау және іріктеу процесі осы Қағидалардың 2-тарауында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

182-52. ТЭН-ді не бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-ін түзетудің орындылығы мәселесін тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін ББӨ бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өзгеруі болжанатын техникалық шешімдерді және қосымша шығыстарды көрсете отырып, мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған хат;

2) мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы уәкілеттік берген адамның қолы қойылған және Қазақстан Республикасының заңнамасында ресми құжаттар үшін белгіленген тәртіппен ресімделген, техникалық шешімдерді өзгертудің және қосымша шығыстар көздеудің орындылығын растайтын, тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптамасының қорытындысы;

3) жобаның ерекшелігіне байланысты қажетті сараптамалардың қорытындылары;

4) ТЭН-ді не бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-ін түзету бойынша инвестициялық ұсынысқа мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысы;

5) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатын нысаналы пайдалану тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады;

6) ТЭН-де не бюджеттік кредиттеудің бекітілген ҚЭН-інде аталған көрсеткіштерге қол жеткізу не қол жеткізбеу туралы ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба.

ББӨ тиісті бюджет комиссиясының оң шешімін алған кезде ТЭН-ге не бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-іне тиісті түзетулер енгізеді.

**Ескерту. 182-52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

182-53. Екінші кезең бойынша:

1) ББӨ-нің мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға түзетілген ТЭН-ді не бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-ін ұсынуы;

2) тиісті бюджет комиссиясының түзетілген ТЭН-ді не бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-ін қаржыландыру туралы шешімі.

Екінші кезеңде ББӨ түзетілген ТЭН-ді не бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-ін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган түзетілген ТЭН не бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-і бойынша қаржыландырудың орындылығы мәселесін ұсынылатын мынадай құжаттар негізінде тиісті бюджет комиссияларының қарауына шығарады:

1) өзгеруі болжанатын техникалық шешімдер және қосымша шығыстар көрсетілген, мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік орган – ББӨ-нің бірінші басшысы уәкілеттік берген адамның қолы қойылған өтінім-хаттар;

2) мемлекеттік органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның не мемлекеттік органның бірінші басшысы уәкілеттік берген адамның қолы қойылған және Қазақстан Республикасының заңнамасында ресми құжаттар үшін белгіленген тәртіппен ресімделген техникалық шешімдерді өзгертудің және қосымша шығыстарды көздеудің орындылығын растайтын тиісті саланың уәкілетті органының салалық сараптама қорытындылары;

3) жобаның ерекшелігіне байланысты қажетті сараптамалардың қорытындылары;

4) ТЭН-ді не бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-ін түзету жөніндегі инвестициялық ұсынысқа мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысы;

5) түзетілген ТЭН не бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-і;

6) түзетілген ТЭН-ге не бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-іне оң экономикалық қорытынды;

7) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның атына жіберілген жүргізіліп жатқан түзету туралы хабарлама-хат.

БИЖ ТЭН-ін қайта түзету кезінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның бюджет қаражатын нысаналы пайдалану тұрғысынан жасалған актісі, сондай-ақ егер

жоба бойынша қаржыландыру басталған болса, құжаттар ұсынылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей датасы қойылған бұзушылықтардың жоқ екені туралы актісі ұсынылады;

8) бекітілген ТЭН-де немесе бюджеттік кредиттеудің ҚЭН-інде аталған көрсеткіштерге қол жеткізу не қол жеткізбеу туралы ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба.

**Ескерту. 182-53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8-параграф. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешу үшін бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау тәртібі

182-54. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге бюджеттік кредиттеу бюджетаралық кредиттеу шеңберінде жүзеге асырылады.

182-55. Мемлекеттің әлеуметтік саясат міндеттерін шешуге бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің тиісті құжатын келісу немесе бюджеттік кредит беру арқылы қаржыландыруға жоспарланған іс-шараларды көздейтін осы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы, жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырылады:

1) бюджеттік кредит беру есебінен қаржыландыруға ұсынылатын шығыстар түрлері мен іс-шаралар бойынша есептеулердің;

2) жобаны іске асыру мақсатында бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау үшін:

жобаны жүзеге асыруға арналған шығындардың көлемін растау;

тиісті салада, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту есебінен іске асырылатын жобаларды қаржыландыру көздерін талдау;

кредит беру шарттарын негіздеу (оның ішінде мерзімі, сыйақы мөлшерлемелері, кредит сомасы және оны өтеу кестесі);

соңғы қарыз алушыларға кредит беру шарттарын негіздеу (мұндай болған жағдайда) негіздейтін ақпараттың;

3) түсіндірме жазбаның және саланы дамыту басымдықтарына сәйкестігі, сондай-ақ бюджеттік кредит беру арқылы іс-шараларды іске асырудың оңтайлы нұсқасының таңдалуы тұрғысынан тиісті салалық сараптама қорытындысының негізінде жүзеге асырылады. Объектіні пайдалануға беруге жұмсалған шығындар болған жағдайда, тиісті салалық сараптаманың қорытындысында ақпаратты көрсету қажет;

4) ТЭН-ін әзірлеуді талап ететін құрылыс қызметін көздейтін іс-шаралар болған жағдайда, техникалық-экономикалық негіздемеге ведомстводан тыс

кешенді сараптаманың тиісті сараптама қорытындысы, оның ішінде техникалық шарттар бойынша құжаттардың көшірмелері (қажет болса, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың залалдарын алып қойылатын алқаптардың түріне байланысты ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісі шығындарының есептеулерін қоса) және жұмыс істеп тұрған объектілерді реконструкциялауды болжайтын жобалар бойынша жылжымайтын мүліктің тиісті құқық белгілейтін құжаттарының көшірмелерін қоса ТЭН-ні ұсынылады.

**Ескерту. 182-55-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-56. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатының жобасы, сондай-ақ бюджеттік кредиттеу арқылы қаржыландыруға жоспарланған іс-шаралар көзделетін осы мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, бюджет комиссиясына шығарылуға тиіс.

**Ескерту. 182-56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

182-57. Осы Қағидалардың 182-3-тармағының қағидаттарына сәйкес келмейтін іс-шараларға бюджеттік кредиттер берілмейді.

#### **4-тарау. Бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау жүргізу тәртібі**

**Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **1-параграф. Жоспарлау кезеңінде бюджеттік инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізу тәртібі**

183. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тиісінше мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (он) күніне дейін осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық тасығышта мынадай ақпаратты көрсете отырып, іріктелген инвестициялық ұсыныстардың тізбесін ұсынады:

- 1) БИЖ-дің атауы;

- 2) инвестициялық ұсынысты енгізген ББӘ-нің атауы;
- 3) БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оған қажетті сараптамалар жүргізуге қажетті (бөлінген) ақша қаражатының мөлшері;
- 4) БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оған қажетті сараптамалар жүргізу кезінде игерілген ақша қаражатының мөлшері;
- 5) БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оған қажетті сараптамалар жүргізу мерзімдері;
- 6) БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оған қажетті сараптамалар жүргізу барысы туралы ақпарат.

**Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 22.02.2024 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға мониторинг жүргізу тәртібі**

184. БИЖ-ді іске асыру мониторингі нақты алынатын нәтижелерді БИЖ-ді тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында ықтимал ауытқуларды уақтылы анықтау үшін экономикалық қорытындыға/инвестициялық ұсынысқа/БИЖ ТЭН/Инвестициялардың ҚЭН сәйкес есепті күнге жоспарланған нәтижелермен салыстыру жолымен жүргізіледі.

ББӘ БИЖ-дің іске асырылу мониторингінің қорытындылары бойынша жылдық есептің нәтижелерін қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға МЖАЖ арқылы ұсынады.

**Ескерту. 184-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

185. БИЖ-ді іске асыруға мониторинг мыналарды көздейді:

- 1) БИЖ-дің іске асырылу барысы туралы ақпаратты жинау;
- 2) нақты қол жеткізілген сандық нәтижелерді экономикалық қорытындыда/инвестициялық ұсыныста /БИЖ ТЭН/ЖСҚ/ көрсетілген көрсеткіштермен салыстыру жолымен әрбір уақыт аралығындағы қол жеткізілген нәтижелер мен шығындарды талдау;
- 3) БИЖ-ді мониторингілеу нәтижелері туралы есепті (бұдан әрі – мониторинг бойынша есеп) дайындау.

Нақты көрсеткіштердің бұрын жоспарланғандардан (жоспар-кесте бойынша) ауытқуы анықталған БИЖ бойынша БИЖ-ді тиімді іске асыру жөнінде ұсынымдар мен шаралар қалыптастырылады.

Ескерту. 185-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

186. Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын республикалық БИЖ-ді және жергілікті БИЖ-ді іске асыру мониторингін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

Жергілікті БИЖ-ді іске асыру мониторингін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есептері негізінде жүзеге асырады.

Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері республикалық және жергілікті БИЖ-ді іске асыру мониторингі бойынша есептерді мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстарында тоқсан сайын жариялайды.

Ескерту. 186-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

187. БИЖ-ді дайындау мен іске асырудың жоспар-кестесі әрбір жоба бойынша есептік көрсеткіштерді айқындайтын құжат болып табылады және оны республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындайды.

Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

188. Жоспар-кестеде есепті жылдың басталуына дейінгі кезеңге, ағымдағы жылға арналған нақты көлемдер және келесі үш жылға арналған болжамды көлемдер де көрсетіледі.

Жоспар-кесте бекітілген БИЖ ТЭН-інің және мақұлданған бюджеттік өтінімнің негізінде қалыптастырылады, ал ТЭН әзірлеуді талап етпейтін жобалар бойынша ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған БИЖ бойынша инвестициялық ұсыныс не ЖСҚ, сондай-ақ мақұлданған бюджеттік өтінім жоспар-кестені дайындаудың негізі болып табылады.

Жоспар-кестеде жобаны іске асыру кезеңі тиісті бюджет комиссиясы мақұлдаған бюджеттік өтінімге сәйкес көрсетіледі.

Жоспар-кестеге, мониторинг бойынша есепке енгізілген жобалар тізбесі тиісті қаржы кезеңіне арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру

немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың қаулыларымен бекітілген жобалар тізбесіне сәйкес келеді.

**Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.07.2019 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

189. Республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын БИЖ-ді іске асыру мониторингі жөніндегі есепте орындалған жұмыстардың нақты және жоспарлы көлемі және БИЖ бойынша қаржы қаражатын игеру сомалары туралы ақпарат қамтылады және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тоқсан сайынғы негізде 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті тоқсаннан кейінгі 10 (оныншы) күнге дейін дайындайды осы Қағидаларға

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тоқсан сайынғы негізде есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1 (бір) күніне дейін БИЖ-дің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Бұл ретте мониторинг бойынша есептің жоспарланған көрсеткіштері жоспар-кестенің көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

**Ескерту. 189-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

190. БИЖ-ді мониторингілеу бойынша жиынтық анықтама осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындалады.

191. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қажетті ақпаратты тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оны) күніне дейін қазақ және орыс тілдерінде электрондық жеткізгіште дайындайды және мыналарды:

1) осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларды дайындау және іске асыру жоспар-кестесін;

2) осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның паспортын қамтиды.

**Ескерту. 191-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

192. Тоқсан қорытындылары бойынша облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінен қаржыландырылатын орталық

мемлекеттік органдардың және атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметінің БИЖ-ді іске асыру сатысында ықтимал бұзушылықтарды анықтау мақсатында объектілерге бару құқығы бар.

**Ескерту. 192-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

193. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын жергілікті БИЖ-дер бойынша жылдық мониторингті қазақ және орыс тілдерінде жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 наурызынан кешіктірмей тиісті орталық мемлекеттік органға ұсынады.

**Ескерту. 193-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

194. Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын республикалық БИЖ және жергілікті БИЖ бойынша жылдық мониторингті республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қазақ және орыс тілдерінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

**Ескерту. 194-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

195. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын БИЖ-ді іске асыру барысы туралы жылдық мониторингті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган қазақ және орыс тілдерінде дайындайды және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері БИЖ-ді іске асырылуының жылдық мониторингін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін ұсынады.

Жиынтық ақпарат мыналарды:

1) жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын БИЖ туралы ақпаратты;

2) аяқталған және жалғастырылатын жобалар, әзірленетін ЖСҚ саны бойынша ақпаратты;

3) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет қаражаты және облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер

есебінен қаржыландырылатын БИЖ тізбесі, қаржыландыру жоспарының сомалары, іс жүзінде атқарылуы, аяқталған жобалардың саны, сомалары және игерілмеу себептері туралы ақпаратты қамтиды.

Ескерту. 195-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

196. Ішкі бақылау қызметінен анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты алған орталық атқарушы органдар мен жергілікті атқарушы органдар қабылданған шаралар және проблемаларды шешу тәсілдері туралы ақпаратты мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына ұсынады.

197. ББӘ республикалық БИЖ-ді, жергілікті БИЖ-ді, сондай-ақ тиісті бюджетті жоспарлау (нақтылау) кезінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын жобалардың іске асыру мониторингі нәтижелерін БИЖ-ді іске асырудан экономикалық және әлеуметтік қайтарымдылықтың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша ағымдағы жағдай туралы ақпаратты ескере отырып пайдаланады.

Бюджеттік бағдарлама басшысы республикалық және жергілікті БИЖ-ді іске асыру мониторингін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Қағидалардың 189, 191, 193 және 194-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде жүргізуді және оның нәтижелерін уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 197-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-параграф. Бюджеттік инвестициялардың, оның ішінде бюджеттік инвестициялық жобалардың және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын бағалау тәртібі**

Ескерту. 4-тараудың 3-параграфының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

198. БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау БИЖ мен Инвестицияларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында ықтимал ауытқуларды уақтылы анықтау үшін нақты алынатын нәтижелерді есепті күнге жоспарланғандармен салыстыру арқылы жүргізіледі.

БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мониторингінің қорытындылары бойынша жылдық есеп негізінде жүзеге асырады.

**Ескерту. 198-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

199. БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау объект пайдалануға енгізілгеннен және/немесе сәйкесінше ҚЭН-де көзделген іс-шаралар аяқталғаннан кейін келесі жылы жүргізіледі.

Егер БИЖ белгіленген мерзімдерде пайдалануға енгізілмеген жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері БИЖ-дің іске асырылуын бағалау бойынша ақпаратты кейінгі жылдары объекті пайдалануға берілгеннен соң мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Егер ҚЭН-де көзделген іс-шаралар белгіленген мерзімдерде аяқталмаған жағдайда, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты кейінгі жылдары ҚЭН-де көзделген іс-шаралар аяқталғаннан соң ұсынады.

Бұл ретте республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері объектіні уақтылы пайдалануға бермеудің және ҚЭН-де көзделген іс-шаралардың уақтылы аяқталмауының себептері туралы ақпаратты мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

**Ескерту. 199-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

200. БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау мыналарды:

1) ББӘ-ден осы Қағидаларға 27 және 31-қосымшаларға сәйкес бюджеттік инвестицияларды дайындау мен іске асырудың жоспар-кестесін және жобаның паспортын қамтитын ақпарат жинауды;

2) БИЖ және Инвестициялардың қол жеткізілген тікелей нәтижелерін (өнім шығару, қызмет көрсету) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында және/немесе БИЖ ТЭН/Инвестициялардың ҚЭН/инвестициялық ұсыныста көзделген көрсеткіштермен салыстыру арқылы оларды талдауды;

3) БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау бойынша жиынтық есепті дайындауды көздейді.

Нақты көрсеткіштердің Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында және/немесе БИЖ ТЭН-інде және Инвестициялардың ҚЭН-інде бұдан бұрын жоспарланған көрсеткіштерден ауытқуы анықталған БИЖ бен Инвестицияларды тиімді басқару мақсатында жүйелі және жедел шаралар бойынша ұсынымдар қалыптастырылады.

**Ескерту. 200-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

201. БИЖ-дің іске асырылуына бағалау жүргізу үшін ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай есептілік құрамында ұсынылады:

1) осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік инвестицияларды дайындау және іске асыру жоспар-кестесі;

2) осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар мен республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын жобалардың іске асырылу мониторингі бойынша есептер;

3) осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес жоба паспорты;

4) осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараларды іске асыру мониторингі бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есептері.

**Ескерту. 201-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

202. БИЖ және инвестицияларды іске асыру барысы туралы есеп тоқсан сайынғы мониторинг негізінде әзірленеді және БИЖ іске асырудан және инвестицияларды жүзеге асырудан есепті кезеңде ұзақ мерзімді экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерге қол жеткізуді ескере отырып, өнімнің (көрсетілетін қызметтердің) нақты және жоспарлы көлемі туралы ақпаратты қамтиды және орталық және жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік бағдарламалардың әрекет етуші әкімшілері электрондық жеткізгіште мыналарға сәйкес нысан бойынша ұсынады осы Қағидаларға 36-қосымшаға мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органға.

БИЖ және инвестицияларды іске асырудан түсетін экономикалық және әлеуметтік табыстың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі ақпарат Инвестициялық ұсыныста және/немесе Қазақстан Республикасы Мемлекеттік органдары тиімділігінің түйінді көрсеткіштеріне байланыстырылған көрсеткіштер негізінде дайындалады.

Ескерту. 202-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.08.2023 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

203. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

204. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

205. Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей тиісті орталық мемлекеттік органға қазақ және орыс тілдерінде ұсынады.

Ескерту. 205-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

206. Республикалық БИЖ-дің және Инвестициялардың және республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ретінде әрекет ететін тиісті орталық уәкілетті орган электрондық жеткізгіште жылына бір рет, жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 маусымынан кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Жергілікті БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ретінде әрекет ететін тиісті жергілікті уәкілетті атқарушы орган электрондық жеткізгіште жылына бір рет, жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 маусымынан кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 206-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

207. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208. Республикалық БИЖ-дің және Инвестициялардың және республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын

жергілікті БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу кезінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдың 5 маусымына дейінгі мерзімде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 36) тармақшасына сәйкес БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаны тартады.

**Ескерту. 208-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

209. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізеді және ақпаратты есепті жылдан кейінгі жылдың 10 шілдесіне дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде ұсынады.

**Ескерту. 209-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

209-1. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидалардың 206-тармағына сәйкес республикалық БИЖ-дің және Инвестициялардың және республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ретінде әрекет ететін тиісті орталық уәкілетті органдардан алғаннан кейін БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға есепті жылдан кейінгі жылдың 5 маусымынан кешіктірілмейтін мерзімде электрондық жеткізгіште ұсынады.

**Ескерту. 3-параграф 209-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

210. БИЖ-дің іске асырылуына бағалау жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен қажетті ақпаратты дербес сұратады және алады.

БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі есеп Қазақстан Республикасының Үкіметінен қайтарылған және/немесе оны пысықтау қажет болған жағдайда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсыныстарын есепке ала отырып есепті жояды және пысықтайды.

Ескерту. 210-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

211. Республикалық БИЖ-дің және Инвестициялардың және республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі жиынтық есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне есепті жылдан кейінгі жылдың 10 тамызына дейін ұсынады.

Жергілікті БИЖ-дің және Инвестицияларды іске асырылуын бағалау жөніндегі жиынтық есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жыл сайын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктеріне есепті жылдан кейінгі жылдың 25 шілдесіне дейін ұсынады.

Ескерту. 211-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

212. БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау деректерінің негізінде ағымдағы және болжанатын әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалды ескере отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне және жергілікті атқарушы органдарға БИЖ-ді және Инвестицияларды тиімді жүзеге асыру шараларын іске асыру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізе алады.

Ескерту. 212-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **4-параграф. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына мониторинг жүргізу тәртібі**

213. Инвестициялардың мониторингі тұрақты және жүйелі түрде ақпарат жинау, Инвестициялардың тиімділігін қадағалау мақсатында көрсетілген іс-шаралардың түпкілікті іске асырылу сәтіне дейін заңды тұлғалардың акциялар пакетін (қатысу үлесін) сатып алу, бастапқы жарғылық капиталды қалыптастыру жолымен республикалық немесе жергілікті бюджеттен тартылған Инвестицияларды есепке алу мен олардың іске асырылуын талдау болып табылады.

214. Инвестициялар мониторингі мыналарды:

1) республикалық немесе жергілікті бюджеттен тартылған Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның барысы туралы ақпарат жинауды;

2) заңды тұлға Инвестициялар есебінен іске асыратын іс-шаралар нәтижелерінің нақты қол жеткізілген көрсеткіштерін және Инвестициялар ҚЭН-інде және (немесе) мемлекеттік органдардың даму жоспарларында және (немесе) заңды тұлғалардың стратегиялық даму құжаттарында жоспарланған тиісті нәтижелерді салыстыру арқылы әрбір кезеңде қол жеткізілген өткізу көлемдері мен шығындарды, сондай-ақ оларға қол жеткізбеу себептерін талдауды;

3) есепті кезең ішінде орындалған жұмыстардың нақты және жоспарлы көлемдері мен қаржы қаражатын игеру сомасы туралы ақпаратты қамтитын Инвестициялардың іске асырылуын мониторингілеу нәтижелері туралы есеп дайындауды қамтиды.

ББӨ Инвестициялардың іске асырылу мониторингінің нәтижелерін қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға МЖАЖ арқылы ұсынады.

**Ескерту. 214-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

215. Инвестициялар есебінен іс-шараларды іске асыратын квазимемлекеттік сектор субъектісі бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне есепті кезең үшін Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шаралардың іске асырылуын мониторингілеу бойынша есепті (бұдан әрі – квазимемлекеттік сектор субъектісінің есебі) осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, сондай-ақ түсіндірме жазбаны (нақты көрсеткіштердің жоспардағыдан теріс бағытталған ауытқуы жағдайында ауытқуды егжей-тегжейлі негіздей отырып), бір мезгілде соңғы есепті кезең үшін қаржылық есептілікті, квазимемлекеттік сектор субъектісінің стратегиялық даму құжаттарының көшірмелерін ұсынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің есебі ББӨ-ге тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (он) күніне дейін беріледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің есебінде:

- 1) бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы;
- 2) Бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның әрбір кезеңінің құны;
- 3) жарғылық капиталға мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға және заңды тұлғалардың жарияланған акцияларының төлеміне олардың еншілес ұйымдарының жарғылық капиталын ұлғайтуға ақша аудару кезінде акционердің (қатысушының) және директорлар кеңесінің шешімдері бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті куәлігімен расталатын акциялар (бағалы қағаздар) шығарылымын мемлекеттік тіркеу мәліметтері;

- 4) заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу мәліметтері;
- 5) Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның әрбір кезеңін іске асыру кестесі;
- 6) іске асырылуы үшін Инвестициялар жүзеге асырылған Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының деректемелері;
- 7) Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараны қаржыландыру схемасы;
- 8) нысаналы индикаторларға сәйкес Инвестициялардың ҚЭН-де қол жеткізілуі жоспарланған Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның сандық-сапалық көрсеткіштері;
- 9) квазимемлекеттік сектор субъектісінің жауапты орындаушысының деректемелері көрсетіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектісі есебінің әрбір парағына Инвестициялардың мониторингі және олардың іске асырылуы туралы есепті дайындау үшін жауапты заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ондайлар болмаған жағдайда – заңды тұлғаның басшысы не оны алмастыратын тұлға қол қояды.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің есебіне заңды тұлғаның басшысы не оны алмастыратын тұлға қол қояды. Бұл ретте жауапты орындаушы, құрылымдық бөлімшенің басшысы және заңды тұлғаның басшысы ұсынылатын ақпараттың толықтығына және дұрыстығына жауап береді.

216. Есепті тоқсандағы Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шаралардың іске асырылу мониторингі бойынша есепті (бұдан әрі – ББӨ есебі) осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, сондай-ақ түсіндірме жазбаны (нақты көрсеткіштердің жоспардағыдан теріс бағытталған ауытқуы жағдайында ауытқуды егжей-тегжейлі негіздей отырып) ұсынады, бір мезгілде соңғы есепті кезеңдегі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық есептіліктерін, заңды тұлғаларды дамытудың стратегиялық құжаттарының көшірмелерін ұсынады.

217. ББӨ-нің республикалық Инвестициялар және республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын Инвестициялар бойынша есебін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізеді.

ББӨ-нің жергілікті Инвестициялар бойынша есебін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізеді.

ББӨ республикалық және жергілікті Инвестициялардың іске асырылу мониторингі бойынша есептерді мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстарында тоқсан сайын жариялайды.

Ескерту. 217-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

218. ББӘ есебінде:

- 1) бюджеттік бағдарламаның (ішкі бағдарламаның) сипаттамасы;
- 2) Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның әрбір кезеңінің құны ;
- 3) жарғылық капиталға мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға және заңды тұлғалардың жарияланған акцияларының төлеміне олардың еншілес ұйымдарының жарғылық капиталын ұлғайтуға ақша аудару кезінде акционердің (қатысушының) және директорлар кеңесінің шешімі, бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті куәлігімен расталатын акциялар (бағалы қағаздар) шығарылымын мемлекеттік тіркеу мәліметтері;
- 4) заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу мәліметтері;
- 5) Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның әрбір кезеңін іске асыру кестесі;
- 6) іске асырылуы үшін Инвестициялар жүзеге асырылған Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының деректемелері;
- 7) ББӘ тиісті бюджеттік бағдарламасы (ішкі бағдарламасы) бойынша республикалық немесе жергілікті бюджеттен қаражат бөлу туралы ақпарат;
- 8) Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараны қаржыландыру схемасы;
- 9) ББӘ жауапты орындаушысының деректемелері;
- 10) ішкі бақылау қызметімен анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат;
- 11) Инвестицияларды жүзеге асырудан экономикалық және әлеуметтік қайтарымдылықтың ұзақ мерзімді көрсеткіштерге қол жеткізудің ағымдағы жағдайы туралы ақпарат көрсетіледі.

Инвестициялар арқылы іске асырылатын іс-шаралар бойынша есепті тоқсанның әрбір нысан бойынша заттай көрінісінде жоспарланған және нақты өнімдірілген жұмыс көлемі туралы ақпарат беріледі.

Ескерту. 218-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 721 бұйрығымен.

219. Тоқсанның қорытындылары бойынша орталық мемлекеттік органдардың және облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметтері жобаларды іске асыру сатысында ықтимал бұзушылықтарды анықтау мақсатында объектілерге шығады.

Ішкі бақылау қызметінің қорытындысы анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты, сондай-ақ проблемаларды шешу және жою бойынша ұсынымдар мен шараларды қамтиды.

Анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпаратты ішкі бақылау қызметі тиісті органның бірінші басшысына ұсынады.

**Ескерту. 219-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

220. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын Инвестициялардың іске асырылуы бойынша жылдық мониторингті қазақ және орыс тілдерінде, жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірмей тиісті орталық мемлекеттік органға ұсынады.

**Ескерту. 220-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

221. Республикалық Инвестициялар мен республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын Инвестициялардың іске асырылуы бойынша жылдық мониторингті республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

**Ескерту. 221-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

222. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын Инвестициялардың іске асырылу барысы туралы жылдық мониторингті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган қазақ және орыс тілдерінде дайындайды және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

**Ескерту. 222-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

223. Ішкі бақылау қызметінен анықталған бұзушылық фактілері туралы ақпарат алған орталық атқарушы органдар мен жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына проблемаларды шешу тәсілдері мен қабылданған шаралар туралы ақпарат ұсынады.

224. ББӨ Инвестицияларды іске асырудан экономикалық және әлеуметтік қайтарымдылықтың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша ағымдағы жағдай туралы ақпаратты ескере отырып, республикалық Инвестициялардың, жергілікті Инвестициялардың және тиісті бюджетті жоспарлаған (нақтылаған) кезде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын Инвестициялардың іске асырылу мониторингінің нәтижелерін қолданады.

Бюджеттік бағдарлама басшысы республикалық және жергілікті Инвестициялардың іске асырылу мониторингін уақтылы жүргізуді және оның нәтижелерін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе тиісті орталық мемлекеттік органға осы Қағидалардың 220 және 221-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде ұсынуды қамтамасыз етеді.

Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшылары республикалық және жергілікті Инвестициялардың іске асырылу мониторингін уақтылы жүргізуді және оның нәтижелерін осы Қағидалардың 215-тармағында көрсетілген мерзімдерде бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне ұсынуды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 224-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.11.2024 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**5-параграф. Занды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу тәртібі**

Ескерту. 4-тараудың 5-параграфы алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік инвестициялық  
жобаның инвестициялық  
ұсынысын әзірлеу немесе  
түзету, оған қажетті  
сараптамаларды жүргізу,  
сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау,  
қарау, іріктеу, іске асырылуын  
мониторингілеу және бағалау  
және бюджеттік кредиттеудің  
орындылығын айқындау  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**"Инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы"**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.02.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі және іске асыруға ұсынылатын мемлекеттік инвестициялық жоба (бұдан әрі – МИЖ) жөніндегі деректер

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі \_\_\_\_\_

МИЖ атауы \_\_\_\_\_

МИЖ іске асыру көзделген мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларының, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларының, Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің орындаудың атауы (нақты тармақтарға сілтемелер).

Инвестицияларды алушы (болған жағдайда) заңды тұлғаның атауы

МИЖ іске асыру кезеңі (белгісіз болса, жобалап көрсетіңіз):

Іске асырудың ұзақтығы: \_\_\_\_\_ ай

МИЖ іске асырудың басталуы: жыл: \_\_\_\_\_ ай: \_\_\_\_\_

МИЖ іске асырудың болжамды аяқталуы: жыл: \_\_\_\_\_ ай: \_\_\_\_\_

МИЖ-дің пайдаланылу (қызмет ету) кезеңі

МИЖ-дің жалпы құны: \_\_\_\_\_ мың теңге, оның ішінде (қажет жағдайда толтырылады):

Техникалық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеу құны: \_\_\_\_\_ мың теңге

ТЭН түзету құны: \_\_\_\_\_ мың теңге

Объектіні ұстауға арналған жыл сайынғы шығындар, сондай-ақ инвестициядан кейінгі кезең (қаржыландыру көзін көрсете отырып)

МИЖ-ді іске асырылатын жері:

(МИЖ-дің, оның негізгі құрамдауыштарының іске асырылатын жері мен МИЖ бойынша шығындардың өңірлерге бөлінуін көрсетіңіз)

1) Елді мекен (ауыл, аудан, қала, облыс, ел)

2) Баланс ұстаушы\* (қажет жағдайда толтырылады)

3) МИЖ үшін бөлінген жердің болуы\* (қажет жағдайда толтырылады)

иә (жер учаскесі мен сол орында тұрған жылжымайтын мүліктің берілгені жөніндегі шешімнің нөмірі мен күні көрсетіледі);

жоқ (жер учаскесін сатып алу үшін қажетті сома көрсетіледі).

4) инженерлік-көліктік инфрақұрылымның (теміржол магистральдары, автомобиль жолдары, құбырлар, электр-, жылу желілері, су құбырлары, газ құбырлары және басқа да инфрақұрылымның) болуы:

иә (қандай екені көрсетіледі);

жоқ (қосымша қанша шығын қажет екені көрсетіледі)

Ескертпе:

\* жаңа объект құрылған (салынған) жағдайда, болашақ меншік иесі көрсетіледі, реконструкцияланған жағдайда қазіргі меншік иесі көрсетіледі

2. Ретроспектива (МИЖ бойынша бұрын бөлінген және игерілген қаражат туралы, оның ішінде ағымдағы бағдарламалар бойынша ақпарат)

| Атауы                                                                        |        |                    |                  | Инвестициялар жүзеге асырылатын жылдың алдындағы жылдар |       |        |       |        |       |
|------------------------------------------------------------------------------|--------|--------------------|------------------|---------------------------------------------------------|-------|--------|-------|--------|-------|
| Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) нөмірі                          |        |                    |                  | жылы                                                    |       |        | жылы  | жылы   |       |
| Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы                           |        |                    |                  |                                                         |       |        |       |        |       |
| Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) сипаттамасы                     |        |                    |                  |                                                         |       |        |       |        |       |
| Стратегиялық бағыты                                                          |        |                    | нөмірі           |                                                         |       |        |       |        |       |
|                                                                              |        |                    | атауы            |                                                         |       |        |       |        |       |
| Мақсаты                                                                      |        |                    | нөмірі           |                                                         |       |        |       |        |       |
|                                                                              |        |                    | атауы            |                                                         |       |        |       |        |       |
| Міндеті                                                                      |        |                    | нөмірі           |                                                         |       |        |       |        |       |
|                                                                              |        |                    | атауы            |                                                         |       |        |       |        |       |
| Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) сомасы, мың. теңге              |        |                    |                  |                                                         |       |        |       |        |       |
| Бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарламаны) бекітілген нормативтік құқықтық акт |        |                    | түрі             |                                                         |       |        |       |        |       |
|                                                                              |        |                    | қабылданған күні |                                                         |       |        |       |        |       |
|                                                                              |        |                    | нөмірі           |                                                         |       |        |       |        |       |
| Нәтижесі                                                                     | Р/с №  | Нысаналы индикатор | Өлшем бірлігі    | жоспар                                                  | нақты | жоспар | нақты | жоспар | нақты |
| Тікелей нәтиже (сан көрсеткіштері)                                           | 1. ... |                    |                  |                                                         |       |        |       |        |       |
|                                                                              | №      |                    |                  |                                                         |       |        |       |        |       |
| Түпкілікті нәтиже (нәтиже көрсеткіштері)                                     | 1. ... |                    |                  |                                                         |       |        |       |        |       |
|                                                                              | №      |                    |                  |                                                         |       |        |       |        |       |

3. Саланың маркетингтік талдауы

1) объектілерді құру (салу) мен реконструкциялауды, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерін құру мен дамытуды болжайтын МИЖ үшін қаралып отырған өңірде жобада (жобалар) болжанған өнімдерге (тауарларға,

жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) қазіргі кездегі және перспективадағы сұранысты не жобаның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін талдауды көрсетеді.

2) квазимемлекеттік сектор субъектілерін жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту арқылы саланы (салаларды) институционалдық дамытуды болжайтын МИЖ үшін іс-шараларды іске асыру ықпал ететін негізгі көрсеткіштер мен даму серпінін көрсете отырып, іс-шараларды іске асыру болжанатын маркетингтік ортаны талдауды көрсетеді.

4. Іске асырылуы болжанатын МИЖ-дің жалпы сипаттамасы (МИЖ-ді жалпы сипаттау басымдылық тәртібінде жеке (жоба бойынша) баяндалады.

МИЖ-дің мақсаты мен міндеттері:

1) мақсат (мақсат Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген экономика саласын (аясын) дамытудың неғұрлым кең міндеттерін/басымдықтарын көрсетуге тиіс);

2) сандық есептер (жобаның ауқымын анықтауға болатын жобаның сандық өлшенетін есептерін көрсетіңіз. Белгілі бір сандық көрсеткіштерді көрсетіңіз, мысалы, жобалық қуат және басқалар);

3) тікелей және түпкілікті нәтижелер (жобаны іске асыру нәтижесінде оларды алушылар үшін өндірілетін өнімнің/көрсетілетін қызметтің әсері, сондай-ақ бизнес субъектілеріне (оның ішінде шағын және орта бизнеске) әсер ету, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік органдары тиімділігінің түйінді көрсеткіштері негізінде жобаны іске асырудан экономикалық және әлеуметтік қайтарымның ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу).

Жобаның негіздемесі: (осы жобаны іске асыру қажеттілігін негіздеу; жобаны іске асырған жағдайда осы саланың көрсеткіші қаншалықты көтерілетіндігін көрсету).

Ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жобалар үшін:

инвестициялық және пайдалану кезеңдерінде іске асырудың әрбір нұсқасы құнының есептеулері мен негіздемелерін келтіре отырып, кемінде 2 іске асыру нұсқасын көрсетіңіз;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жобаны іске асыру нұсқасын оңтайлы таңдауды негіздеу үшін әрбір нұсқа бойынша ең аз шығындарға талдау жүргізу.

МИЖ сипаттамасы:

(1 және 2-кестеге сәйкес жобаның және оның барлық іс-шаралары мен құрамдауыштар мазмұнын сипаттаңыз)

1-кесте

| Іс-шараларды іске асыру кезеңі мен құны |  |        |        |        |  |
|-----------------------------------------|--|--------|--------|--------|--|
|                                         |  | Кезеңі | Кезеңі | Кезеңі |  |
|                                         |  |        |        |        |  |

| №     | Іс-шаралар мен құрамдауыштар атауы | құны | құны | құны | Жиыны |
|-------|------------------------------------|------|------|------|-------|
| 1.    |                                    |      |      |      |       |
| 1)    |                                    |      |      |      |       |
| 2)    |                                    |      |      |      |       |
| 2.    |                                    |      |      |      |       |
| 1)    |                                    |      |      |      |       |
| 2)    |                                    |      |      |      |       |
| Жиыны |                                    |      |      |      |       |

2-кесте

| №     | Жекелеген құрамдауыштар мен іске асыру кезеңдері | Сандық көрсеткіштер |              |                  |
|-------|--------------------------------------------------|---------------------|--------------|------------------|
|       |                                                  | Өлшем бірлігі       | Жоба бойынша | Құны (мың теңге) |
| 1.    |                                                  |                     |              |                  |
| 1)    |                                                  |                     |              |                  |
| 2)    |                                                  |                     |              |                  |
| 2.    |                                                  |                     |              |                  |
| 1)    |                                                  |                     |              |                  |
| 2)    |                                                  |                     |              |                  |
| Жиыны |                                                  |                     |              |                  |

#### 5. МИЖ-ді институционалдық басқару схемасы

Негізгі қатысушыларды сипаттау, олардың өзара іс-қимыл схемасы, пайдалар мен шығындарды бөлу, инвестициялық және инвестициядан кейінгі кезеңдерде жобаны басқару схемасы, сондай-ақ пайда алушылар (жобаның іске асырылуынан пайда табатын нысаналы топтар мен адамдар санын көрсетіңіз);

#### 6. Әлеуметтік және экологиялық әсері:

(жобаның қоршаған орта мен тұрғындарға әсер етуін қысқаша сипаттаңыз)

Тұрғындардың жұмыспен қамтылуына әсері (жобаның іске асырылуына тікелей немесе жанама қатысатын адамдар санын бағалауды ұсыныңыз).

7. МИЖ-ді қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдері бойынша іске асырудың балама нұсқалары.

Тиісті негізделген есептерді қоса бере отырып, қаржыландырудың мынадай түрлері мен тәсілдері бойынша МИЖ-ді іске асыру мүмкіндігін (мүмкін еместігін) жазыңыз:

1) бюджеттік инвестициялық жоба (көзделген бюджет қаражаты шегінде орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктер мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы, оларға қол жеткізу аталған функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер

көрсететін ұйымның қызметіне толық байланысты болады, теңгерім ұстаушысы тікелей бюджеттік бағдарлама әкімшісі болып табылатын әлеуметтік-экономикалық әсердің болуы);

2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестициялар (көзделген бюджет қаражаты шегінде орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктер мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы, оларға қол жеткізу аталған функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымның қызметіне толық байланысты болады және/немесе Инвестицияларды алушының белгілі бір көлемде және сапада өнім өндіруі);

3) бюджеттік кредит (ақпаратты бюджеттік кредиттеу қағидаттарына сәйкестігі тұрғысынан көрсету, оның ішінде:

бюджеттік кредитті кредит шартына сәйкес өтеу міндеттілігін көздейтін қайтарымдылық;

міндеттемелердің орындалуын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәсілдермен қамтамасыз етудің болуы көзделген қамтамасыз етілу;

бюджеттік кредитті бергені үшін қарыз алушының сыйақы төлеуі көзделген ақылылық;

бюджеттік кредитті беру мерзімін белгілеуді көздейтін мерзімділік);

4) мемлекеттік жекешелік-әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобасы, оның ішінде концессиялық жоба (сәйкестікке қатысты ақпаратты көрсету):

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" және "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген МЖӘ, оның ішінде концессия қағидаттарын сақтау;

жобаны МЖӘ, оның ішінде концессия схемасы бойынша іске асырудың әлеуметтік тиімділігі;

жобаны МЖӘ, оның ішінде концессия схемасы бойынша іске асырудың экономикалық тиімділігі;

МЖӘ, оның ішінде концессия схемасы бойынша ұсынылатын шешімдердің негізделуі);

5) жеке инвестициялар (ақпаратты МИЖ-дің жоғары өтімділігіне сәйкестігі тұрғысынан көрсету).

8. Ақпараттандыру объектісін құруға және дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жоба үшін болжанатын техникалық-технологиялық шешімдердің сипаттамасы мен негіздемесі:

1) жоба ауқымының сипаттамасы және жоба қуатының есептік негіздемесі, жоба қуатын игеру серпіні;

2) технологиялар мен жабдықтарды таңдау негіздемесі, пайдаланылатын жабдықпен технологиялық үйлесімділік, баға-сапа оңтайлы арақатынасы, технологиялар мен жабдықтарды таңдаудың балама нұсқалары, инновациялық жабдықты қолдану, жобада сапа стандарттарын пайдалану туралы ақпарат;

3) жобаның құрамдауыштары бойынша қаржыландыруды бөле отырып, жобаны іске асыру кестесі (оның ішінде технологиялық кезеңдер бойынша);

4) автоматтандырылған функциялар, процестер және оларды тұтынушылар тізбесі (use-case схемасы);

5) телекоммуникация схемасы және байланыс арналарына қойылатын талаптар, жобаның ауқымы мен қуатының сандық көрсеткіштері негізінде есептеу қуаттары мен сақтау көлемдеріне және есептеу құралдарының санына қойылатын талаптардың негіздемесі;

6) жүйе архитектурасының, жүйе құрамдауыштарының және олардың өзара байланысының жалпы сипаттамасы;

7) жобаны іске асыру нәтижесінде өзекті болмай қалуы мүмкін мемлекеттік ақпараттандыру объектілерін және олардың құрамдауыштарын көрсету;

8) сыртқы ақпараттық жүйелермен интеграцияны көрсету;

9) ақпараттық қауіпсіздік талаптарын көрсету.

Инвестициялық ұсыныстың осы бөлімінде салыстырмалы талдау жүргізілетін және таңдап алынған нұсқаның негіздемесі ұсынылатын жобаның мақсатына және нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізудің кемінде екі ықтимал нұсқасы көрсетіледі.

Байланысатын адамның деректемелері

Тегі, аты, әкесінің аты

(болған жағдайда): \_\_\_\_\_

Лауазымы: \_\_\_\_\_

Бөлімше/ұйым: \_\_\_\_\_

Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Байланыс телефоны: \_\_\_\_\_

Электрондық пошта: \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны (болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, қолы

## Нысан

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі \_\_\_\_\_  
(Атауы және код)

[illegible]

|                                                                                                      |  |     |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-----|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
|                                                                                                      |  | 1.  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                                                                      |  | 2.  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                                                                      |  | ... |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                                                                      |  | 1.  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                                                                      |  | 2.  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                                                                      |  | ... |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің әзірленуі жоспарланған инвестициялық жобалары (5 жыл ішінде) |  |     |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                                                                      |  | 1.  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                                                                      |  | 2.  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                                                                      |  | ... |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                                                                      |  | 1.  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                                                                      |  | 2.  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                                                                      |  | ... |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |

Ескертпе:

"Іс-шаралардың/компоненттердің атаулары" бағанасында жобаның іс-шаралар атаулары көрсетіледі. Тараулардың саны және атаулары қаржылық-экономикалық негіздемеде (республикалық немесе жергілікті бюджет, Қазақстан Республикасы Ұлттық фонд қаражаты қаржыландыру көздері болған жағдайда) немесе заңды тұлғалардың даму жоспарында (қарыз немесе меншікті қаражат қаржыландыру көзі болған жағдайда), көрсетілген және жобаның активтерін сатып алуды қарастыратын іс-шаралардың саны мен атауларына сәйкес болу керек.

"Қатысушылардың (инвестицияны алушы) атаулары" бағанасында қаражат бөлінген/бөлініп отырған/бөлінетін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, сондай-ақ инвестициялардың соңғы алушыларының атаулары көрсетіледі.

"Жобаның құны (мың теңге)" бағанасында барлық қаржыландыру көздерін есепке алып жобаның жалпы құны көрсетіледі.

"Қаржыландыру көзі (мың теңге)" бағанасында қаражат бөлінген/бөлініп отырған/бөлінетін шенберінде тиісті қаржыландыру көзі бағанасында қаражат көрсетіледі.

"Құрылыс (инвестициялық) кезең" бағанасында инвестициялық жобаны іске асыру/құру мерзімі көрсетіледі.

"Қолданыс (постинвестициялық) кезең" бағанасында инвестициялық жобаны қолдану мерзімі көрсетіледі.

Мемлекеттік инвестициялық  
жобаның инвестициялық  
ұсынысын әзірлеу немесе  
түзету, оған қажетті  
сараптамаларды жүргізу,  
сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау,  
қарау, іріктеу, іске асырылуын  
мониторингілеу және бағалау  
және бюджеттік кредиттеудің  
орындылығын айқындау  
қағидаларына  
2-қосымша

1-кесте

**"Жобаның қаржылық-экономикалық моделінің базалық параметрлері" нысаны**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| P/c № | Параметрдің атауы                     | Параметрдің мәні | Негіздеме |
|-------|---------------------------------------|------------------|-----------|
| 1     | 2                                     | 3                | 4         |
| 1     | Жобаның жалпы құны                    | мың теңге        |           |
| 2     | Инвестициялық кезең                   | жыл              |           |
| 3     | Инвестициялаудан кейінгі кезең        | жыл              |           |
| 4     | Дисконттау мөлшерлемесі коэффициенті) | ( %              |           |
| 5     | Инфляция деңгейі                      | %                |           |
| 6     | С а л ы қ т а р мөлшерлемелері        | %                |           |
| 7     | Амортизациялау нормалары              |                  |           |

Ескертпе:

4-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштері есептемелерінде қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі көрсетіледі.

5-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштері есептемелерінде қолданылатын Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің және/немесе макроэкономикалық көрсеткіштерінің

орта мерзімді болжамына сәйкес инфляция деңгейі көрсетіледі. Бұл ретте келесі инвестициялаудан кейінгі кезең ішінде Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің және/немесе макроэкономикалық көрсеткіштерінің орта мерзімді болжамына сәйкес көрсетілген соңғы жылға арналған инфляция деңгейі қабылданады.

6-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштері есептемелерінде пайдаланылатын қолданыстағы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық мөлшерлемелері көрсетіледі.

7-жолда қаржылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштері есептемелерінде қолданылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес амортизациялау нормалары көрсетіледі.

2-кесте

**"Жобаның іске асырылуының экономикалық тиімділігі көрсеткіштерін есептеу" нысаны**

| №  | Атауы                                                           | Ескертпе (негіздеме) | 1 | 2 | 3 | ... | n |
|----|-----------------------------------------------------------------|----------------------|---|---|---|-----|---|
| 1. | Экономикалық пайдалар                                           |                      |   |   |   |     |   |
| 1) | Тікелей ақша ағындары                                           |                      |   |   |   |     |   |
|    | оның ішінде:                                                    |                      |   |   |   |     |   |
|    | жобаны іске асырудан шоғырландырылған бюджетке түсетін түсімдер |                      |   |   |   |     |   |
| 2) | Жанама экономикалық пайдалар                                    |                      |   |   |   |     |   |
| 2. | Экономикалық шығындар                                           |                      |   |   |   |     |   |
| 1) | Инвестициялық шығындар/Инвестициялық шығындарды өтеу*           |                      |   |   |   |     |   |
|    | Пайдалану шығындары                                             |                      |   |   |   |     |   |

|    |                                                                          |  |  |  |  |  |  |
|----|--------------------------------------------------------------------------|--|--|--|--|--|--|
| 2) | /<br>Операциял<br>ы қ<br>шығындард<br>ы өтеу*                            |  |  |  |  |  |  |
| 3) | Жанама<br>экономикал<br>ы қ<br>шығындар/<br>Басқару<br>үш і н<br>сыйақы* |  |  |  |  |  |  |
| 3. | Т а з а<br>экономикал<br>ық ағын<br>жиыны                                |  |  |  |  |  |  |
| 4. | Т а з а<br>дисконтталғ<br>а н<br>экономикал<br>ық ағын<br>жиыны          |  |  |  |  |  |  |
| 5. | Экономикал<br>ық таза<br>дисконтталғ<br>ан кіріс ( ENPV)                 |  |  |  |  |  |  |
| 6. | Кірістілікті<br>ң<br>экономикал<br>ық ішкі<br>нормасы ( EIRR)            |  |  |  |  |  |  |
| 7. | Өзін-өзі<br>ақтау<br>мерзімі (PP)                                        |  |  |  |  |  |  |

Ескертпе:

Бұл нысан МИЖ қаржыландырудың әрбір тәсілі бойынша жеке толтырылады (бюджеттік инвестициялық жоба ретінде, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар ретінде, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы ретінде, оның ішінде концессиялық жоба ретінде, бюджеттік кредит ретінде, жеке инвестициялар ретінде).

1-тармақтың 1) тармақшасында инвестициялаудан кейінгі кезең ішінде жобаны іске асыруға байланысты барлық ақша түсімдері мен төлемдер көрсетіледі.

1-тармақтың 2) тармақшасында жобаны іске асыруға байланысты барлық пайдалар, оның ішінде барлық инвестициялаудан кейінгі кезең үшін

айқындалатын қосымша әлеуметтік-экономикалық, экономиканың сабақтас салаларындағы (аяларындағы) экологиялық әсерлер көрсетіледі. Барлық пайдалар ақшалай баламасында (мың теңге) келтіріледі.

1-тармақта тікелей ақша ағынының және жанама экономикалық пайдалардың жиынтық құны көрсетілді.

2-тармақтың 1) тармақшасында жобаның құны инвестициялық кезеңдегі барлық ақшалай салымдардың, оның ішінде жобалау-ізвестіру жұмыстарының, жер учаскесін сатып алу немесе жалға алу, оның құрылысқа бөлінуі және игерілуінің құны, аумақты құрылысқа және құрылыс-монтаждау жұмыстарына дайындау бойынша жұмыстардың, жабдықтардың және басқалардың құны ескеріле отырып көрсетіледі.

2-тармақтың 2) тармақшасында объекті пайдалануға енгізілген кезден бастап оны сүйемелдеуге және/немесе ұстауға бағытталған барлық ақшалай шығындар көрсетіледі.

2-тармақтың 3) тармақшасында барлық болжанатын шығындар, оның ішінде пайдалану шығындарын қоспағанда, жобаның іске асырылуының салдарларымен байланысты әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және, экономиканың сабақтас салаларындағы (аяларындағы) шығындар көрсетіледі. Барлық шығындар ақшалай баламасында (мың теңге) келтіріледі.

2-тармақта жобаның инвестициялық және пайдалану шығындарының, жанама экономикалық шығындардың жиынтық құны көрсетіледі.

3-тармақта экономикалық пайда мен шығындардың арасындағы айырмашылық көрсетіледі.

4-тармақта таза экономикалық ағынды мына формула бойынша есептелетін:

$$1 k = \frac{1}{(1+r)^i}$$

коэффициентке көбейту жолымен алынған шамалар көрсетіледі.

r - осы қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген дисконттау мөлшерлемесі;

i - жобаның іске асырылу жылының реттік нөмірі (1-ден n-ге дейін).

5-тармақта 4-тармақта келтірілген таза дисконтталған экономикалық ағынды қосу арқылы алынған шама көрсетіледі.

6-тармақта экономикалық таза дисконтталған кіріс нөлге тең болған кездегі дисконттау мөлшерлемесін табу жолымен алынған шама көрсетіледі.

7-тармақта өзін-өзі ақтау мерзімі мына формула бойынша есептеледі:

$$PP = \min n, \text{ бұл ретте}$$

$$\sum_{i=1}^n$$

$CF_i > IC$ , мұнда:

IC (Invest Capital) - жобадағы бастапқы инвестициялық шығындар;

$CF_i$  (Cash Flow) - таза пайда мен амортизация сомасын білдіретін уақыттың i-кезеңінде жобадан түсетін ақша ағыны.

Ақша ағынын есептеу үшін мына формулаларды қолдану қажет:

$$CF_i = NP + A,$$

немесе

$CF_i = \text{Кіріс} - \text{Операциялық шығыстар} - \text{Салық төлемдері мен қарыз капиталы бойынша төлемдер}$

мұндағы:

A (Amortization) - амортизация, шығындар болып табылмайтын ақша ағынының түрі;

NP (Net Profit) - инвестициялық жобаның таза пайдасы.

\* Керектісін таңдау қажет

Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларына 2-қосымша

2-кесте

**"Жобаның экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін есептеу" нысаны**

Ескерту. 2-қосымшаның 2-кестесі жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| №  | Атауы                                                           | Ескертпе (негіздеме) | 1 | 2 | 3 | ... | n |
|----|-----------------------------------------------------------------|----------------------|---|---|---|-----|---|
| 1. | Экономикалық пайдалар                                           |                      |   |   |   |     |   |
| 1) | Тікелей ақша ағындары                                           |                      |   |   |   |     |   |
|    | оның ішінде:                                                    |                      |   |   |   |     |   |
|    | жобаны іске асырудан шоғырландырылған бюджетке түсетін түсімдер |                      |   |   |   |     |   |
|    |                                                                 |                      |   |   |   |     |   |

|    |                                                          |  |  |  |  |  |  |
|----|----------------------------------------------------------|--|--|--|--|--|--|
| 2) | Жанама экономикалық пайдалар                             |  |  |  |  |  |  |
| 2. | Экономикалық шығындар                                    |  |  |  |  |  |  |
| 1) | Инвестициялық шығындар/<br>Инвестициялық шығындарды өтеу |  |  |  |  |  |  |
| 2) | Пайдалану шығындары /<br>Операциялық шығындарды өтеу     |  |  |  |  |  |  |
| 3) | Жанама экономикалық шығындар/<br>Басқару сыйақысы        |  |  |  |  |  |  |
| 3. | Таза экономикалық ағын жиыны                             |  |  |  |  |  |  |
| 4. | Таза дисконтталған экономикалық ағын жиыны               |  |  |  |  |  |  |
| 5. | Экономикалық таза дисконтталған кіріс (ENPV)             |  |  |  |  |  |  |
| 6. | Экономикалық ішкі кірістілік нормасы (EIRR)              |  |  |  |  |  |  |
| 7. | Өзін-өзі ақтау мерзімі (PP)                              |  |  |  |  |  |  |

Ескертпе:

Бұл нысан МИЖ қаржыландырудың әрбір әдісі бойынша бөлек толтырылады (бюджеттік инвестициялық жоба, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы, оның ішінде концессиялық жоба, бюджеттік кредит, жеке инвестициялар).

1-тармақтың 1) тармақшасында инвестициялықтан кейінгі кезең ішінде жобаны іске асыруға байланысты барлық ақша түсімдері мен төлемдер көрсетіледі.

1-тармақтың 2) тармақшасында жобаны іске асыруға байланысты барлық пайдалар, оның ішінде барлық инвестициялықтан кейінгі кезеңге айқындалатын қосымша әлеуметтік-экономикалық, экономиканың сабақтас салаларындағы (аяларындағы) экологиялық әсерлер көрсетіледі. Барлық пайдалар ақшалай балама түрінде келтіріледі (мың теңге).

1-тармақта тікелей ақша ағынының және жанама экономикалық пайдалардың жиынтық құны көрсетілді.

2-тармақтың 1) тармақшасында инвестициялық кезеңдегі барлық ақшалай салымдардың, оның ішінде жобалау-іздігіру жұмыстарының, жер учаскесін сатып алу немесе жалға алу, оның құрылысқа бөлінуі және игерілуінің құны, аумақтарды құрылыс және құрылыс-монтаждау жұмыстарына дайындау бойынша жұмыстардың, жабдықтардың және басқалардың құны ескеріле отырып, жобаның құны көрсетіледі.

2-тармақтың 2) тармақшасында объекті пайдалануға берілген кезден бастап оны сүйемелдеуге және/немесе ұстауға бағытталған барлық ақшалай шығындар көрсетіледі.

2-тармақтың 3) тармақшасында барлық болжалды, оның ішінде жобаны іске асырудың салдарларына байланысты әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және пайдалану шығындарын қоспағанда, экономиканың сабақтас салаларындағы (аяларындағы) шығындар көрсетіледі. Барлық шығындар ақшалай баламасында келтіріледі (мың теңге).

2-тармақта жобаның инвестициялық және пайдалану шығындарының, жанама экономикалық шығындардың жиынтық құны көрсетіледі.

3-тармақта экономикалық пайда мен шығындардың арасындағы айырмашылық көрсетіледі.

4-тармақта таза экономикалық ағынды мына формула бойынша есептелетін:

$$1 k = \frac{1}{(1+r)^i}$$

коэффициентке көбейту жолымен алынған мәндер көрсетіледі.

r - осы қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген дисконттау мөлшерлемесі;

i - жобаны іске асыру жылының реттік нөмірі (1-ден n-ге дейін).

5-тармақта 4-тармақта келтірілген таза дисконтталған экономикалық ағынды қосу арқылы алынған мән көрсетіледі.

6-тармақта экономикалық таза дисконтталған кіріс нөлге тең болған кездегі дисконттау мөлшерлемесін табу жолымен алынған мән көрсетіледі.

7-тармақта өзін-өзі ақтау мерзімі мына формула бойынша есептеледі:

$PP = \min n$ , бұл ретте  $\sum_{i=1}^n CF_i > IC$ , мұнда:

IC (Invest Capital) - жобадағы алғашқы инвестициялық шығындар;

CF<sub>i</sub> (Cash Flow) - таза пайда мен амортизация сомасын беретін уақыттың *i*-ші кезеңінде жобадан түсетін ақша ағыны.

Ақша ағынының есептеу үшін мынадай формулаларды қолдану қажет:

$$CF_i = NP + A;$$

немесе

CF<sub>i</sub> = Кіріс - Операциялық шығыстар - Салық төлемдері мен қарыздық капитал бойынша төлемдер

мұнда:

A (Amortization) - амортизация, шығындар болып табылмайтын ақша ағынының түрі;

NP (Net Profit) - инвестициялық жобаның таза пайдасы.

\* Керектісін таңдау қажет

Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларына 3-қосымша

### Инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 24.09.2020 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

|    |                            |
|----|----------------------------|
| 1. | Жоба бойынша жалпы ақпарат |
|----|----------------------------|

|     |                                                                                                                                                                                                                                          |
|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.1 | Мемлекеттік инвестициялық жобаның атауы                                                                                                                                                                                                  |
| 1.2 | Жобаның қуаты (өлшем бірлігі)                                                                                                                                                                                                            |
| 1.3 | Іске асырылу кезеңі (жыл)                                                                                                                                                                                                                |
| 1.4 | Пайдаланылу кезеңі (жыл)                                                                                                                                                                                                                 |
| 1.5 | Жобаның іске асырылуын негіздеу (салалық сараптама қорытындысына сәйкес)                                                                                                                                                                 |
| 1.6 | Қаржыландыру тетіктері және көлемі (пайдалануға берілгенге дейінгі барлық шығындар) (мың теңге)                                                                                                                                          |
| 1)  | Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу (түзету) құны (мың теңге)                                                                                                                                   |
| 2)  | Жерді сатып алу құны (мың теңге)                                                                                                                                                                                                         |
| 3)  | Нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мемлекеттік міндеттемелер лимиттерінің шегінде мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мүмкіндігі (жоба мемлекеттік-жекешелік әріптестік ретінде іске асырылған жағдайда)                        |
| 1.7 | Бюджеттік инвестициялық саясаттың басымдықтарына сәйкестігі                                                                                                                                                                              |
| 1.8 | Ұсынылған құжаттаманың болуы                                                                                                                                                                                                             |
| 2.  | Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының ережелеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларына, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына сәйкестігі (құжаттың деректемелерін көрсету) |
| 3.  | Жобаны басқарудың институционалдық схемасы (іске асырылу барысында, сол сияқты инвестициялықтан кейінгі кезеңдегі барлық жобаға қатысушылар туралы ақпарат, олардың өзара іс - қимылдары)                                                |
| 4.  | Түпкілікті нәтиженің өлшенетін (сандық) көрсеткіштерінің болуы                                                                                                                                                                           |
| 5.  | Тәуекелдерді бағалау тұрғысынан жобаны іске асыру мүмкіндігі                                                                                                                                                                             |
| 6.  | Мемлекеттік инвестициялық жоба құнын есептеудің негізділігі                                                                                                                                                                              |
| 7.  | Мемлекеттік инвестициялардың қажеттілігіне байланысты мемлекеттік инвестициялық жобаны іске асыру тетігін басымдықпен таңдау негізділігі                                                                                                 |

Тұжырымдар (Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаның ұсынымын ескере отырып мемлекеттік инвестициялық жобаларды бюджеттен қаржыландырудың ықтимал түрі мен тәсілдерін, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобаны іске асырудың орындылығын айқындау).

Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті

сараптамаларды жүргізу,  
сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау,  
қарау, іріктеу, іске асырылуын  
мониторингілеу және бағалау  
және бюджеттік кредиттеудің  
орындылығын айқындау  
қағидаларына  
3-1-қосымша

## **Мемлекеттік инвестициялық жобаны іріктеу әдістемесі**

Ескерту. Қағида 3-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 16.02.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 24.09.2020 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды іске асыру үшін басқалардың арасында мемлекет үшін негізгі алғышарттар (өлшемшарттар) мынадай факторлардың жиынтығы болып табылады:

1) жоба халық үшін ұзақ мерзімді кезеңге құндылық жасау мақсатында жеке әріптестің (концессионердің) инвестициялар тартуына бағдарланады;

2) жобаның мақсаты көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру болып табылады және жоба кәсіпкерлік субъектілері үшін тартымды болып табылады;

3) әлеуметтік инфрақұрылым мен тіршілікті қамтамасыз етудің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелер (олар қажет болғанда) көлемі жекеше әріптес (концессионер) жобаны іріктеу сатысында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаға немесе концессиялық жобаға тартатын ақша қаражатының, оның ішінде жекеше әріптестің (концессионердің) меншікті немесе меншікті және қарыз ақша қаражатының сомасынан аспауға тиіс.

Бұл ретте, жекеше әріптестің (концессионердің) меншікті немесе меншікті және қарыз ақша қаражатының қатысуы мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісі (концессия объектісі) құнының кемінде жиырма пайызын құрайды;

4) жоба, республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын және концессиялық жобаларды қоспағанда, валюталық тәуекелдерді бюджет есебінен жабуды көздемейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.04.2021 № 48 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз); өзгеріс енгізілді - 13.04.2022 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Бюджет кірістерін ұлғайту, бюджет шығыстарын қысқарту (ұлғайту емес) үшін салықтардың түсімін арттыру призмасы арқылы бюджет қаражатын тиімді басқару мемлекеттің МЖӘ жобаларына қатысуының негізгі өлшемшарттары, яғни, жобалардың бюджет тиімділігінің өлшемшарты, сондай-ақ МЖӘ тетіктері арқылы мемлекеттік инвестициялық жобаны (бұдан әрі – МИЖ) іске асырудың заңнамалық мүмкіндігі болып табылады.

3. Жобаларды алғашқы іріктеу инвестициялар объектісін МЖӘ-ге беру бойынша шектеулердің болмауы, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларға деген қажеттіліктің болу өлшемшарттары сияқты заң өлшемшарттары негізінде жүзеге асырылады.

Егер инвестициялар объектісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 710 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін, оның ішінде концессияға беруге жатпайтын объектілер тізбесіне енгізілсе, онда жобаның бюджеттік инвестициялар арқылы іске асырылуы қаралады.

Мемлекеттік инвестициялардың қажеттілігіне байланысты мемлекеттік инвестициялық жобалар мынадай басымдықпен қаралады:

1) МЖӘ жобасын іске асыру барысында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір көлемін мемлекеттің тұтыну кепілдігін көздейтін жобалардан басқа бюджет қаражаты есебінен ақшалай төлемді талап етпейтін жобаның МЖӘ арқылы іске асырылуы қаралады;

2) бюджет қаражаты есебінен ақшалай төлемді талап ететін жобаның бюджеттік инвестициялар арқылы іске асырылуы қаралады;

3) бюджет қаражаты есебінен ақшалай төлемді талап ететін жобаның МЖӘ арқылы іске асырылуы қаралады.

4. Экономикалық сараптама мынадай екі деңгейден тұрады:

экономикалық сараптаманың бірінші деңгейі МИЖ-дің Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігін, сондай-ақ жобаны іске асыру жеделдігін бағалаудан тұратын "МИЖ-дің басымдығы" деген көрсеткішті бағалау тұрғысынан жүргізілетін болады. Жобаны іске асырудың жеделдігі болған жағдайда жобаны бюджеттік инвестициялар арқылы іске асыру қаралады.

Ойын-сауық қызметтерін көрсетуге, ойын бизнесіне, шаштараз бен косметикалық көрсетілетін қызметтер салондарына, монша-сауықтыру кешендеріне, сауда-ойын-сауық орталықтарына бағытталған жобалар мемлекеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы іске асырылмайды,

қаржы агенттіктеріне бюджеттік кредит беру шеңберінде астананың және республикалық маңызы бар қалалардың аумағында іске асырылатын туристік ауданға немесе кешенге кіретін сауда-ойын-сауық орталықтарын салу жөніндегі жобаларды қоспағанда.

Егер құжаттаманы әзірлеуге және оларға сараптама жасауға жұмсалатын шығындар жобаны іске асыру құнынан жоғары болса, онда МИЖ МЖӘ тетігі арқылы қаралмайды.

екінші деңгей, шығындар мен пайданы талдау әдісімен мынадай формула бойынша бюджет тиімділігінің коэффициентін айқындайды:

$$Кбэ = \left( \sum_j \frac{ДБби_j - РБби_j}{(1+Ст)^j} \right) - \left( \sum_j \frac{ДБгчп_j - РБгчп_j}{(1+Ст)^j} \right), \text{ мұнда:}$$

Кбэ – бюджет тиімділігінің коэффициенті;

ДБби<sub>j</sub> – j кезеңінде бюджеттік инвестициялық жоба не мемлекеттің жарғылық капиталға қатысуы арқылы жобаны іске асырудан мемлекеттік (республикалық, сондай-ақ жергілікті) бюджетке түскен түсімдер;

РБби<sub>j</sub> – j кезеңінде жобаны іске асыруға жұмсалатын қаражат (инвестициялау барысында, сондай-ақ пайдалану барысында);

ДБгчп<sub>j</sub> – j кезеңінде МЖӘ арқылы жобаны іске асырудан мемлекеттік (республикалық, сондай-ақ жергілікті) бюджетке түскен түсімдер;

РБгчп<sub>j</sub> – j кезеңінде МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер;

Ст – дисконттау мөлшерлемесі.

Дисконттау мөлшерлемесінің мәнін инвестициялық ұсынысты әзірлеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемесінің мәніне не Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес болжамды инфляцияның орташа мәніне тең таңдау ұсынылады.

Егер Кбэ > 0 болса, онда МИЖ-ді бюджеттік инвестициялар ретінде іске асыру қаралады;

Егер Кбэ ≤ 0 болса, онда МИЖ-ді ең алдымен МЖӘ жобасы ретінде іске асыру қаралады.

Егер МИЖ-дің бюджет тиімділігі коэффициентінің теріс мәні болса және МЖӘ жобасы арқылы қарау қажеттілігі туындаса, жобаның өтімділік мерзімі мына формула бойынша есептеледі:

$$PP = \min n, \text{ бұл ретте}$$

$$\sum_{i=1}^n$$

$$CF_i > IC, \text{ мұнда:}$$

|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|----------------|-----------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|--------|-------|------------------|--------|-------|-------|----------|-------|--------|-----------|--|
| 3 - бөлім. Іске асыру кестесі, жоспар / нақты мың теңге                                                       | Р/с №   | Іс-шаралар     | Іс-шаралар іске асырылған жыл                                               |                                               |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |
|                                                                                                               |         |                | Қаңтар                                                                      | Ақпан                                         | Наурыз | Сәуір | Мамыр            | Маусым | Шілде | Тамыз | Қыркүйек | Қазан | Қараша | Желтоқсан |  |
|                                                                                                               | 1 кезең |                |                                                                             |                                               |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |
|                                                                                                               | ...     |                |                                                                             |                                               |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |
| 4 - бөлім. Іске асыру үшін бюджеттік инвестициялар жүзеге асырылған Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары | Р/с №   | Құжаттың атауы | Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаты бекітілген нормативтік құқықтық акті |                                               |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |
|                                                                                                               |         |                | Түрі                                                                        |                                               |        |       | Қабылданған күні |        |       |       | Нөмірі   |       |        |           |  |
|                                                                                                               | 1.      |                |                                                                             |                                               |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |
|                                                                                                               | ...     |                |                                                                             |                                               |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |
| 5 - бөлім.                                                                                                    | Бөлінді |                | Барлығы                                                                     |                                               |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |
|                                                                                                               |         |                | олардың                                                                     | есепті жартыжылдықтың алдындағы екі жыл бұрын |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |
|                                                                                                               |         |                |                                                                             | есепті жартыжылдықтың алдындағы бір жыл бұрын |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |
|                                                                                                               |         |                |                                                                             | есепті жартыжылдықта                          |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |
|                                                                                                               |         |                | Барлығы                                                                     |                                               |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |
|                                                                                                               |         |                |                                                                             |                                               |        |       |                  |        |       |       |          |       |        |           |  |

|                           |                                                                                        |         |                                               |                |  |
|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|---------|-----------------------------------------------|----------------|--|
| Бюджеттік ақша, мың теңге | түсім - бірыңғай қазынашылық шоттан Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шотына түскені | олардың | есепті жартыжылдықтың алдындағы екі жыл бұрын |                |  |
|                           |                                                                                        |         | есепті жартыжылдықтың алдындағы бір жыл бұрын |                |  |
|                           |                                                                                        |         | есепті жартыжылдықта                          |                |  |
|                           |                                                                                        |         | Оның ішінде                                   | Құжаттың атауы |  |
|                           |                                                                                        |         |                                               | Аударылған күн |  |
|                           |                                                                                        |         | Құжаттың №                                    |                |  |

|                                                                          |                                                         |       |                                                                                                   |                                      |                        |   |                      |
|--------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|-------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|------------------------|---|----------------------|
| 6-бөлім.<br>Қаржылан<br>ды ру<br>схемасы (<br>есепті<br>жартыжыл<br>дық) | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шотынан аударылғаны |       |                                                                                                   |                                      |                        |   |                      |
|                                                                          | Р/с<br>№                                                | Алушы | Бюджеттік<br>бағдарламалар<br>әкімшісі<br>қаржыландыру<br>жоспары<br>бойыншабюджетных<br>программ |                                      | Іс жүзінде аударылғаны |   |                      |
|                                                                          |                                                         |       | аударылға<br>н күні ( сомасы,<br>айы, жылы мың теңге<br>)                                         | аударылға<br>н күні ( айы, жылы<br>) | құжат<br>атауы         | № | Сомасы,<br>мың теңге |
|                                                                          | 1.                                                      |       |                                                                                                   |                                      |                        |   |                      |
|                                                                          | ...                                                     |       |                                                                                                   |                                      |                        |   |                      |
|                                                                          | n                                                       |       |                                                                                                   |                                      |                        |   |                      |
|                                                                          | Алушының банктік шотынан аударылғаны                    |       |                                                                                                   |                                      |                        |   |                      |

[illegible]

|                                                |                                                                                                                                                                               |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| Тікелей нәтиже                                 | 1. ... п                                                                                                                                                                      |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Түпкілікті нәтиже 8 - бөлім Жауапты орындаушы  | Қол жеткізілген тікелей нәтиженің Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жетекшілік ететін бюджеттік бағдарламамен салануы (аяның , өңірдің ) мақсаттарына қол жеткізуіне әсер етуі |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                | Тегі                                                                                                                                                                          |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                | Аты                                                                                                                                                                           |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Түпкілікті нәтиже 8 - бөлім. Жауапты орындаушы | Лауазымы                                                                                                                                                                      |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                | Мекенжайы                                                                                                                                                                     |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|                                                | Байланыс телефондары                                                                                                                                                          |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Түпкілікті                                     |                                                                                                                                                                               |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |

|                                                |                   |  |
|------------------------------------------------|-------------------|--|
| нәтиж<br>е                                     | Факс              |  |
| 8 -<br>бөлім.<br>Жауап<br>т ы<br>орынд<br>аушы | Электрондық пошта |  |

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электронды пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

\_\_\_\_\_ тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Мөр орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

### **Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанға қосымша**

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмелер

Әкімшілік деректер нысанының атауы:

"Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шаралардың іске асырылуын мониторингілеу бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есебі" (бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы)

(Индексі: Ру-Мониторинг-39 Жиілігі: тоқсан сайын)

1. Осы түсініктеме заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараларды іске асыру мониторингі бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есебінің бюджеттік бағдарламалар әкімшісін жасауға және ұсынуға арналған

2. Құндық мәндегі барлық көрсеткіштер ондық таңбасыз мың теңгемен толтырылады.

3. Есепке бірінші басшы қол қояды. Есеп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органға электрондық және қағаз жеткізгіште ұсынылады.

Бөлімдерде мыналар көрсетіледі:

1-бөлімде бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды, атауы, сипаттамасы; бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) стратегиялық бағытының нөмірі, атауы; бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) нөмірі, мақсатының атауы; бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) мың теңгедегі сомасы, іске асыру кезеңі көрсетіледі;

2-бөлімде акционерлік қоғамдар, серіктестіктер, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша жеке ақпарат ұсынылады, мұнда:

акционерлік қоғамдар бойынша: сатылғанға дейін және кейін бюджеттік инвестицияларды іске асыру есебінен орналастырылған акциялардың саны, данасы; орналастырылған акциялардың бюджеттік инвестицияларды іске асыру есебінен әрбір кезеңдегі құны және барлығы, данасы; акциялар (бағалы қағаздар) шығарылымын мемлекеттік тіркеу мәліметтері көрсетіледі;

серіктестіктер бойынша: жарғылық капиталды мың теңгеге ұлғайту жөніндегі жоспарлы және нақты көрсеткіштер; жарғылық капитал мөлшерінің жоспарлы және нақты көрсеткіштері, барлығы мың теңгеге; қатысушылардан қатысу үлесін % - бен, олардың құнын мың теңгеге, сондай-ақ мемлекеттік меншікке қатысу үлесін % - бен сатып алу жөніндегі жоспарлы және нақты көрсеткіштер көрсетіледі; ақпарат әр кезең бойынша ұсынылады;

мемлекеттік кәсіпорындар бойынша: жарғылық капиталды ұлғайту жөніндегі жоспарлы және нақты көрсеткіштер, мың теңге, жарғылық капиталдың мөлшері бойынша жоспарлы және нақты көрсеткіштер, барлығы мың теңгемен көрсетіледі; ақпарат кезеңдердің әрқайсысы бойынша ұсынылады; заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы мәліметтер де көрсетіледі.

3-бөлімде кезеңдер мен айлар бөлінісінде жоспарланған және нақты іс-шаралар, олар бойынша шығыстар көрсетіледі.

4-бөлімде іске асыру үшін бюджеттік инвестициялар жүзеге асырылған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, олардың атаулары, оның түрін, қабылданған күні мен нөмірін көрсете отырып, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаты бекітілген нормативтік құқықтық акт көрсетіледі.

5-бөлімде барлығы кезеңдер бойынша бөліністе (есепті жартыжылдықтың алдындағы екі жыл және бір жыл үшін және есепті жартыжылдықта) бөлінген бюджеттік ақша көрсетіледі және түсім - Бірыңғай қазынашылық шоттан бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шотына кезеңдер бойынша бөліністе барлығы (есепті жартыжылдықтың алдындағы екі жыл және бір жыл үшін және есепті жартыжылдықта) келіп түскен күні, құжаттың атауы, аударылған күні және № көрсетілген.

6-бөлімде алушыны, аударым күнін (айын, жылын) және бюджеттік бағдарламалар әкімшісін қаржыландыру жоспары бойынша мың теңге сомасын көрсете отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шотынан аударылған

сомалар бойынша ақпарат ұсынылатын қаржыландыру схемасы; нақты аударылған мың теңге сомасы, аударым күні (күні, жылы) бойынша ақпарат көрсетіледі айы, жылы), сондай-ақ нақты аударым бойынша құжаттың атауы мен нөмірі көрсетіледі. Ақпарат бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шотынан және алушының банктік шотынан аударылған сомалар бөлінісінде ұсынылады.

7-бөлімде нәтижелер бойынша ақпарат ұсынылады, оның ішінде тікелей нәтижелер бойынша нысаналы индикатор, оның жылдар бөлінісінде есепті жартыжылдықтың алдындағы екі жылдағы нақты мәндері, сондай-ақ өсу қорытындысымен көрсетіледі; ұқсас ақпарат есепті жартыжылдықтың алдындағы жыл үшін ұсынылады. Есепті жартыжылдық кезеңінде ақпарат жартыжылдықтағы жоспарлы және нақты көрсеткіштер мен өспелі қорытындымен ұсынылады. Түпкілікті нәтижелер бойынша әкімшімен жетекшілік ететін бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) және саланың (саланың, өңірдің) мақсатына қол жеткізуге тікелей нәтиженің әсері бойынша ақпарат ұсынылады.

8-бөлімде жауапты тұлғаның деректері: тегі, аты, лауазымы, мекенжайы, байланыс телефондары, факс, электрондық поштасы көрсетіледі.

Мемлекеттік инвестициялық жобаның  
инвестициялық ұсынысын әзірлеу  
немесе  
түзету, қажетті сараптамаларды  
жүргізу, сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау, қарау,  
іріктеу, мониторингілеу  
және іске асырылуын бағалау  
қағидаларына  
40-қосымша

### **"Бюджеттік бағдарлама (ішкі бағдарлама)" нысаны**

Ескерту. 40-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік инвестициялық жобаның  
инвестициялық ұсынысын әзірлеу  
немесе  
түзету, қажетті сараптамаларды  
жүргізу, сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау, қарау,  
іріктеу, мониторингілеу  
және іске асырылуын бағалау  
қағидаларына  
41-қосымша

### **"Қаржылық активтерді сатып алу, жарғылық капиталды ұлғайту" нысаны**

Ескерту. 41-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік инвестициялық жобаның  
инвестициялық ұсынысын әзірлеу  
немесе  
түзету, қажетті сараптамаларды  
жүргізу, сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды  
жоспарлау, қарау, іріктеу,  
мониторингілеу және іске асырылуын  
бағалау қағидаларына  
42-қосымша

### **"Сатып алынған активтердің құны және сипаттамалары" нысаны\***

Ескерту. 42-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік инвестициялық жобаның  
инвестициялық ұсынысын әзірлеу  
немесе  
түзету, қажетті сараптамаларды  
жүргізу, сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау, қарау,  
іріктеу, мониторингілеу  
және іске асырылуын бағалау  
қағидаларына  
43-қосымша

### **"Нәтиже" нысаны**

Ескерту. 43-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік инвестициялық жобаның  
инвестициялық ұсынысын әзірлеу  
немесе  
түзету, қажетті сараптамаларды  
жүргізу, сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау, қарау,  
іріктеу, мониторингілеу  
және іске асырылуын бағалау  
қағидаларына  
44-қосымша

### **"Есепті кезеңдегі бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы туралы есеп" нысаны**

Ескерту. 44-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік инвестициялық жобаның  
инвестициялық ұсынысын әзірлеу  
немесе  
түзету, қажетті сараптамаларды  
жүргізу, сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау, қарау,  
іріктеу, мониторингілеу  
және іске асырылуын бағалау  
қағидаларына  
45-қосымша

**"20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ заңды тұлғалардың жарғылық  
капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды  
бағалау жөніндегі анықтама**

Ескерту. 45-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік инвестициялық  
жобаның инвестициялық  
ұсынысын әзірлеу немесе  
түзету, қажетті сараптамаларды  
жүргізу, сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау,  
қарау, іріктеу, мониторингілеу  
және іске асырылуын бағалау  
қағидаларына  
46-қосымша

**Инвестициялар есебінен іске асырылған іс-шараларды іске асыру тиімділігін  
айқындау критерийлер**

Ескерту. 46-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік инвестициялық  
жобаның инвестициялық  
ұсынысын әзірлеу немесе  
түзету, қажетті сараптамаларды  
жүргізу, сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау,  
қарау, іріктеу, мониторингілеу  
және іске асырылуын  
бағалау, қаржы агенттіктерінің  
мемлекеттік инвестициялық  
саясатты іске асыруға бюджеттік

**"Бюджеттік кредиттер есебінен іске асыру жоспарланатын инвестициялық жобаның тиімділігін талдау" нысаны**

**Ескерту. 47-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663 бұйрығымен.**

1. Қарапайым өзін-өзі ақтау мерзімі (payback period, PBP) – инвестициялық шығындар жабылатын жобаны жүзеге асырудың басынан бастап ең аз уақыт интервалы (инвестициялық сатының басталуы). Мына формула бойынша есептеледі:

$$PBP = \frac{I_0}{\sum_{t=1}^n CF_t}$$

мұндағы:

$I_0$  – нөлдік кезеңдегі инвестициялық шығындардың шамасы;

$n$  – кезеңдер саны;

$CF_t$  –  $t$  кезеңіндегі таза ақша ағымы.

PBP ұсынылатын мәні: егер PBP мәні жобаның ұзақтығынан аз болса жоба тиімді болып саналады.

2. Дисконтталған өзін-өзі ақтау кезеңі (discounted payback period, DPP) – ол өткеннен кейін ағымдағы таза дисконтталған табыс теріс емес болатын және одан әрі солай болып қалатын ең аз кезең ұзақтығы. Мына формула бойынша есептеледі:

$$DPP = \frac{I_0}{\sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t}}$$

мұндағы:

$I_0$  – нөлдік кезеңдегі инвестициялық шығындардың шамасы;

$n$  – кезеңдер саны;

$CF_t$  –  $t$  кезеңіндегі таза ақша ағымы.

$r$  – дисконттау мөлшерлемесі.

Дисконттау мөлшерлемесі мына формула бойынша есептеледі:

$$r = \frac{1}{(1+E)^{n-1}}$$

мұндағы:

$E$  – есептеудің барлық сатысы үшін бірыңғай болып табылатын дисконт нормасы;

$(n-1)$  – бағалау кезеңі мен келтіру кезі арасындағы аралық (жылдардағы).

Ұсынылатын DPP мәні: DPP мәні аз болған кезде жоба қолайлы деп саналады

3. Таза дисконтталған табыс (net present value, NPV) – болжамдау кезеңіндегі инвестицияны іске асыру процесінде жүргізілген кірістер мен шығыстардың дисконтталған ақша ағымының айырмашылығы. Мына формула бойынша есептеледі:

$$NPV = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^{t-1}} - I_0$$

мұндағы:

$n$  – кезеңдер саны;

$CF_t$  –  $t$  кезеңіндегі таза ақша ағымы.

$r$  – дисконттау мөлшерлемесі.

$I_0$  – нөлдік кезеңдегі инвестициялық шығындардың шамасы.

Ұсынылатын NPV мәні: NPV оң мәнінде жоба тиімді деп саналады, NPV мәні теріс болған кезде – жоба қабылданбайды,  $NPV = 0$  – жоба пайда да шығын да әкелмейді.

4. Ішкі кірістілік нормасы (internal rate of return, IRR) – таза келтірілген табыстың оң (немесе, ең болмағанда, нөлдік) мәнін алуды қамтамасыз ететін дисконттаудың пайыздық ставкасы. Мынадай арақатынастан айқындалады:

$$\sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+IRR)^{t-1}} - I_0 = 0$$

мұндағы:

$n$  – кезеңдер саны;

$CF_t$  –  $t$  кезеңіндегі таза ақша ағымы.

$I_0$  – нөлдік кезеңдегі инвестициялық шығындардың шамасы.

Ұсынылатын IRR мәні: компанияның инвестициялық саясатымен айқындалатын талап етілетін рентабельділік нормасынан IRR есептелген мәні төмен болмаса жоба қолайлы деп саналады; дисконт ставкасына тең IRR кезінде,

NPV нөлге тең; IRR капиталды тәуекелсіз жұмсаған жағдайдағыдан артық болуы тиіс инвестор талап етіп отырған капиталға арналған табыс нормасымен салыстырылады.

5. Табыстылық индексі (profitability index, PI) – инвестицияланған қаражаттың бірлігіне арналған табыс сомасын айқындайтын оған жұмсалған қаражатқа жобаның шамамен алғандағы қайтарымдылығы. Мына формула бойынша есептеледі:

$$PI = \frac{\sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^{t-1}}}{I_0}$$

мұндағы:

n – жобаның ұзақтығы;

$CF_t$  – t кезеңіндегі таза ақша ағымы;

r – дисконттау мөлшерлемесі;

$I_0$  – нөлдік кезеңдегі инвестициялық шығындардың шамасы.

Ұсынылатын PI мәні: тиімді жобасы үшін  $PI > 1$ .

Мемлекеттік инвестициялық  
жобаның инвестициялық  
ұсынысын әзірлеу немесе  
түзету, қажетті сараптамаларды  
жүргізу, сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау,  
қарау, іріктеу, мониторингілеу  
және іске асырылуын бағалау,  
қаржы агенттіктерінің мемлекеттік  
инвестициялық саясатты іске асыруға  
бюджеттік кредиттеуді жоспарлау  
қағидаларына  
48-қосымша

## **"Қарыз алушыны талдау" нысаны**

**Ескерту. 48-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663 бұйрығымен.**

1. Қаржылық есептілікті деңгейлес және сатылас талдаудың мақсаты бухгалтерлік баланстың, кірістер мен шығыстар туралы есептің, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің негізгі баптарында болған өзгерістерді ұсынуды білдіреді.

Деңгейлес (уақытаралық) талдау ұйымның деректерін шамамен және абсолюттік түрдегі соңғы екі есепті кезеңдегі деректерін салыстыруды және есептіліктің немесе олардың топтарының жекелеген баптарындағы өзгерістерінің

үрдістерін анықтауды білдіреді. Деңгейлес талдау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15384 болып тіркелген) (бұдан әрі - Қаржы министрінің бұйрығы) қаржылық есептіліктің: "Бухгалтерлік баланс", "Табыстар мен шығындар туралы есеп" және "Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)", "Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)" нысандары бойынша жүргізіледі.

Сатылас (құрылымдық) талдау жалпы қорытынды көрсеткіштегі есептіліктің жекелеген баптарының үлес салмағын айқындауды және алынған нәтижені алдыңғы кезеңдегі деректермен салыстыруды білдіреді. Сатылас талдау Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген қаржылық есептіліктің: "Бухгалтерлік баланс" және "Табыстар мен шығындар туралы есеп" нысандары бойынша жүргізіледі.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.12.2019 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Коэффициенттік талдау компанияның қаржылық есептілігін осындай коэффициенттің нормативтік мәндеріне сәйкестігі (ауытқуы) тұрғысынан қаржылық көрсеткіштерді (коэффициенттерді) жинақтаудың көмегімен зерделеу және олардың серпінінің өзгеруі дегенді білдіреді.

Коэффициенттік талдау жүргізу үшін компанияның қаржылық есептілігінің барлық нысандарынан алынатын деректер қабылданады.

3. Өтімділік коэффициенттері – компанияның қолда бар ағымдағы (айналымдағы) активтерінің есебінен ағымдағы берешектерін өтеу қабілеттілігін айқындау үшін есептелетін қаржылық көрсеткіштер. Бұл ретте компанияның ағымдағы берешектерінің және осы берешектерді өтеуді қамтамасыз етуі тиіс оның айналымдағы қаражатының шамасын салыстыру дегенді білдіреді.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті (current ratio, CR) компанияның қолда бар айналымдағы қаражаты есебінен қысқа мерзімді міндеттемелерін ағымдағы орындау қабілеттілігін сипаттайды. Мынадай формула бойынша есептеледі

$$CR = \frac{CA}{CL}$$

мұндағы:

CA – ағымдағы активтер;

CL – ағымдағы міндеттемелер.

Ұсынылатын CR мәні: 1 – 2. <1 мәні төлем қабілеттілігін жоғалтуы мүмкін екендігін, >4 мәні – қарыз қаражатын пайдаланудың белсенділігінің

жеткіліксіздігі және салдары ретінде, меншік капиталының рентабельділігінің аз екені туралы куәландырады.

4. Меншікті қаражатпен қамтамасыз етілуі коэффициенті (Own Funds Ratio, OFR) оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет компанияның меншікті айналымдағы қаражатының бар екенін сипаттайды. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$OFR = \frac{EC - FA}{CA}$$

мұндағы:

EC – меншікті капитал;

FA – айналымнан тыс активтер;

CA – ағымдағы активтер.

Ұсынылатын OFR мәні: >0,1. Егер есепті кезеңнің аяғындағы коэффициенттің мәні <0,1 болса компания балансының құрылымы қанағаттанарлықсыз, ал компания төлем қабілеті жоқ болып табылады.

5. Рентабельділік коэффициенті – компанияға жұмсалған қаражаттың жалпы тиімділігін бағалауға арналған және шығындардан қайтарымдылық деңгейі мен қаражатты пайдалану дәрежесін сипаттайды.

6. Активтердің рентабельділік коэффициенті (return on assets, ROA) компанияның активтеріне жұмсалған әрбір теңгеге қанша таза пайда келгенін айғақтайды. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ROA = \frac{NI}{TA} * 100\%$$

мұндағы:

NI – таза пайда;

TA – активтердің орта жылдық сомасы.

Ұсынылатын ROA мәні: көрсеткіштің өсіп келе жатқан мәні (серпінде) компания активтерінің пайда туындату қабілеттігі туралы куәландырады.

7. Меншікті капиталдың рентабельділік коэффициенті (return on equity, ROE) компанияның меншікті капиталының бірлігінен алатын таза пайдасын көрсетеді. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ROE = \frac{NI}{EC} * 100\%$$

мұндағы:

NI – таза пайда;

ЕС – меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы.

Ұсынылатын ROE мәні: саласына қарай әртүрлі, сонымен қатар, коэффициент мәнінің жоғарылығы оң бағаланады, өйткені капиталға авансталған әрбір теңгеге келетін таза пайда туралы куәландырады.

8. Қарыз капиталының рентабельділік коэффициенті (degree of financial leverage, DFL) қарыз капиталын пайдалану тиімділігін сипаттайды. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$DFL = (ROA_{EBIT} - WACL P) * (1 - \frac{TRP}{100} * \frac{LC}{EC})$$

мұндағы:

ROA<sub>EBIT</sub> – EBIT бойынша активтердің рентабельділігі;

WACL P – қарыз капиталының орташа өлшемді бағасы (кредит үшін пайыздар ставкасының орташа мөлшері);

TRP – пайдаға салынатын салық мөлшерлемесі;

LC – қарыз капиталының орташа сомасы;

EC – меншікті капиталдың орташа сомасы.

Ұсынылатын DFL мәні: DFL мәні артық болған сайын, қарыз капиталына келетін пайда да арта береді деп пайымдалады.

9. Бюджеттік кредит рентабельділігі коэффициенті (return on investment, ROI) жобаға жұмсалған ақша қаражатының сомасына қайтарымдылықты көрсетеді. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ROI = \frac{NI}{IC} * 100\% = \frac{NI}{EC + LTL} * 100\%$$

мұндағы:

NI – таза пайда;

IC - инвестицияланған капитал;

EC – меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы;

LTL – ұзақ мерзімді міндеттемелер.

Ұсынылатын ROI мәні: коэффициенттің мәні жоғары болған сайын, инвестициялар тиімді пайдаланылады.

10. Төлемге қабілеттілік (ұзақ мерзімді перспективадағы қаржылық тұрақтылық) коэффициенттері компанияның қаржы ресурстарының жағдайын және олардың жол берілетін тәуекел деңгейі жағдайында төлем қабілеттігі сақталған кездегі оның іскерлік белсенділігінің өсуін қамтамасыз ету қабілеттігін сипаттайды.

11. Қаржылық тәуелсіздік қабілеті (equity to total assets, EtTA) авансталған қаржаттың жалпы сомасындағы меншікті капиталдың үлесін сипаттайды. Коэффициенттің мәні артық болған сайын қаржылық жағынан неғұрлым тұрақты және сыртқы кредиторлардан тәуелсіз кәсіпорын. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$EtTA = \frac{EC}{TA}$$

мұндағы:

ЕС – меншікті капитал;

ТА – активтер сомасы.

Ұсынылатын EtTA мәні: бұл көрсеткіш үшін нормативтік мән 0,6 тең.

12. Қаржылық левередж коэффициенті (debt ratio, DR) кәсіпорынның қаржылық тәуекеліне тікелей теңбе тең және кәсіпорынның активтерін қаржыландыру көздеріндегі қарыз қаражатының үлесін көрсетеді.

Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$DR = \frac{LC}{EC}$$

мұндағы:

LC – қарыз капиталы;

ЕС – меншікті капитал.

Ұсынылатын DR мәні: 0,5 - 0,8 диапазонында.

13. Кредиттердің пайдамен қамтамасыз етілу коэффициенті (percentage of loans profit, PLP) кәсіпорынның кредиттер бойынша борыштарын өтеу мүмкіндіктерін бағалау үшін қолданылады. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$PLP = \frac{EBIT + A}{CL + LTL}$$

мұндағы:

EBIT – салықтар мен пайыздарды төлегенге дейінгі пайда;

A – амортизация;

CL – қысқа мерзімді міндеттемелер;

LTL – ұзақ мерзімді міндеттемелер.

Ұсынылатын PLP мәні: көрсеткіш мәнінің өсуі (динамикасында) кредиттеу қабілеттігі жағдайының жақсаруын айғақтайды.

14. Пайыздарды жабу коэффициенті (times interest earned, TIE) ол пайыздар төлеміне қызмет көрсете алатын кәсіпорынның операциялық пайдасын төмендетудің ықтимал дәрежесін көрсетеді. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$TIE = \frac{EBIT}{PP}$$

EBIT – салықтар мен пайыздарды төлегенге дейінгі пайда;

PP – төленетін пайыздар.

Ұсынылатын мәні: >1.

15. Қайтарымдылық коэффициенттері тартылған ресурстарды пайдалану қарқындылығын көрсетеді.

16. Дебиторлық берешектің қайтарымдылық коэффициенті (receivables turnover, RT) бір кезеңнің ішінде орташа есеппен дебиторлық берешектің ақша қаражатына неше рет айналғандығын көрсетеді. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$RT = \frac{NS}{AR}$$

NS – өнімді сатудан түскен пайда;

AR – дебиторлық берешектің орташа жылдық құны.

Ұсынылатын мәні: көрсеткіш мәнінің жоғарылығы. Коэффициенттің төмен мәні дебиторлардан қаражатты өндіріп алудың күрделі екенін айғақтайды, тиісінше компанияға айналым капиталы талап етілуінің артуы туралы куәландырады. Бұл көрсеткіштің мәндерін трендте көрсету маңызды.

17. Кредиторлық берешектің қайтарымдылығы коэффициенті (payables turnover, PT)

$$PT = \frac{NS}{AP}$$

NS – өнімді сатудан түскен пайда;

AP – кредиторлық берешектің орташа жылдық құны.

Ұсынылатын мәні: көрсеткіш мәнінің жоғарылығы. Көрсеткіш мәнінің төмендігі бір жағынан кредиторларға төлеу проблемаларын, екінші жағынан кредиторлармен тиімді қатынастар орналасқандығы туралы айғақтауы мүмкін. Бірінші себептегі нұсқаны болдырмау мақсатында коэффициенттің мәнін серпінінде талдау қажет.

жобаның инвестициялық  
ұсынысын әзірлеу немесе  
түзету, оған қажетті  
сараптамаларды жүргізу,  
сондай-ақ бюджеттік  
инвестицияларды жоспарлау,  
қарау, іріктеу, іске асырылуын  
мониторингілеу және бағалау  
және бюджеттік кредиттеудің  
орындылығын айқындау  
қағидаларына  
49-қосымша

## "Бюджеттік кредиттің ҚЭН бойынша экономикалық қорытынды" нысаны

Ескерту. 49-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.10.2015 № 663; жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.02.2022 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

|    |                                                                                             |                                                                |  |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|--|
| 1. | "Жалпы мәліметтер" бөлімі                                                                   |                                                                |  |
|    | Жоба атауы                                                                                  |                                                                |  |
|    | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы                                                      |                                                                |  |
|    | Кредит шартын жасасатын қаржылық схема қатысушыларының атаулары                             | 1-қатысушы                                                     |  |
|    |                                                                                             | 2-қатысушы                                                     |  |
|    |                                                                                             | n-қатысушы                                                     |  |
|    | Кредитті беру мақсаты                                                                       |                                                                |  |
|    | Жобаның жалпы құны<br>Жылдар бойынша қаржыландыруға бөлумен                                 | 1-жыл                                                          |  |
|    |                                                                                             | 2-жыл                                                          |  |
|    |                                                                                             | n-жыл                                                          |  |
|    | Жобаны қаржыландыру көздері мен нысандары                                                   |                                                                |  |
|    | Бюджеттік кредит беру шарттары                                                              | бюджеттік кредиттің мөлшері (мың теңге)                        |  |
|    |                                                                                             | оларға сәйкес кредит берілетін бюджеттік кредиттеу қағидаттары |  |
|    |                                                                                             | кредит беру мерзімі                                            |  |
|    |                                                                                             | қарыз алушының кредитті игеру кезеңі                           |  |
|    |                                                                                             | жеңілдік кезеңі                                                |  |
|    |                                                                                             | сыйақы мөлшерлемесі                                            |  |
|    |                                                                                             | кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу кезеңділігі           |  |
|    |                                                                                             | кредитті өтеу әдісі                                            |  |
| 2. | "Бюджеттік кредит ҚЭН іс-шараларының бюджеттік кредиттеу өлшемшарттарына сәйкестігі" бөлімі |                                                                |  |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|    | Бюджеттік кредит ҚЭН іс-шараларының "негізділік" өлшемшартына сәйкестігі                                                                                                                                                                                         |  |
|    | Бюджеттік кредит ҚЭН іс-шараларының " мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын өлшемшарттарға сәйкес мамандандырылған ұйымның кредит төлеу қабілеттілігі" өлшемшартына сәйкестігі |  |
| 3. | "Тұжырымдар" бөлімі                                                                                                                                                                                                                                              |  |

Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларына  
50-қосымша  
Нысан

**Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (ББӘ) мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) жобасын іске асыру жолымен мемлекеттік инвестициялық жобаны (МИЖ) іске асыру туралы инвестициялық ұсынысына арналған ұсынымның құрылымы**

Ескерту. 50-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.04.2021 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.